

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

УДК 378.02:32.019

Қолжазба құқығында

ТАСОВА АСЕЛ БАЙМУРЗАЕВНА

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік
креативтілігін қалыптастыру**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор Беркимбаев
Камалбек Мейрбекұлы
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент Ниязова
Гүлжан Жолаушықызы

Шетелдік кеңесші:
Доктор, профессор Yücel Gelişli
Гази университеті,
Анкара

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2018

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМ- ДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру психологиялық-педагогикалық проблема.....	15
1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің мәні мен мазмұны.....	31
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	51
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМ- ДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	72
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мазмұны.....	72
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері.....	85
2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының ұйымдастырылуы және нәтижелері.....	115
ҚОРЫТЫНДЫ.....	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133
ҚОСЫМШАЛАР.....	145

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Назарбаев Н.Ә. «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақала. Астана, 06.01.2016ж. <https://egemen.kz/2016/01/06>

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Н.Ә.Назарбаевтың 2016 жылы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген. Астана, 2016ж. adilet.zan.kz/kaz/docs

Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы. Астана, 2016. -22 б. ҚР БҒМ 09.11.2015ж. №344 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014ж).

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: Өсім, реформалар, даму»Астана, 2015 жылғы 30 қараша.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы Астана, 2014.

2007 жылдың 27 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

«Диссертация мен авторефератты ресімдеу бойынша нұсқаулық». ҚР Жоғары аттестациялық Комитеті. БЖҒМ Алматы, 2004.

ҚР МЖМБС 5.04.019–2008 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». – Астана, 2008. 18 б.

ҚР МЖМБС 5.04.019–2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». - Астана, 2011. 17 б.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

ҚР МЖМБС 3. 08. 002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2004 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2004.-30 б.

ҚР МЖМБС 3. 08. 252-2006 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2006 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2006.-31 б.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

Кәсіптік-білім беру бағдарламасы. ҚР МЖМБС 5.03.007-2006. Негізгі ережелер. 2006. – 8 б.

Білім беру бағдарламасы. ҚР МЖМБС 5.01.021 - 2008. Негізгі ережелер. 2008. – 8 б.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес сілтемелер қолданылған.

Коммуникация – субъектілердің тілдесуі арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас, өзара субъектілік түсінушілік.

Креативтілік – жаңа проблемаларды анық қоюда, айрықша жылдам шешуде маңызды, ерекше стандартты емес ойлаудың жасампаздықпен жарқ етуі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі – оның өзара субъектілік қарым-қатынасындағы жаңа маңызды проблемаларды қоюды және оларды айрықша, жылдам, тиімді шешуді қамтамасыздандыратын кәсіби-тұлғалық сапасы.

Қарым-қатынас – адамдар арасындағы қызмет саласы және әлеуметтік талаптарға сай білім, ой-пікір алмасулар. Қарым-қатынас арқылы адам өз қызметінің белгілі бір мақсаттарын жүзеге асырады.

Креативті ойлау – бұл ерекше идеяларды тудыруға, ойлаудың дәстүрлік сызбасынан ауытқуға, мәселелік жағдайларды тез шешуге қабілеттілік; креативті шығармашылыққа қабілеттің дамуы үшін қажетті ойлаушылық және тұлғалық қасиеттердің жиынтығы.

Дарындылық – іс-әрекеттің жемісті орындалуын ғана емес, «тек және жоғары нәтижені» болжайтын сапалы өте «жоғары» психикалық қабілет.

Шығармашылық сана мен мінез-құлықтағы субъектіні қайта жасау, олармен туылатын және одан өнім шығаруы мүмкін жаңаны тудыруды білдіреді.

Ойлау – бұл өзіне бағытталушылық-зерттеушілік, қайта жасаушылық және танымдық сипаттағы әрекеттер мен операцияларды қосатын жүйені болжайтын теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттің ерекше түрі.

Оқыту технологиясы – бұл оқыту үрдісіне қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып оқытушылар мен курсанттардың өзара іс-әрекет тәсілі туралы ғылым.

Білім беру бағдарламасы – білім беру мазмұны мен оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Мобильді оқыту – мобильді компьютерлік жүйелер мен мобильді қосымшаларды қолдану арқылы оқыту

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҰҚК – ұлттық қауіпсіздік комитеті

БҰҰ – біріккен ұлттар ұйымы

СД – сауаттылық Декадасы

ЖОО – жоғарғы оқу орны

БРЖ – баллдық-рейтингтік жүйе

РҒА – Ресей ғылым академиясы

ТТ – топ типтері

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

ХҚТУ – Халықаралық қазақ түрік университеті

ОҚМУ- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ҚызМУ – Қызылорда мемлекеттік университеті

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі уақытта білім беру саласын әлемдік деңгейге көтеру бүгінгі күннің басты талабы. Ел президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» десе, «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында «... жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі» деп еліміздегі жоғары білім беру саласының алдында тұрған міндеттердің аса биік екендігін атап өтті [1].

Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты кіріктірілген білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен креативті іс-әрекеттер жасай алатын, кәсіби әлеуетті, зияткер ұлт болашағын қалыптастыруды талап етуде. Қазақстан Республикасында заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажеттігін білдіреді. Білім беру жүйесі толыққанды бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағдарланып, жастарды білім беруді ғана емес оны үнемі жаңартуға, толықтыруға, дүниетанымды кеңейтуді қуана құптайтындай, ойлауды жетілдіруге ұмтылдырып, мәдени және рухани құндылықтармен байытуы тиіс.

Бұл міндеттерді нәтижелі жүзеге асыру бүгінгі білім беру жүйесінен жан-жақты кіріктірілген білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен креативті іс-әрекеттер жасай алатын, кәсіби әлеуетті, зияткер ұлт болашағын қалыптастыруды талап етіп отыр. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық даму бағытына сәйкес құрылуы қажеттігін білдіреді.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарысты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс-тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оларды түсіне білуді талап етеді. Өйткені нарықтық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын коммуникативтік әрі креативті адамға» ауыстыруды қажет етіп отыр.

Осыған орай 2017 жылы мемлекетте бекітілген Педагогтың кәсіби стандартында педагогикалық кәсіби құндылықтар «...білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем

мен дәстүрлерге деген көзқарастарына - толеранттілік білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті» деп анықталған [2].

Ал бұл болса, бүгінгі болашақ педагогтардың коммуникативтік құзіреттілігінің маңызды негізін құрайтын коммуникативтік креативтілікті зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Мұны білім берудің төменгі сатысында қызмет ететін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен бастаған дұрыс. Өйткені бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұны бастауыш сыныптан бастап ендіріліп отыр. Осы мақсатта жаңартылған білім беру мазмұнын орта мектепте іске асыру жоғары білім беру орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мазмұнын қайта қарауды, оның мазмұнын жаңа әдістемелермен толықтыруды талап етеді, бұл *біріншіден*. *Екіншіден* мектеп табалдырығын алғаш аттайтын келешек ұрпақтың бүгінгі ұстазы да бастауыш сынып мұғалімдері. *Үшіншіден*, бастауыш сыныпта алынған білім, тәсілінің негізі ұрпақтың болашағын құрайды.

Демек, әлемдік білім беру, бүкіл әлемдік экономикалық, мәдени және ақпараттық кеңістіктегі кірігулер жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері тұлғаралық өзара субъектілік мәселелерді шешуде коммуникативтік креативтілігі жоғары, қоғамның өзекті мәселелерін коммуникативтік қақтығыссыз шешуге даяр болулары тиіс.

Оның үстіне, қарым-қатынас және креативтілік мәселесіндегі түрлі бағытта іске асырылған теориялық және практикалық зерттеулер біртіндеп пәнаралық деңгейге көтеріліп келеді. Қарым-қатынас мәселесіне және тұлғаның әлеуметтік ортадағы мінез-құлқына арналған іргелі зерттеулердің ауқымды көлемде жүргізілуі нәтижесінде коммуникативті креативтілікті, креативтілік пен коммуникативтіліктің қиылысындағы кіріктірушілік мәселе ретінде зерттеу қажеттілігін туындатты.

Қазіргі уақытта оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзекті бағыттары (Б.Баймұқанов [3], А.Е.Әбілқасымова [4], К.К.Жампеисова [5] және т.б.); болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы (В.В.Краевский [6], В.А.Сластенин [7], В.Кузьмина [8], Н.Д.Хмель [9], Ш.Таубаева [10], А.П.Сейтешев [11], Г.Ж.Меңлібекова [12], М.С.Молдабекова [13], К.М.Беркимбаев [14] және т.б.) еңбектерде қарастырылған.

Креативтілік мәселесі бірқатар шетелдік және отандық ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапқан. Оның креативтіліктің жеке бір құрамдарына арналған іргелі зерттеу жұмыстары, атап айтқанда зияткерлік креативтілік (J.Guilford [15], E. Torrance [16], E.E. Туник [17], М.А. Холодная [18] және т.б.); әлеуметтік креативтілік (Н.А. Маневич [19], Е.Ю. Чичук [20]); эмоционалдық креативтілік (И.Н. Андреева [21], Т.Н. Березина [22], Р.Н. Терещенко [23], J.R. Averill [24] және т.б.); лингвистикалық креативтілік (Г.А. Халюшова) [25], лексикалық креативтілік (Т.А.Гридина) [26], педагогикалық креативтілік (А.В.

Морозов Д.В.Чернелевский [27], Е.Е. Щербакова) [28], кәсіби креативтілік (Е.В. Рябова) [29] жан-жақты зерделенген.

Отандық ғалымдар Б.А.Оспанова [30], А.С.Швайковский [31], Қ.М.Нағымжанова [32] болашақ мамандардың креативтілігін қалыптасты-руды қарастырса), Г.Қ.Нұрғалиева [33] студенттердің креативтілігін қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдалануды, И.И.Сагадуллаев [34] болашақ шет тілі мамандарының акме-креативтілігін қалыптастыруды, Т.Г.Галиев [35] білім алушылардың креативтілігін дамытуды, Т.С.Сабыров [36] болашақ мұғалімдерді оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға даярлауды және т.б. зерттеген.

Сондай-ақ, білім алушылардың коммуникативтік диалогтық қарым-қатынасын дамыту (С.М. Жакыпов [37], Б.А.Жетписбаева [38] және т.б.), мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының коммуникациясын қалыптастыру ерекшеліктері (Х.Т. Шеръязданова [39], Н.Б. Жиенбаева [40], Ж.К. Исаева [41] және т.б., жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамыту (Л.А.Шалабаева) [42], жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру (Н.Н.Подобед [43], К.А.Абдреимова [44] және т.б.) мәселелері терең зерделенген.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (А.Т. Чакликова [45], Г.О.Рахимбекова [46], Г.К.Күлжанбекова [47], М.М.Биназарова [48], Л.К.Қарабаева [49], Г.М.Касымова [50], П.А.Құдабаева [51]), оларды шығармашылық әлеуетін дамыту, шығармашылық іс-әрекетке даярлау, (Е.И.Бурдина [52], В.В.Шахгулари [53], Н.А.Гончарова [54], Р.Ш.Сыздықова [55]) мәселелері де зерттеу нысанына алынған.

Коммуникативтік креативтілікті зерттеуде О.В.Лешердің [56] мәдениетаралық коммуникация және коммуникативтік креативтілік мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми мектебінің зерттеу жұмыстары, атап айтқанда қалыпты емес міндеттерді шешу және бірегей идеяларды іске асыру (Д.Б.Богоявленская [57], А.В.Брушлинский [58], А.М.Матюшкин [59], S. Mednich [60]; креативтіліктегі түйсік пен логиканың өзара байланысы (Д.И.Блюменау [61], Р.М.Грановская [62], Я.А.Пономарев [63], П.В.Симонов [64], В.А. Степаносова [65]); коммуникативтік креативтіліктің мотивациялық факторы (А.Маслоу [66], К.Роджерс [67], Э.Шостром [68]); бейімділік сипаттамалары (С.И.Макшанов [69], Н.Ю.Хрящев [70]); ал анықталмағандық жағдайындағы креативтік мінез-құлық (А.Г.Грецов [71], В.Н.Дружинин [72], Е.В.Цуканова [73]); мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік креативтілігінің ерекшеліктері (В.Н.Куницына [74], Э. Ландау [75], Н.В. Мартышкина [76]) және т.б. зерттелген еңбектер біздің диссертациялық зерттеуіміздің теориялық алғышарттарын құрайды.

Сондай-ақ, біз үшін қызығушылық тудыратын еңбектер қатарында Т.Ю.Осипованың [77] техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың психологиялық шарттары, А.А.Голованованың [78] субъектінің коммуникативтік креативтілігін топтық міндеттерді шешуде қалыптастыру, Н.А.Алексееваның [79] болашақ маманның коммуникативтік креативтілігін шетел тілдерін оқытуда, А.В.Сарапулованың

[80] коммуникативтік креативтілікті мәдениетаралық коммуникация жағдайында, О.Н.Вишневскаяның [81] субъектаралық қиын қарым-қатынас үдерісінде дамыту мен Н.К.Абдыгазиеваның [82] жоғары оқу орындары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған зерттеулерді атауға болады.

Бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілері (Қ.Аймағамбетова [83], Б.А.Тұрғынбаева [84], Ш.Х.Құрманалина [85], Ә.С.Әмірова [86], С.Н.Жиенбаева [87], Б.Т.Барсай [88], Қ.А.Сарбасова [89], С.Қ.Абилядина [90] және т.б.); бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуы (Р.К.Бекмағамбетова [91], Қ.Т.Ыбыраимжанов [92], Б.М.Қосанов [93] және т.б.), бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиесі (Ә.М.Мұханбетжанова [94], А.Х.Аренова [95] және т.б.) мәселелері де жан-жақты қарастырылған.

Сондай-ақ, біздің зерттеуімізге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын (Ұ.М.Әбдіғаббарова [96], Б.М.Баймұхамбетов [97]), кәсіби-педагогикалық, технологиялық құзыреттілігін (Г.Т.Абдуллина) [98], ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін (К.Т.Мулдабекова) [99] қалыптастыруды зерттеу еңбектері жақын келеді.

Сонымен шетелдік және отандық әдебиеттерге жасаған талдау нәтижесі қазақстандық психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаның коммуникативтік креативтілік ұғымдарының бірлікте қарастырыла қоймағандығы айқындалды, *бұл біріншіден*, ал *екіншіден* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мәселесінің жан-жақты қырларының зерттелгенімен, олардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығы анықталды.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру барысында қоғамның сұраныстары мен оның зерттелмегені аралығында; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды ұтымды іске асыру керектігі мен оны жүзеге асырудың теориялық-әдістемелік негіздерінің жасалмағандығы арасында *қарама-қайшылықтың* бар екендігі анық байқалады. Осындай қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу мәселемізді анықтауға және тақырыпты «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды теориялық негіздеу және әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру.

Зерттеу нысаны: жоғары педагогикалық оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі

Зерттеу пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалса, коммуникативтік креативтілігінің мәні анықталса, құрылымдық-мазмұндық моделі және әдістемесі жасалып, жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне тәжірибелік-

эксперимент тұрғысынан тиімді ендірілсе, онда олардың мотивациялық, когнитивтік, функционалдық, рефлексиялық компоненттері бойынша креативтілік деңгейі жоғарылайды, өйткені аталған үдерісте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік, тілдік, креативтілік тұлғасының дамуы қамтамасыздандырылады.

Зерттеу міндеттері:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің мәнін анықтау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесін жасау және оны тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің қалыптасуы рухани жаңғыру мен төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы талаптарға сәйкес мемлекетте шығармашыл, зияткерлігі, коммуникативтік қарым-қатынас мәдениеті, креативтілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандардың көбеюіне ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып теория мен практиканың бірлігі туралы философиялық идеялар, таным теориясы, тұлғаның даму мен тұжырымдар, қоғамдық даму құбылыстарын зерделеудегі тұлғалық-әрекеттік қатынас, шығармашылық теориясының қағидалары, жоғары білім беру жүйесіндегі қағидалар, креативтілік, коммуникативтік креативтілік туралы теориялық тұжырымдар табылады.

Зерттеу көздері: философтар, психолог пен педагогтардың ғылыми еңбектері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы қарарлары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселесі туралы нормативті құжаттары мен оқу кешендері (тұжырымдамалар, стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.); шетелдік және қазақстандық педагогтардың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ғылыми мерзімді басылымдар; ізденушінің педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеу жұмысы 3 кезеңге сәйкес жүргізілді.

Бірінші кезең (2015-2016жж.) - қарастырылып отырған проблема зерттеу материалдары жүйеге келтірілді, ғылыми аппарат айқындалды, жоғары оқу орындарының, мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелері жинақталып, қорытыланды, теориялық негіздері анықталды, ғылыми мақалалар даярланып, басылым көрді, тақырып аясында материалдар жиналды.

Екінші кезең (2016-2017жж.) - тақырып бойынша теориялық-әдістемелік негіздерін жасау жалғасын тапты, элективті курс бағдарламасы даярланып, мазмұны айқындалды және оқу модульдері, жеке сабақтар әзірленді. Оқу-әдістемелік құралдар мен электрондық оқу құралы жарық көріп, оқу үдерісіне ендірілді, ғылыми мақалалар даярланып, баспадан шығарылды. Тәжірибелік-

эксперименттің анықтау және қалыптастыру кезеңдері жүзеге асырылды, аралық кесінділер алынды.

Үшінші кезең (2017-2018 жж.) – диссертацияның мазмұны ғылыми мақалаларда жарияланды және семинарларда талқыланды. Тәжірибелік эксперимент барысында алынған қорытынды нәтижелерге талдау және өңдеу жасалды. Зерттеудің нәтижелері жүйеленіп, қорытындыланды. Нәтижелер диссертацияның мазмұнына еңгізіліп, тиісті тұжырымдар жасалып, ұсыныстар берілді. Әдебиеттер жүйеленіп, диссертация талап бойынша рәсімделді.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасау; озық тәжірибелерді зерделеу; әдебиеттердегі, қолданыстағы диагностикалық құралдарды сараптау және қолдану, сауалнама; әңгімелесу; бақылау; тест; педагогикалық эксперимент; зерттеу нәтижелерін қорытындылау.

Зерттеудің базасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мәні анықталды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, оқыту үдерісіне ендірілді: *елективті курстың бағдарламасы: «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру»; оқу құралдары: «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті»; электронды оқу құралдары: «Қарым-қатынас мәдениеті», «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы»; оқу модулі бойынша жеке сабақтар: Педагогика, «Педагогикалық технология және инновация».*

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждерде, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1. Зерттеу проблемасын теориялық тұрғыда негіздеу барысында диссертацияның басты ұғымдары нақтыланды. Біздің тұжырымдауымызша *коммуникация* – субъектілердің тілдесуі арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас,

өзара субъектілік түсінушілік. *Креативтілік* – жаңа проблемаларды анық қоюда, айрықша жылдам шешуде маңызды, ерекше стандартты емес ойлаудың жасампаздықпен жарқ етуі. *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі* – оның өзара субъектілік қарым-қатынасындағы жаңа маңызды проблемаларды қоюды және оларды айрықша, жылдам, тиімді шешуді қамтамасыздандыратын кәсіби-тұлғалық сапасы.

2. Коммуникативтік креативтіліктің құраушылары болып коммуникативтік қарым-қатынас, тілдік мазмұн, креативті ойлау, мінез-құлықтық сапа, зияткерлік іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті және шығармашылық дарындылық табылады.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының *мотивациялық, когнитивтік, функционалдық* компоненттері коммуникативтік креативтілікке қажеттілік түрткісінің болуымен, креативтіліктің феномен және кәсіби тұлғалық сапа тұрғысынан білімдер мен түсініктерінің кеңеюімен, оны іс-әрекетте таныта алу іскерлік, дағдыларымен, өзіндік дамуын қамтамасыздандыра алуымен өлшенеді. Осы өлшемдерге сәйкес көрсеткіштер *пассивтік* (төмен), *эвристикалық* (орта), *креативтілік* (жоғары) деңгейлерді белгілейді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың *мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік* бөлімдерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі аталған қалыптастырудың тиімді жүзеге асуын қарастырады.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесінің *диагностикалық, технологиялық, процессуалдық* кезеңдерінің мазмұны зерттеу барысында айқындалған тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, олардың коммуникативтік, тілдік, креативтік тұлғасы дамуының тиімді жүзеге асуын қамтамасыздандырады.

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен мазмұны халықаралық ғылыми практикалық конференцияларды талқыланды: «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Түркістан, 2016; Қазақ ғылыми психологиясының 100 жылдығына арналған «Психологиялық ғылым мен тәжірибенің қазіргі кездегі даму үрдістері және болашағы» атты VII халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция және қазақ психологиялық қоғамының құрылтай съезі. Алматы, 2017; «Білім мен ғылымның дамуының химия, биология, экология және география бойынша заманауи баыттары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2017; XXVI Международная научно-практическая конференция: «Научные исследования: ключевые проблемы II тысячелетия». Москва, 2018.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 5 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3 - халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 - алыс-жақын шетелдік халықаралық

ғылыми конференцияларда жарияланды. 2 оқу құралы, 2 – электронды оқулық жасалды.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі қағидаларды басшылыққа алуымен, теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының мақсатқа сәйкестілігімен, нәтижелерін өңдеуімен және алынған деректерді талдау қорытындысымен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері атты бірінші бөлімде зерттеу проблемасы қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде «коммуникация», «креативтілік», «коммуникативті креативтілік» ұғымдарының мәні нақтыланады, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалады, коммуникативтік креативтілігінің мәні анықталып сипатталады, құрылымдық-мазмұндық моделі және әдістемесі жасалады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесі атты екінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудағы пәндік оқу бағдарламалары мазмұнының сабақтастығы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мазмұны мен әдіс-тәсілдері сипатталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері баяндалады және ұсынылған әдістеменің тиімділігі практикалық тәжірибеде дәлелденеді.

Қорытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері, ұсыныстар беріледі, зерттеудің перспективалары белгіленеді. Алдағы уақытта оқушылардың коммуникативтік креативтілік әлеуетін дамыту, оқушылардың креативті ойлауын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау, студенттердің коммуникативтік креативтілігін дамытудың интербелсенді әдістерін жобалау және т.б. проблемалар арнайы зерттеу проблемасы болу керектігін қажет етеді.

Қосымшада тәжірибелік-экспериментте пайдаланылған материалдар ұсынылады.

1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру – психологиялық-педагогикалық проблема

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Сондықтан бүгінде білім алушыларға мүмкіндігінше білімнің үлкен қорын беру емес, оның жалпы мәдени, тұлғалық және танымдық дамуын қамтамасыз ету, білімді игеруге дағдыларын арттыру маңызды болып табылады. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Оның үстіне бүгінгі таңдағы қоғам өмірінің барлық саласындағы өзгерістер, қандай саладағы болсын атқарылар істің нәтижеге бағдарлануы еліміздегі білім беру саласына да өз әсерін тигізуде. Жоғары оқу орнындағы білім беру ісі заман талабына сай болу үшін педагогикалық ғылымдардың жетістіктерін өз тәжірибелерінде қолдана білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өзінің кәсіби қызметіне талдау жасап, дамыта алатын мұғалімдер қажет.

Осыған орай жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби жоғары деңгейде даярланған, шығармашылық қабілеті дамыған, алдына қойылған мәселелерді тез әрі сапалы түрде шеше алатын креативті мұғалім тұлғасын қалыптастыру қажет. Креативті білім беру үдерісі білімгерлерге білім берудің әрбір деңгейінде ағымдық шығармашылық әлеуетін дамытуға ғана емес, алдағы уақытта өзін-өзі тануға, шығармашылық өзіндік дамуға, объективті өзіндік бағалауға қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Заманауи білім беру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілігінің қалыптасуына, ал ол өз кезегінде кәсіби құзыреттерді меңгерумен байланысты іске асырылуы тиістігін көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативтілігі білім беру мен тәрбие жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ерекше жаңа идеяларды табу мен оны іске асыруға қабілеттілігі және кәсіби қызметте кездесетін проблемаларды ұдайы оңтайлы шешуге даярлығы ретінде анықталады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға негізделген білім беруді іске асыру қажеттілігі артады.

Өйткені мемлекетте жүріп жатқан терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер жас ұрпаққа, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына білім мен

тәрбие беруді жаңа Қазақстан құру жағдайында жаңаша жүргізуді, рухани және жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруды талап етіп отыр.

Осыған байланысты бастауыш мектептің негізгі міндеті – балалардың бастапқы тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін айқындау және дамыту. Бұл сатыда оқыту мен тәрбиелеу оқу іс-әрекетінің негізі мен іскерліктерін қалыптастыруға, оқу, жазу, есептеу, қарым – қатынас жасай алу және ынтымақтастықты сақтау тәжірибелерінің берік дағдыларын меңгертуге бағытталған. Бастауыш мектеп оқушылардың шығармашылықпен өз мүмкіндіктерін пайдалана алу, мінез-құлық мәдениетінің элементтерін меңгерту дағдыларының негізін қалап, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын меңгерте отырып, жеке гигиена мен салауатты өмір салтының негізін оқытады [97, б. 25].

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны тұжырымдамасында «білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне бастауыш сынып оқушысын белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттерімен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне сәйкес өз жолын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін бала деп, қарастыратын, осыған орай көп қырлы құрылымды білім – тәрбие мазмұнын анықтап құруға көмектесетін қазіргі заманғы дамыта отырып оқыту идеясы алынатындығы атап көрсетілген» [97, б. 18].

Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыруда ерекше маңызға ие екендігі айқындалады. Осы тұста жаңартылған білім мазмұнының сипатына қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі сипаты спиральді қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау болып екі тәсілмен бағаланады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы

өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Жанартылған білім мазмұны жағдайының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін дамыту қажеттілігіне негіз болатын ерекшеліктері қатарында мыналарды атауға болады:

- 1) Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- 2) Бір білім беру аясындағы және пән аралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
- 3) Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- 4) Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- 5) Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- 6) Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
- 7) Оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) [100].

Білім берудің мазмұнының жаңаруы, жаңаша көзқарасқа ие мұғалімдер кәсіби даярлығында коммуникативтік креативтілік құрамының қалыпта-суын қажет етеді. Олардан оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыруды және жаңа технологияларды меңгеруді, оны тиімді қолдана білуді талап етеді.

Оған қоса қазіргі болашақ мамандардың бойында болуға қажетті бәсекеге қабілеттілік негіздерінің бірі олардың парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс - тәсілдермен оқытып, ой - өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Ал бұл болса, болашақ мұғалімінің бойында коммуникативтік креативтіліктің қалыптасуы қажеттілігін арттыра түседі.

Осы орайда шетелдік ғалымдар еңбегін атамағанда қазақстандық педагог ғалымдардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі жан-жақты қарастырылған. Бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, әдістемелік негіздерін Қ.Аймағамбетова [83], Б.А.Тұрғынбаева [84], Ш.Х.Құрманалина [85], Ә.С.Әмірова [86], С.Н.Жиенбаева [87], Б.Т.Барсай [88], Қ.А.Сарбасова [89], С.Қ.Абильдина [90] және т.б. зерттесе, бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын Р.К.Бекмағамбетова [91], Қ.Т.Ыбыраимжанов [92], Б.М.Қосанов [93] және т.б. кезеңдермен талдап, зерделеген, бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттері, дүниетанымдық тәрбиесі Ә.М.Мұханбетжанова [94], А.Х.Аренова [95] және т.б. еңбектерінде

көрініс тапқан. Б.Т.Барсай [88] өзінің іргелі ғылыми зерттеу еңбегінде отандық ғалымдардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығына арналған диссертациялық зерттеулерді мазмұнына қарай топтастырып, жан-жақты сипаттауға зерттеуінің бір параграфын арнаса, Б.Баймұхамбетов [97, б. 15] PhD докторлық диссертациясында 2000-2014 жылдар аралығындағы бастауыш мектеп саласындағы проблемаларға арналған зерттеулерді жүйелеп, кестеге түсірген.

Сол себепті біз өз зерттеуімізде оның барлығын қайталап айтып жатуды жөн көрмедік. Алайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесінің зерттелу жағдайын талдау барысында екі бағытқа мән бердік:

1) диссертацияда 2014-2018 жылдар аралығындағы қорғаған диссертациялық жұмыстарды жүйелеп көрсету (кесте 1);

2) біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектердің мазмұнына қысқаша сипаттама беру.

Кесте 1 - Қазақстанда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесінің зерттелуі (2014 - 2018жж.)

Зерттеуші аты-жөні	Зерттеу бағыты	Жылы
Баймұхамбетов Б.М.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру	2014 ж
Құралбаева А.А.	Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау негізінде білім сапасын арттыру	2014 ж
Тұралбаева А.	Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу.	2014 ж
Жунусбекова А.	Подготовка будущих учителей начальных классов к управленческой деятельности.	2015 ж
Касенова С.А.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық - бағдарлы технологиялар негізінде рухани - адамгершілікке тәрбиелеу	2016 ж
Аданов К.Б.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби дайындау кезінде басқару мәдениетін қалыптастыру	2017 ж
Оралбекова А.К.	Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау	2017 ж
Умирбекова А.Н.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттығын дамыту	2018ж

Осы кестеде берілген еңбектерді зерттеу пәніне қарай келесідей топтастыруға болады:

1) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басқарушылық сапаларын, мәдениетін, басқару іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру (Б.М.Баймұхамбетов, К. Б. Аданов, А.Джунисбекова);

2) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияттығын дамыту (А.Умирбекова);

3) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау (Э.Уайдуллақызы, А.К. Оралбекова);

4) болашақ бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық, басқарушылық іс-әрекеттерін дамыту [101].

Осы топтастырылған зерттеу еңбектерінің барлығының да біздің зерттеу пәнімізге қатысы бар. Өйткені бұл еңбектер тікелей коммуникативтік креативтілікке арналмағанымен оның құраушылары болып табылатын коммуникативтік дағдыларды, зияткерлік білімдерді, шығармашылық ойлауды, коммуникативтік құзыреттілікті, зерттеушілік мәдениетті, тұлғалық сапаларды қалыптастыруды көздейді.

Мәселен Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.М.Баймұхамбетов мұғалім лидердің құраушыларының бірі болып кәсіби-дидактикалық сапалар жататындығын көрсетеді. Осы сапалар интеллектуалдық білім, дидактикалық біліктер, коммуникативтік іскерліктерден құралатындығын негіздейді: «Оларды ашып түсіндіретін болсақ *интеллектуалдық білімге* білімділік, білімге құштарлық, өнерге құштарлық, парасаттылық, жадында сақтаушылық, біліктілік, зияткерлік, әлеуетін дамытушылық, ізденімпаздық және т.б. ендірсек, *дидактикалық біліктерге* жоғары кәсібилік, тілмар, өз ісінің шебері, әртістік, тұлғалық кәсіби ұстаным, кәсібін сүйушілік, креативтілік, жаңашылдық және т.б. *жатқыздық, ал коммуникативтік іскерліктерге* тіл табыса алушылық, қарым-қатынасқа бейімділік, қарым-қатынас жасай білушілік, әлеуметтік қатысушылық, қоғамға белсенділік, эмпатия, дәлелді болу, шабыттандыра алу, сендіре алу, жаңа рөлді меңгеруде икемділік және т.б. деп көрсеттік» [97, б.54].

А.Тұралбаева дарындылықты, соның ішінде отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу жөнінде өз зерттеу жұмысында жан-жақты қарастырған болатын [101, б. 45].

А.Умирбекова болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зияткерлік әлеуетін, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту атты өзінің зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығы туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, ғылыми- әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жүргізу арқылы оны дамытудың көкейкесті бағыттары айқындалып, қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімін даярлауды әлеуметтік зияттылық тұрғысынан қарастырудың педагогикалық - психологиялық мәселе боп табылатыны көрсетіледі және «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» ұғымдарының мәні нақтылаған [100]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік

зияттылығын дамытудың әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілі, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық тұғырлар және зерттеудің негізгі қағидалары қарастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік бағалаушылық компоненттерінен түзілген құрылымдық-мазмұндық моделі, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін ашып көрсетеді [100, б. 35].

С.Қасенова болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтары қатарында олардың адами қарым-қатынасына, өзара түсінушілігіне, тіл табысушылығына аса мән береді. Ол *адамгершілік әрекеттер қатарында* сәлемдесу; алғыс айту, ризашылық білдіру; сыйластық, құрметтеу, жақсы көру іс-әрекеттерді жатқызады. Ал бұл болса өзара түсінушілік коммуникациясының негіздері болып табылады [102].

К.Мулдабекованың өзінің зерттеу жұмысында ақпараттық технология арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды, ақпараттық технология арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерін, ақпараттық технология арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін, оны қалыптастырудың құрылымдық, мазмұндық үлгісін жан-жақты қарастырған [99, б. 19].

Осы айтылып өткен зерттеулерде, оларға дейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығында, олардың кәсіби тұлғалық сапаларын қалыптастыру мәселесі зерттелген еңбектер негіз болған дейміз. Оған себеп ретінде бірқатар еңбектерді топтастырып көрсеткіміз келеді:

1) *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру* (Қ.М.Нағымжанова, С.Т.Мұхамбетжанова, Қ.А.Сарбасова, К.Г. Гаркуша) [103].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлық мәселелерін зерттеген Қ.М.Нағымжанова өз еңбегінде бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру үшін қажетті шарттарды айқындады [32, б. 48].

Оның ойынша мектептерде инновацияны енгізудің тиімділігі үшін мынадай жағдайлардың болуы шарт деп қарастырды: мектептерде жаңа ойлар мен шаралар жасай алатын білім беру мекемесінде шығармашылық қабілеті жоғары маманның болуы; білім беру мекемелерінің басшыларының инновацияны енгізудің құндылығын түсінуі; жұмысқа беделді әрі білікті мамандарды жұмылдыру; нақты жоспардың болуы және орындалуы [32, б. 10].

С.Т.Мұхамбетжанованың көзқарасы бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау дегеніміз – студенттердің аталған мәселеге тұрақты қызығушы-лығын, педагогикалық инновацияны пайдалану туралы теориялық білімдерін және оларды жүзеге асыру білігі мен дағдыларын қалыптастыратын педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, оқу-әдістемелік кешендерді, электрондық оқу құралдарын, әр алуан әдістер мен формаларды,

технологияларды, интернет желісімен жұмыс жасау, интерактивті, мульти-медиялық сабақтарды қамтамасыз ететін үдеріс деп түсіндірді [94].

Қ.А.Сарбасова өз зерттеуінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруде инновациялық педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктері мен олардың жоғары оқу орнында даярлау процесінде толығымен пайдаланылмауы арасындағы және инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру қажеттілігі инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіруді қарастырады [89].

К.Г.Гаркуша зерттеулерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар арқылы музыкалық-эстетикалық даярлауды қарастырған [103].

2) *Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің танымдық, шығармашылық іс-әрекеттерін дамыту* (С.Жиенбаева, А.Ж.Құрақбаева, М.З.Джанбубекова, С.Е.Архипова, А.С. Джуманазарова).

А.Ж. Құрақбаева зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өзін-өзі тану пәнін ендіруге даярлауды ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Ендіру барысында адами қарым-қатынас мәселелеріне аса ден қойған [104].

С.Н.Жиенбаева бастауыш сынып оқушысының еңбек іс-әрекетін дамытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуына, соның ішінде шығармашылық іс-әрекеттерінің қалыптасуына мән берген [87, б. 75].

М.З.Джанбубекованың өзінің пайымдауында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке даярлау мәселесін жаһандану жағдайында талдай келе, мамандыққа бейімделу, танымдық-кәсіби іс-әрекетте студенттің көкейкестенуі, студенттердің кәсіби іс-әрекетінің қалыптасуы танымдық-қызметтік тәсілінің жүзеге асуы, студенттің педагогикалық зерттеу кезіндегі өзін-өзі шығармашылыққа баулу сияқты кезеңдермен айқындалады деп көрсетті. Ғалымның жан-жақты талдауынан, біз, болашақ мамандардың өз кәсібін әлеуметтік нормаларын түсінуінен, әлеуметтік үдеріс жасау арқылы өзінің кәсіби ортасын құрай алатын, содан соң қызмет жасауда өзін-өзі өзектендіретін, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, шабыттана алатын педагогтың кейпін көруге болады [105].

С.Е. Архипова оқушылардың математикалық ойлауларының дамуына басшылық етуге болашақ бастауыш сынып мұғалімінің даярлығын жеке тұлғаның біртұтас құрылымы ретінде қарастырып, оған психологиялық, ғылыми-теориялық, практикалық және психофизиологиялық даярлықты жатқызады [106].

А.С. Джуманазарова болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік күзиреттілігін қарастыруда олардың шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, аналитикалық ойлау, интеллектуалдық іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеттерін зерделеген [107].

3) *Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қарым-қатынас жасау мәдениетін, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру* (О.В.Баранова)

О.В. Баранова қолданылатын бакалаврдағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік құзіреттілігі мен ақпараттық қалыптастыру шарттарын қарастырған [108].

4) *Кіші мектеп жасы оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін, шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту бойынша* бастауыш сынып оқушысын шығармашылыққа баулу процесін арнайы ұйымдастыру, осы бағытта оқытуға әдістемелік білімдер элементтерін енгізу С. Н.Жиенбаев [87], Ғ.Бегалиев [109], Ә.Қоңыратбаев [110], Б.Қабатай [111], М.М.Книсарина [112] т.б. зерттеулерінде және еңбектерінде педагогикалық түрде шешілу жолдары көрсетіледі, М.М. Книсарина кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру жөнінде, оқушылардың басқару біліктерінің қалыптастырудың теориялық негіздерін, қалыптастыру кезеңдерін, мазмұны мен мәнін өз зерттеуінде жан-жақты зерттеген болатын. Ә.С. Әмірова бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасында - бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін, оқу материалын көрнекі де түсінікті формада ұсынумен бірге мұғалімге сабақта компьютерлік тест, ойын түріндегі бақылау жұмыстарын қолдану арқылы оқушының материалды меңгеруі туралы жедел әрі объективті мәлімет алуға және оны дер кезінде түзетуге мүмкіндік берумен түсіндіреді. Сонымен қатар әдебиеттік оқу, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, қазақ тілі, технология сабақтарында компьютердің көмегімен қозғалмалы көрнекі құралдардың жетіспеушілігі мәселесін шешуге көмектесетіндігін басымдылықпен айтып өтен.

5) *Кіші мектеп жасы оқушыларының коммуникативтік іс-әрекетін, диалогтық қарым-қатынасын дамыту* (С.Джакупов, Х.Т.Шерьязданова, Н.Б.Жиенбаева А.А. Бодалев) С.М. Жақыпов қарым-қатынас мәселесін зерттеуге пәнаралық негізден, кешенді түрде келу қажеттілігін айтып кеткен. Ғалым пайымдауынша, біріккен ой әрекетінің және біріккен диалогты танымдық іс-әрекет қалыптасуының негізгі тірегі ортақ мотивтердің және дербес іс-әрекет мақсаттарының болуына байланыстырса [113], Х.Т. Шерьязданова, А.А. Бодалев қарым-қатынас адамдар арасында байланыс орнатып оны дамыту бірлескен іс-әрекет қажеттілігі негізінде туындайтынын және қарым-қатынас бірлескен іс-әрекет барысында тұлға қалыптасуына өзге адамдармен жағымды өзара әрекеттесу ерекшеліктері әсер ететіндігін, сонымен қатар, қарым-қатынас мазмұнының диалогтық негізі қағидасы екендігін айтып өткен. Оқу материалы диалог негізіне аударылып, диалог әр тұлға өз-өзіне қойған сұрақтан өзге сұрақтар қойылған мезеттен пайда болады. Сол себепті де диалогтық қарым- қатынас өзінді ғана емес, өзгені де дұрыс түсінуге мүмкіндік береді деп өз еңбектерінде тұжырымдаған [39, б. 47]. Н.Б.Жиенбаева адамның жан-жақты қалыптасуы мен дамуының педагогикалық-психологиялық негіздерін, қалыптастыру жолдарын, әрі қоғамдағы әлеуметтік- экономикалық және саяси жағдайлардың қарқынды өзгерістері студенттердің педагог қызметінде маңызы жоғары болатын тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды көкейкесті ететіндігін өз еңбектерінде көрсете білген [40, б. 47].

Осы еңбектерді жан-жақты талдау бізге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мәселесінің жан-жақты қырларының зерттелгенімен, олардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын және коммуникация, қарым-қатынас жасау мәселелерінің кеңінен қарастырылғанымен *коммуникативтік және креативтілік ұғымдарының бірлікте бір ұғым ретінде қарастырыла қоймағандығын көрсетті.*

Ал енді біздің зерттеуіміздің негізгі категориялары болып табылатын «қарым-қатынас», «коммуникация», «креатив» ұғымдары қарастырылған еңбектерге талдау жасап көрейік.

Жалпыға ортақ ұғымда сөздіктерде қарым-қатынас дегеніміз - адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс - әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасу, өзара әрекеттің ортақ стратегияларын қалыптастыру, басқа адамды қабылдау мен түсінуді қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс [114].

Қарым-қатынас – адамдар арасындағы қызмет саласы және әлеуметтік талаптарға сай білім, ой-пікір алмасулар. Қарым-қатынас арқылы адам өз қызметінің белгілі бір мақсаттарын жүзеге асырады. Қарым-қатынас барысында адам өз ойын дәлелдей алмаса, өзін емес, әріптесінің түсінігі мен қабылдауы төмен, кінәлауы басым. Сол себепті қарым-қатынас мәдениеті түрлері мен тәсілдеріне назар аударып, дамыту бағыттарын ескеру қажет [115].

Қарым-қатынастың ақпарат алмасудан іргелі айырмашылығы оларға тән өзіндік іске асу тәсілдері хабарлама құрылымы монологты түрде, ал қарым-қатынас құрылымы – сұхбаттық түрінде жүзеге асады.

С.Джакупов, Х.Т.Шерьязданова, Н.Б.Жиенбаева, Л.Шалабаева оқушылардың бірімен өзара түсінушілік үдерісін диалогтық қарым қатынас тұрғысынан қарастырса [116]. Ж.Ы.Намазбаева, Н.Н.Хан жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі ынтымақтастықты субъект-субъектілік қарым-қатынас, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара қарым-қатынас тұрғысынан негіздейді [117, б. 5].

Қазіргі кезде ғылыми зерттеу жұмыстарында қарым-қатынас түсінігіне қарағанда, коммуникация ұғымы кеңінен қолданылуда. «Коммуникативтік» терминіне қатысты зерттеу еңбектердің қай- қайсысында да оның қарым-қатынас құралы, сөйлесуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым-қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін-бірі түсінуге негізделетінін дәлелдейді. Жалпы ортақ ұғымда, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді [118].

Коммуникация теориясында «коммуникация» термині адами қоғамда пайда болатын, көп бейнелі байланыстар мен қарым-қатынастың сипаттамалары мен белгіленулері үшін пайдаланылады. Коммуникациялық үдерістер кез-келген белгілік жүйелер көмегімен жүзеге асатын, адамнан адамға ақпаратты тасымалдаудағы адамдардың өзара әрекеттесуінің арнайы формасы қарастырылады.

Бірақ «коммуникация» терминінің мазмұны мен түсіндермелері түрлі ғылым салалары мен бір саланың түрлі бағыттарында сәйкес келмейді, сондықтан оны қарым-қатынасқа қатысты қарастыру жіті зерттеуді талап етеді.

«Коммуникация» термині ғылыми әдебиеттерде XX ғасырдың басында пайда болды және кез-келген байланыс нысандарының құралы ретіндегі жалпы ғылыми мәнімен қатар қоғамдағы ақпарат алмасу ерекшеліктерімен байланысты әлеуметтік мағынаға ие болды.

Осылайша, философияда коммуникация ретінде адамның адаммен, қоғамның қоғаммен, мәдениеттің мәдениетпен байланысының екі формасының бірі ретінде анықталады. Бұл өз кезегінде субъект-нысан қатынасындағы бір бағытты ақпараттық үдерісті көрсетеді.

Психологияда коммуникация қарым-қатынастың құраушысы ретінде қарастырылады: Б.Д.Парыгин коммуникация ретінде психологиялық контактіні (эмоционалдық әсермен қоса алғандағы), байланысты, өзара әрекеттесуші индивидтердің хабарламаларын, содан кейін ғана – ақпарат алмасуды (ақпарат мағынасын түсіну) атайды [118, б. 74]. Қарым-қатынастың әдіснамалық алғышарттары сапасында ғалым әлеуметтік – психологиялық қатынастың интеграциялық моделін ұсынады. Ұсынылған модель өз кезегінде қарым-қатынасты ақпарат берудің мазмұны мен мазмұндық, ішкі жағынан психикалық күйдің және ақпарат алмасудың өзара коммуникативтік үдерісте көрініс табуы ретінде қарастырылады. Мұндағы, ақпарат алмасу форма тұрғысынан қарым-қатынастың адамдардың өзара әрекеттестігі үдерісінде іске асатын мінез-құлықтың аспектісі.

Коммуникация субъектінің қандай да бір нысанмен ақпараттық байланысы – адаммен, машинамен т.б. Ақпаратты алушы мұндай жағдайда қабылдауға (ақпараттық мағынада), дұрыс декодтауға, жақсы меңгеруге және сәйкес іс-әрекет жасауға тиісті нысан болып табылады. Сондықтан, қабылдаушының адам немесе техникалық құрылғы болуы маңызды емес. Коммуникацияда бір бағытты үдеріс іске асырылады және коммуникация теориясының заңына сәйкес ақпарат саны жөнелтушіден алушыға қарай жылжу барысында азаяды [119].

Коммуникация теориясында «коммуникация» термині адами қоғамда пайда болатын, көп бейнелі байланыстар мен қарым-қатынастың сипаттамалары мен белгіленулері үшін пайдаланылады. Коммуникациялық үдерістер кез-келген белгілік жүйелер көмегімен жүзеге асатын, адамнан адамға ақпаратты тасымалдаудағы адамдардың өзара әрекеттесуінің арнайы формасы қарастырылады.

Лингвистикада теориялық деңгейде коммуникациямен сөйлеу қарым-қатынасын талдауға басымдық беріледі.

Психолингвистикада коммуникативтік акті модельдеу іс-әрекеттік тәсіл шеңберінде іске асырылады. Іс-әрекет теориясы танымал психологтардың Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев және т.б еңбектерінде кеңінен қарастырылды [120, 121]. Коммуникативтік іс-әрекет әртүрлі іс-әрекет түрлерінің қатарындағы мотивтермен және коммуникацияның пайда болуына себеп болады. Осы іс-әрекеттің мақсатымен, байланысты компоненттердің бірі болып табылады.

Коммуникативтік және ақыл-ой іс-әрекеті өзара тәуелді: коммуника-тивтік іс-әрекет ақыл-ой іс-әрекетінің шығыс нүктесі немесе нәтижесі ретінде көрінеді. Бірлескен іс-әрекетте пікірлесушілер өзара әрекеттің жалпы жоспарын, мақсатын, құралдар мен операцияларда таңдау тұрғысында өзара ортақ тұжырымға келеді. Бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру іс-әрекетті орындаушылардың қарым-қатынасында іске асады. Қарым-қатынас «қамтамасыз етуші белсенділік коммуниканттардың өзара әрекеттестігін әрі олардың өзара ықпалын қамтамасыз етуші белсенділік» ретінде қарастырылады. Бұл белсенділіктің субъектісі екінші коммуникант сөйлеудің пассивті реципиенті болатын шарттарда сөйлеуді іске асыратын адам болып табы-лады. Ол тек қана сөйлеу іс-әрекетінің шарты ғана болады [122].

Психолингвистикадағы сөйлеу қарым-қатынасы коммуниканттар интеракциясы мен сөйлеу коммуникациясын біріктіретін әлеуметтік өзара әрекеттестік ретінде түсіндіріледі. Коммуниканттардың қарым – қатынасы тілдік және тілдік емес белгілер, іс-әрекет алмасу, еңбек өнімін алмасу арқылы іске асады. Коммуникация түсінігінің бойынша хабарлама алмасу, реттеушілік қарым-қатынас анықталады, коммуникация оны аңқайтын күрделі әрі көпқырлы компоненттердің бірі болып табылады. Демек, комму-никация хабарламаны тасымалдау және осындай тасымалдаудың тәсілдері, яғни мәтіннің тілдік және сөйлеу сипаттамалары.

Біздің пікірімізше, коммуникативтік акттің психолингвистикалық моделі нақтылауды қажет етеді. Іс-әрекет теориясының әлеуметтік өзара әрекеттесуі мен сөйлеу коммуникациясына психологиялық талдауды іске асырады.

Коммуникация теориясының жалпы жағдайлары коммуникацияның ішкі механизмдерін түсіндіреді, заңдылықтарды сөйлеу коммуникациясының негізгі формаларын, жанрын, құрылымын анықтайды. Вербальды коммуника-цияның теориялық негізін коммуникация теориясының әдіснамалық негіздері құрайды.

Коммуникацияны кең мағыналы термин ретінде қарастырып, оны коммуниканттардың өзара әлеуметтік әрекеттестігі мағынасында түсінеміз. Яғни, олардың бір-бірінің мінез-құлқына, ойлау іс-әрекетімен сезімдеріне ықпалы. Басқаша айтқанда, коммуникацияны сипаттауда біз оны құрау-шылардың көпбейнелілігін ескеруіміз қажет: қатысушылар, мақсаттары, салалары, тәсілдері мен орталары.

Жоғарыда көрсетілген коммуникацияның екі әдісімен сәйкес келетін, тілдік коммуникация мен техникалық коммуникацияны бөліп айтуға болады. Техникалық коммуникация – ақпараттарды қабылдауға және жіберіп отыруға мүмкіндік туғызатын құралдардың жиынтығы. Тілдік коммуникация - хабар жіберушіні, хабар алушыны, олардың әңгімелесу барысы және тілдің бөлігі ретінде хабарламаны енгізуге болады [123, б. 45].

Коммуникацияға отандық және шетелдік ғалымдардың берген анықтамалары келесі 2 - кестеде берілген.

Жоғарыда ғалымдардың коммуникация ұғымына берілген анықтамала-рын талдау бізге олардың адамдардың өзара тілдесу әрекетіндегі *құбылыс, механизм, байланыс, қатынас, жағдай, хабар* ретінде қарастырылғанын

көрсетті. Әрине бұл анықтамалар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бірін - бірі толықтыра түседі.

Кесте 2 - Коммуникация ұғымына отандық және шетелдік ғалымдардың берген анықтамалары

Автор	Анықтама
Дж.Г.Мид.	тұлға ішкі метафизикалық қабілеті арқылы өз бойында басқа біреудің сезімдерін ашу болып табылатын коммуникация – символикалық интеракционализм (персонализм-дербестік)
Д.Уотсон	бихевиоризм (коммуникацияның негізі жүйе ретінде тіл емес, тікелей кез-келген адамды тәрбиелеуге болатын сөйлеу сигналдары (дыбыстары); бұл әдістің өкілі);
Каган М.С.	«коммуникацияны» таза бір бағытты ақпараттық үдеріс, ал «қарым-қатынасты» теңбелсенді субъектілердің симметриялық өзара байланысы
Горелов И.Н., Житников В.Р.	коммуникацияға - қарым-қатынас
Оразбаева Ф.Ш.	«коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны «жалпы қарым-қатынас», «араласу», «хабарласу», «байланыс» деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу үдерісін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілік болып табылады
Панферов В.Н.	қарым-қатынасты адамдардың бір-бірімен ақпараттық-коммуникативтік және психологиялық өзара әрекеттесуі арқылы бірлескен өмірінің әлеуметтік реттелу механизмі
Ожегов С.И.	«коммуникация» - хабар, қарым-қатынас
Дж.Мид, Хабермас Ю.	бір тұлғаның екінші бір тұлғаға әсер етуі тәсілі ретінде қарастырады
Панфилова А.П.	коммуникацияны бес түрге бөліп қарастырды (танымдық, сендірушілік, мәнерлілік, суггестивтік, рәсімдік)
Пидкасистый П.И.	коммуникация адамдар арасындағы байланыстың бір түрі.

Біз де осы анықтамаларға сүйене отырып зерттеу пәнімізге қарай коммуникация ұғымын нақтылаймыз: біздің анықтауымызша коммуникация -

субъектілердің тілдесуі арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас, өзара субъектілік түсінушілік.

Қазіргі кезде коммуникация түсінігі кең көлемде түрлі қырынан зерттелуде: коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік әлеует, коммуникативтік мәдениет және т.б. біздің зерттеуіміз үшін *коммуникативтік креативтілік* түсінігі маңызды.

Зерттеу тақырыбымызға байланысты коммуникативтік креативтілік түсінігінің мәнін ашу үшін алдымен *креативтілік* ұғымын қарастырамыз.

Ғылым салаларында креативтілік мәселесінің біршама тарихы қалыптасқан. Аталған мәселе бойынша зерттеу жұмыстарының басым көпшілігі шетелдік ғалымдар тарапынан жүргізілген (Т.Амабайль, Ф.Барон, Дж.Гилфорд, Е.Торренс, Э.Боно және т.б.) [124- 126].

Шетелдік психологияда «креативтілік» индивидтің жаңа түсініктерді құру және жаңа дағдыларды қалыптастыру қасиеті көрініс табатын қабілетті белгілеу үшін пайдаланылады.

Креативтілік сапасында жаңа идеяларды табу, проблемалық жағдайларды шешу қабілеті түсіндіріледі. Бірқатар зерттеушілер креативтілікті тұлғалық сипаттармен байланыстырады (А.Маслоу, К.Роджерс) [127, 128], ал кейбір зерттеушілер оны интеллектуалдық функция ретінде қарастырса (Д.Б.Богоявленская, Дж.Гильфорд) [57, б. 15], үшіншілері - креативтіліктің шығармашылық үдерісі мен байланысын (А.Н.Лук) [129] қарастырады.

Психология ғылымында креативтілік шығармашылық мүмкіндіктер, адами индивидуумның әлеуметтік шығармашылық белсенділік көрсету қабілеті шартындағы кейбір ерекше қасиеттері ретінде қарастырылады.

«Креатив» түсінігін алғаш рет 1922 жылы Д.Симпсон адамның стереотиптік ойлау тәсілдерінен бас тартуы ретінде қарастырып, пайдаланған. Креативтік түсінігі «шығармашылық қабілеттер» түсінігінің баламасы бола отырып, шығармашылықпен, қандай да бір жаңаны туындататын, ой-лаудың дәстүрлі сұлбасынан ауытқуды білдіреді [130].

Креативтілікті қабілеттердің арнайы түрі ретінде қарастыру өткен ғасырдың 50-ші жылдары басталды және ол белгілі америкалық психологтар Л.Терстоун мен Дж. Гилфорд есімдерімен байланысты. Дж. Гилфорд креативтілікті мінез кластарын, жүйелерін, түрлендірулерді, нәтижелерін тану қабілетіне, тұлғааралық қарым-қатынастағы күрделі жағдайлардың логикалық дамуын түсінуге, адамдардың мінездерінің ішкі мотивтерін түсінуге қатысты әлеуметтік интеллектің факторы ретінде қарастырады [15, б. 75].

Басқаша айтқанда креативтілік әлеуметтік интеллектің деңгейін көтереді, сонымен бірге, тұлғаның адаптивтік мүмкіндіктерін жоғарылатады. Креативтілік екі бағытта қарастырылады. Алғашқысы, креативтілік пен интеллектің өзара қалай байланысатындығын айқындайды және креативтілік-ке қатысты танымды үдерістерді зерттеуге бағдарланады. Екіншісі – тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің креативтіліктің басым аспектілі бола алады ма соны зерттейді. Бұл бағыт тұлғалық және мотивациялық сипаттарға көңіл бөлуге тиесілі.

Д. Ж. Гилфордтың креативтілік тұжырымдамасына сәйкес, креативтілік әмбебап танымдық шығармашылық қабілет, интеллектке тәуелсіз жеке фактор болып табылады. Креативтік ойлау шығармашылық жетістіктердің негізі. Зерттеуші креативтіліктің алты параметрін анықтап көрсетеді:

- 1) проблеманы табу және қоюға қабілеттілік;
- 2) жаңа идеяларды табу;
- 3) түрлі идеяларды өндіру қабілеттілігі - иілгіштік;
- 4) түпнұсқалық – стандартты емес идеяларға қабілеттілік;
- 5) қабылдағыштық қалыпты емес тетіктерге анықталмағандыққа қайшылықтарға сезімталдық, сонымен қатар бір идеядан екіншісіне жылдам өтуге даярлық;

6) проблемаларды шешуге, яғни анализ бен синтезге қабілеттілік.

Креативтілікті зерттеу екі бағытта жүреді. Бірінші бағыт - креативтілік интеллектпен байланысты ма және танымдық үрдістермен алмастырыла ма деген сұраққа жауап іздесе, екінші бағыт - жеке тұлға психологиялық ерекшеліктерімен қоса креативтілік аспектісі бола ма және жекелік, мотивациялық белгілерімен беріледі ме деген сұрақтармен айналысады [131].

Сондай-ақ, креативтіліктің құраушылары сапасында болжамдаумен ойлаудың ассоциативтілігіне қабілеттілікті атауға болады. Оның мәні организмнің болашақ жағдайға дайындалу мүмкіндігімен анықталады. Бұл байқампаздықпен байланысты интегративті креативтік қасиет.

Креативтіліктің құрылымдық компоненттері кешенді түрде мінез-құлықтың шығармашылық стилистикасын анықтап, іс-әрекеттің тәсілдерімен нәтижелерінің өнімділігін жаңашылдығын, бірегейлігін және тұлғаның күнделікті өмірдегі түрлі салалардағы шығармашылық түрленуін қамтамасыз етеді. Креативтіліктің қалыптасу процесі келесі кезеңдерді қамтиды:

- мотивациялық импульс - имитация (креативтік мінез-құлық эталондары, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін меңгеру трансформация тәжірибені жеке ерекшеліктерге, мүмкіндіктер мен қажеттіліктерге сәйкес түрлендіру);

- креативтіліктің психологиялық құрылымының және шығармашылық іс-әрекетті жетілдірудің үйлесімділігі.

Г.М.Марданова тұлғаның креативтік әлеуетін адамның ойлау іс-әрекетінің жоғары формасын көрсетеді деп тұжырымдайды. Жоғары креативтік әлеуетке ие адам өзгелерден: шығармашылығымен, интеллект-туальдық бастамашылдығымен, белсенділігімен ерекшеленеді, шаблондық ойлау шекарасынан шыға алатын шығармашыл ойлауға бейім, пайда болған қарама-қайшылықтарды шеше алады; өз іс-әрекетінің нәтижелерін құрауға қабілетті, проблеманы шешудің тың тәсілдерін тұжырымдап, іске асыра алады, креативті тұлғаға зерттеушілік ізденіс тән.

Креативтіліктің критерийі нәтиженің сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіретін сипаттамалар мен үдерістер.

Креативті ойлауды дамыту – яғни ойлау операцияларын қалыптас-тыру және жетілдіру: талдау, топтау салыстыру және толықтыру, топтастыру, жоспарлау, дерексіздендіру және ойлаудың сапалары сыншылдық, тереңдік,

ептілік, кеңдік, шапшаңдық, вариативтілігін, сондай-ақ қиялды дамыту және әртүрлі мазмұндағы білімді игеру [132].

Аталған зерттеулерде маманның креативтілікке, оның даму шарттарына дайындық мазмұнын анықтайтын үлкен сапалар спектрлері анықталды. Кәсіби креативтіліктің дайындық мәселелерін талқылауда, барлық авторлар, креативтілікті кәсібиіліктің ең жоғары шегі деген бірегей пікірді ұстанады.

С.Медниктің пікірінше, вербальді және бейвербальді креативтіліктерді ажырату қажет. Вербальді креативтілік сөздік формада өрнектеледі, мысалы, проблемалық жағдайларда тиімді пікір білдіруде, бейвербальді креативтілік – көркем бейнелер түрінде шығармашылық қабілеттерді таныту және т.б.

Шетелдік зерттеушілердің креативтілікті анықтау тәсілдерін талдай келе аталған мәселеде қалыптасқан тұжырымның жоқ екендігі айқындалды. Дегенмен, талдау нәтижелері бойынша зерттеушілер тарапынан берілген анықтамаларды төрт аспекте жіктеуге болатындығы айқындалды: *креативтік үдеріс, креативтік өнім, креативтік тұлға, креативтік орта* (сала, құрылым, шығармашылық өнімінің талаптарын қалыптастырушы). Креативтік үдеріске қосыла отырып, болашақ мұғалім креативтік ортада креативтік тұлға сипаттарын иеленіп, белсенділік танытады әрі қарай креативтік өнімде белсендіріледі.

Отандық және шетелдік психологиялық зерттеу жұмыстарын талдау *креативтілікке байланысты* бірқатар анықтамаларды айқындауға мүмкіндік берді (кесте 3).

Кесте 3 – «Креатив» түсінігіне берген ғалымдардың анықтамалары

Автор	Анықтама
1	2
Р. Холлменн	жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны
Кюби	жаңа байланыстар табу қабілеті
Лассуэль	жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті
П.Ш. Маханова Ж.Қыдырбаева	шығармашылықтың субъективті детерминанты, жүйелі (көпөлшемді, көпдеңгейлі) психикалық құрылым
Меррей	жаңа шығармалардың туындауы
М.С.Бернштейн, Е.Б.Евладов, Я.А.Понамарев, С.П.Торренс, К.Д.Роджерстер	жеке тұлғаның өмір ағымында, жүре байқалатын ерекше қасиеті немесе жеке адамның мінез-құлқы сипаттамасы
Д.Б.Богоявленская, А.В.Брушлинский, О.К.Тихомиров	«креатив» және «шығармашылық потенциал» ұғымдарын бір-бірінен бөлмей, оларды шығармашылық әрекетке бағытталған интеллектуалды-шығармашылық алғы шарттары ретінде қарастырады
Дж. Гильфорд	дивергентті маңызды сипатты ойлаудың ерекшелігі, ойлау процестерінің ерекше сапасы, адамның жоғары белсенділігі, индивидтің ерекше жаңа, біртума құндылықтарды құруға, стандартты емес ойлауға деген

3 - кестенің жалғасы

1	2
	терең құрылымын бейнелеуші қабілет
Л.Терстоун	креативті қабілеттер интеллектуалды қабілеттермен пара-пар еместігі айтылып, креативтіліктің мынадай көріністерін ұсынады: қабылдау жылдамдығы, идеяларды жүйелей алу, танымдық белсенділіктің интеллектуалды факторлары (зейін концентрациясы, креативтілік т.б.). жаңа идеяларға сезімталдық, сананың ерекше күйі
Тейлор	жаңа ұғымға тәжірибені көшіру
Я.А. Пономарев	тұлғаның ықпалдастық сапасы
Дж. Гилфорд	дивергенттік ойлау
В.Гизелин	жаңа констелляциялық мағыналардың елесі.
Роджерс	жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы, адамның қоршаған әлеммен байланысындағы шектеулерді жеңіп шығу үшін өзінің ішкі психологиялық әлемін зерттеуі
С.И. Макшанов, Н.Ю. Хрящева	конструктивті, стандартты емес ойлау мен мінез-құлық, сондай-ақ өзінің тәжірибесін түсіну мен дамытуға қабілеттілік
Р. Арнхейм	бұл білім, әрекет және тілектердің толық ашылуы»
Д.Б. Богоявленская, Л.Б. Ермолаева-Томина	интеллектуалдық белсенділік
Т.А. Барышева, Ю.А. Жигалов	жүйелі (көпдеңгейлі, көпөлшемді) психикалық құрылым, ол интеллектуалдық әлеуетпен қатар, мотивациямен, эстетикалық даму деңгейімен, экзистенциалдық, коммуникативтік көрсеткіштермен, құзыреттілікпен және т.б. байланысты.
Д.В. Чернилевский	жаңа шешімдерге әкелетін ақыл-ой іс-әрекеті
О.В.Буторина	• шығармашылыққа қабілеттілік; • зияткерлік шығармашылық; • айрықша, жаңа нәрсе; • астарлы ассоциация; • біртұтас жүйені қайта құрылымдау; • ақпаратты ерекше кодтау; • дивергенттік ойлау; • тұлғаишілік шиеленіс нәтижесі; • қазіргі бар білімнің аясынан шығу; • проблеманы, жағдаятты жылдам шешуге мүмкіндік беретін дәстүрлі емес ойлау

Креатив ұғымына берілген анықтамаларды талдай отырып, ғалымдардың әдебиеттерде креативті ерекше күй, құбылыс, қабілет, мінез-құлық сипаттамасы, психикалық құрылым, дәстүрлі емес ойлау, ақыл-ой іс-әрекеті және т.б. тұрғысынан зерттеп, оның жан-жақты қырын ашқанын байқадық.

Әрине біз де өз зерттеуімізде креативтің психикалық құрылым (Маханова П.Ш., Қыдырбаева Ж) екендігін жоққа шығармаймыз. Алайда біздің зерттеуіміз оны тұлғаның бойында қалыптастыруға арналғандықтан, бізге креатив ұғымын қабілет (Дж. Гильфорд, С.И. Макшанов және Н.Ю. Хрящева, Лассуэль, Кюби, М.А. Холодная) тұрғысынан қарастырған ғалымдардың пікірлері жақын келеді.

Осы тұжырымды ойларымызға сүйене келе біз өз зерттеуімізде *креатив дегеніміз – жаңа проблемаларды анық қоюда, айрықша жылдам шешуде маңызды, ерекше стандартты емес ойлаудың жасампаздықпен жарқ етуі* деген анықтаманы береміз. Демек креативті біз *құбылыс* ретінде қарастыра отырып, *осы құбылыстың тұлға бойында көрінуін креативтілік* деп түйіндейміз.

Ал енді болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды зерттеуде коммуникативтік креативтілік ұғымының мәні мен мазмұнын, құрылымын анықтаудың қажеттілігі туады. Ол туралы келесі 1.2 тамақшасында баяндаймыз.

1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің мәні мен мазмұны

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру проблемасын зерттеуде коммуникативтік креативтілік ұғымының мәнін ашу маңызды. Ол үшін *коммуникация мен креативтіліктің өзара байланысын*, коммуникативтік креативтіліктің құрылымын анықтау қажет.

T. Buzan, A.J. Cropley, N. Karsten коммуникация мен креативтіліктің өзара байланысын кіші топтардағы шығармашылық мәселелерді шешуде анықтап, коммуникативтік креативтілікті дамытудың тиімді әдістері мен техникасын ұсынды (идеялық торлар, миға шабуыл, келісу мен қарсылық білдіру және т.б.). Әрі аталған сапаның топтық өзара идея алмасу үдерісінде, яғни білімгерлер қоршаған әлемге ашықтық, бастамашылдық, эмоционалдық тұрақтылық байқататын шығармашылық ойлауды белсендіруде дамитындығын тұжырымдады [133- 135].

J.Sikora коммуникация мен креативтілік кіші топтардағы шығармашылық мәселелерді шешудегі байланысын анықтаған, коммуникативтік креативтілікті дамыту техникалары (идеялық торлар, миға шабуыл, келісу, қарсылық білдіру және т.б.) мен ықпалды әдістерін жасақтаған.

Осы жұмыстар негізінде аталған сапа білімгерлердің әзілге сезімталдығы, қоршаған әлемге ашықтығы, сыншылдығы, бастамашылдығы, қуаттылығы, эмоционалдық тұрақтылығы бірегейліктің көрінетін идеяларды топтық алмасуда шығармашыл ойларды белсендіруде дамиды деп тұжырымдайды [136].

Коммуникация мен креативтіліктің байланысын қарастыра келе, зерттеу мәселеміз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру болғандықтан педагогикалық креативтілік түсінігінің мәнін анықтайық. Бұл тұлғаның педагог пен білімгердің бірлескен іс-әрекетінің ықпалдылығын көтеруге мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлардың өзгерісіне анықталған психикалық және психологиялық-әлеуметтік даярлығы. *Педагогикалық креативтілік коммуникативтік және дидактикалық креативтіліктерден құралады* [137].

Болашақ мұғалімдердің креативтілігін қалыптастыруға қатысты психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен диссертациялық зерттеулерді

мазмұнын талдауда креативтілікті дамыту бойынша теориялық және технологиялық тәсілдер негізге алынғандығын көрсетті.

Алғашқы тәсілдің мәні креативтіліктің дамуына психологиялық-педагогикалық шарттарды құрумен тұжырымдалады. Осы тұрғыда жасалған бірқатар зерттеулерді қарастырайық.

О.В.Сорокина креативтілікті болашақ психологтардың кәсіби-мәнді сапасы ретінде қарастырса [138], И.А. Ледовских «Болашақ педагог-психологтардың жоғары оқу орнында оқу арқылы креативті ойлауын дамыту» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, білімгерлердің креативтік ойлауын дамыту шартында психологиялық-педагогикалық қалыптастырудың жолдарын ұсынған [139].

Е.Е.Щербакованың диссертациялық зерттеуінде педагогикалық креативтіліктің мәні коммуникативті және дидактикалық креативтіліктердің синтезі ретінде негізделген. Автор тарапынан білімгерлердің өздерін шығармашылық сезінулерінің және шығармашылық қабілеттерінің тұлғалық көрсеткіштерін педагогикалық креативтіліктің құраушылары ретінде айқындауда жүйелік тәсіл қолданылған [28, б. 45].

Ю.Р. Варлакова өзінің жоғары оқу орнында педагогикалық білім берудегі болашақ бакалаврлардың креативтілігін қалыптастыру туралы еңбегінде креативтілікті: «біртұтастықты, «өмірлік форматты», проблема-лылықты, контекстілікті және т.б. сипаттайтын практикалық білімдерді іске қосу есебінен өзіндік өмірлік тәжірибе есебінен білім беру мазмұнын байыту, білімгерлерді кәсіби міндеттерді шешу, бойынша іс-әрекеттерге тарту, тандалған мамандық контекстінде креативтілікке қатынас пен тәжірибені қайта қарастыру және т.б.; білім беру процессінің проблемалық сипатын қамтамасыз ету» деп анықтайды. Аталған зерттеу жұмысында білімгерлердің оқытудың белсенді әдістерін пайдалану, ситуациялық тапсырмаларды орындауда топпен жұмыс жасау және оқудан тыс іс-әрекеттері қарастырылған [140].

И.В.Шовгурова зерттеу жұмысында алғаш рет креативтілік болашақ мұғалімнің этномәдени дәстүрлер мен өзінің жеке мәдениетін біріктіру контекстінде оны кәсіби іс-әрекетті орындауға бағдарлайтын негізгі кәсіби қабілеттілігі ретінде қарастырылған. Сонымен қатар, аталған іс-әрекеттің ерекшелігі технология пәні шеңберінде көрсетілген, этномәдени дәстүрлердің шығармашылық компоненті анықталып, оны технология пәні мұғалімінің педагогикалық практикасында пайдалану мүмкіндіктері көрсетілген [141].

Қ.М.Нағымжанова «Инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтікті қалыптастыру» атты монографиялық зерттеу жұмысында - университеттің инновациялық білім беру ортасында студенттердің педагогикалық креативтігін қалыптастыруды білім берудің теориялық және әдістемелік мәселелерін шешуге қатысты жүргізіп, оның деңгейлерінің өзара байланысын тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында дәлелдеген. Инновациялық білім беру ортасында студенттердің педагогикалық креативтігін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін жасаған [32, б. 78].

Сонымен қатар, «педагогикалық креативтік – оқу-тәрбие міндеттерін педагогтің соны, жоғары тиімділікпен шешуі, тәрбие мен оқыту теориясы мен

тәжірибесін байытуы. Педагог еңбегі – ғылым, педагогикалық өнер, таланттылық сияқты бірліктерден тұратын әр қырлы әрекет. Әр жастағы, дайындығы мен табиғаты әр түрлі студенттерге білім мен тәрбие беруде белгіліні өзгертіп, ал жаңадан жаңаны тудырушы суреткерлік шығармашылықтың белгісі.

Ескілікті елемей жаңа жолмен жүруге бағыт алу, бірдейді қабылдамау, ойлап табу, тудыру, жасап көру – жаңашыл оқытушының күнделікті кәсіби жағдайы. Креативтік - барлық әрекеттің сапа белгісі, ал креативті педагог - барлық реформаның негізгі кейіпкері. Педагогикалық креативтілік - мәселені белгілі тәсілдермен шешуге болмайтын жағдайда туындайды. Дегенмен, бұл қисынсыз әрекет емес. Жаңа тапқыр шешім қабылдауға әкелетін әрекет - әр түрлі деңгейде, бірнеше кезеңдерден тұратын күрделі психологиялық-педагогикалық үдеріс» деп анықтаған.

С.А.Нұржанова жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ мамандардың креативті ойлауын қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық негіздерін зерттеп, креативтік ойлауды қалыптастыруды іске асыру мәселесін зерттеген [142].

Педагогикалық креативтіліктің көрсеткіштері өзіндік шығармашылық сезімдер (өзіндік реттеу, өзіндік бақылау, эмоциональдық тұрақтылық, еріктік сапалар, қуаныш сезімі, жұмысқа қабілеттілік деңгейі, адамдарға дұрыс көзқарас) және шығармашылық қабілеттер (тапқырлық, үйлестіру мүмкіндігі, дивергентті ойлау, визуальды шығармашылық, ассоциациялау қабілеттілігі).

О.В.Синяева топтағы психологиялық ахуалдың студенттердің тұтастай тұлғалық және дербес жағдайда ЖОО-ның көпмәдениеттік ортасы жағдайы шартында коммуникативтік креативтілігінің дамуына ықпалын зерттеді [143].

И.В.Морозов, В.Чернелевский оқытушының құзырлығы және шығармашылық потенциалды дамытуды зерттеп, педагогикадағы коммуникативтік креативтілікті кәсіби сапа ретінде қарастырады. Коммуникативтік креативтіліктің құраушы компоненттерін анықтайды [27, б. 58].

Алғаш рет «коммуникативтік креативтілік» (қарым-қатынастағы креативтілік) туралы 1965 ж. бұл құбылысты өзара қарым-қатынастағы «ашықтық пен коммуникация» ретінде Х. Х. Андерсон анықтаған.

Қарым-қатынастағы шығармашылыққа қабілеттілікті: ресейлік психологтар «коммуникативтік креативтілік» (Т.А.Барышева, А.А.Голованова, Н.В.Мартышкина, Т.Ю.Осипова), «қарым-қатынас саласындағы креативтілік» (С.Ю.Канн, У.В.Кала), «лингвистикалық креативтілік» (Г.А.Халюшова), «әлеуметтік-психологиялық креативтілік» (Н.А.Тюрмин, К.М. Романов) еңбектерінде қарастырылған.

У.В.Кала зерттеулерінде «қарым-қатынастағы креативтілік» ұғымын пайдаланады. Бұл креативтілік түрін кең мағынада түсіну қарым - қатынасқа шығармашылық көзқарасты, тар мағынада - оның осы қарым-қатынасқа қосылуын білдіреді. Осы құбылыстың мәнін У.В.Кала өз мінез-құлқын өзгерту қабілеті мен білігінен, қазіргі жағдайды өзгертуге дайындықтан тұрады деп тұжырымдайды.

Бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, коммуникативтік креативтіліктің мәні шығармашылық әлеуетпен - коммуникацияда көрініс беретін ішкі ресурстармен (И.В.Жилова, Т.Ю.Осипова және т.б.); дивергенттік ойлаумен (J.Guilford, E.Торрансе және т.б.); тұлғаның коммуникативтік өзегі (А.А.Бодалев); әлеуметтік интеллектпен (А.А.Голованова) анықталады.

Коммуникативті креативтілік сұхбатқа сүйенсе, дидактикалық өзіне жиналған білім мен дәстүрлерді, шығармашылыққа қабілеттілікті біріктіреді.

Бұл жағдайда оның құрамында коммуникативтік іс-әрекетті іске асыруда танымдық қабілеттердің процессуалдық сипаттамасының басым-дығы коммуникативті және интеллектуальдық креативтіліктің өзара бай-ланысын көрсетеді. Коммуникативті креативтіліктің макроқұрылымы тұлғаның үзіліссіз-иерархиялық құрылымы контекстінде анық қарастырыла-ды.

Тұлғаның аталған қасиеттерінің жүйесі контекстінде коммуникативті креативтілікті талдау бұл қасиетті қарастырылған деңгейлер өзара бай-ланысты болатын тұлғаның үздіксіз қалыптасуы ретінде қарастыруға болады. Айтылған тұжырымдама негізінде коммуникативті креативтілік тұлғаның қасиеті ретінде түрлі деңгейде көріне алады деп жорамалдауға болады. Коммуникативтік креативтілік ұғымына ғалымдардың берген анықтамаларын 4-кестеде көрсетеміз.

Кесте 4 - Коммуникативтік креативтілік ұғымына берілген анықтамалар

Авторлар	Анықтама мазмұны
1	2
J.Sikora	Коммуникативтік креативтілік сұхбат пен импровизацияға сүйеніп, дидактикалық өзіне жиналған білім мен дәстүрлерді, шығармашылыққа қабілеттілікті біріктіреді
Е.В.Цуканова	қарым-қатынас пен іс-әрекеттегі өзгермелі жағдайларға қатысты жеке коммуникативтік мінез-құлықты оңтайландыруға бейімділік қабілеті
М.С.Каган, А.М.Эткинд	қарым-қатынасты шығармашылығы
И.Э.Стрелкова А.Л.Южаника	мінез-құлық тың түрлі амалдарын пайдалануға, жаңашылдыққа, идеялардың тың әрі жаңа болуына, коммуникативтік ситуацияларға қатынастың қалыпты емес болуы
Д.Б.Богоявленск ая А.В.Брушлински й	шығармашылық іс-әрекетке интеллектуалдық шығармашылық алғышарт
Т.Buzan, А.J.Cropley, N.Karsten, J.Knoll	идеялық торлар, миға шабуыл, келісу мен қарсылық білдірудің қоршаған әлемге ашықтық, бастамашылдық, эмоционалдық тұрақтылығын байқататын шығармашылық ойлауының белсендірілуі

4- кестенің жалғасы

1	2
Е.Ю.Сидоркина	қарым-қатынас пен іс-әрекеттің өзгермелі жағдайларға қатысты өзіндік коммуникативтік мінез-құлықты бейімді оңтайландыруға қабілеттілік, әрі бұл тұлғаның бірқатар психологиялық ерекшеліктері мен серіктестердің қарым қатынас тәжірибесіне тәуелді болады.
С.И.Макшано, Г.В.Рябичкина, Н.Ю.Хрящева	аталған сапаны коммуникацияның нақты шарттарына бейімделуді, ұжымға кірігудің табыстылығын қамтамасыз етеді; қарым-қатынас жағдайын өзгертуге мүмкіндік береді, индивидті өзгермелі жағдайларға жылдам әрі ықпалды бейімделуге қабілетті
В.Н.Дружинин	негізгі көрсеткіші ретінде қарым-қатынастың ағымдағы жағдайын өзгертуге қабілеттілік, яғни тілдік қарым-қатынас жасаушы серіктестердің нақты қойылған мақсатқа жету үшін міне-құлықтың түрлі тактикаларын қолданып қандай да бір бірлескен іс-әрекетті соңына дейін жеткізу, өзара түсіністікке қол жеткізу, түсінбеушіліктерді азайту, қақтығыстарды болдырмау
Т.Ю.Осипова	тұлғаның интегративтік сапасы, өнімді емес қарым-қатынас тәжірибесін үйлесімді өзгертуге шығармашылық қабілеттілік, сонымен қатар жаңа мақсаттар, соның ішінде кедергілер мен стереотиптер қалыптасқан ұстанымдар мен әдеттер шегінен шығу арқылы іске асатын өзара әрекеттестіктің бірегей орталарымен тәсілдері
А.М.Матюшкин	жаңаны табуда мәселенің қойылуымен шешілуінде, мүмкіндіктерді болжауда көрініс табатын зерттеушілік шығармашылық белсенділік
И.В.Морозов, В.Чернелевский	кәсіби сапа
Т.А.Барышева, Ю.А. Жигалов	шығармашылық іс-әрекет процесіндегі басқа адамдармен бірлескен қызметте креативтің көрінуі
А.Г.Грецов	жоғары дәрежелі анықталмағандыққа ие коммуникативтік жағдайларда, яғни табысқа жетуге кепіл болатын алдын-ала белгілі алгоритм жоқ болған кезде өнімді әрекет етуге қабілеттілік
И.А.Алексеева	толыққанды, аутенттік шеттілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін қасиеттердің, қабілеттер мен іскерліктердің жүйесі
В.Кирякова	аксиологиялық компоненті бар, тұлғаның шығармашылыққа және шығармашылық өзіндік іске асыруға бағдарлануы, жоғары құндылық.

Креативтілік бойынша жасалған теориялық талдаулар мен коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру тұрғысынан зерттелген жұмыстар негізінде коммуникативтік креативтілік түсінігінің құрылымын анықтайық. Коммуникативтік креативтілік қарым-қатынастағы шығармашылық, креативтілік тұрғысынан қарастыру қажет. Қарым - қатынастың нақты процесі белгісіздіктің, күрделіліктің, болжаусыздықтың, толық емес және қарама-қайшылықтың жоғары дәрежесімен сипатталғандықтан, біз адами өзара іс-қимыл әрқашан шығармашылық процесс (Т. В. Корнилова, 2014) деп айта аламыз.

Қарым - қатынастың шығармашылық табиғатын М.С.Каган, А.М. Эткинд қарастырып, қарым-қатынас субъектілердің ортақтығын, жаңа тұтастығын туындататын өзара іс-қимылының нәтижесі екенін атап өтті.

Олардың көзқарасы бойынша қарым-қатынас тұлғааралық және тұлғааралық деңгейде шығармашылық сипатқа ие [144].

Бұл ретте біз пәндік саладағы креативтілік туралы білімді қарым-қатынас саласына өзгеріссіз көшіру мүмкін емес деп санаймыз, бірақ кейбір зерттеушілердің жұмыстарында оларды әмбебап деп қарастыру үрдісі бар.

М.И.Меерович, Л.И.Шрагина пікірлерінше: «Креативтілік (шығармашылыққа қабілеттілік) іс-әрекет саласына тәуелсіз жалпы негізгі ие» [145].

Е.В.Цуканова коммуникативтік креативтілік деп - қарым-қатынастың және қызметтің өзгермелі жағдайларына қатысты коммуникативтік мінез-құлықты бейімдеп оңтайландыру қабілетін түсінеді [146].

А.А.Голованованың коммуникативтік креативтілік жеке тұлғаның коммуникативтік факторды жандандыру есебінен проблемаларды шешу үшін стандартты емес және тиімді жаңа мүмкіндіктер жасау қабілетін, қандай да бір коммуникативтік міндетті түбегейлі жаңа немесе жетілдірілген шешуді ашу қабілетін білдіреді деген [78, б.50].

Д.Б.Богоявленская А.В.Брушлинский шығармашылық іс-әрекетке интеллектуалдық шығармашылық алғышарт болып табылады деп тұжырымдайды. Бұл жағдайда оның құрамында коммуникативтік іс-әрекетті іске асыруда танымдық қабілеттердің процессуалдық сипаттамасының басымдығы коммуникативтік және интеллектуальдық креативтіліктің өзара байланысын көрсетеді. Коммуникативтік креативтіліктің макроқұрылымы тұлғаның үзіліссіз-иерархиялық құрылымы контекстінде анық қарастырылады [57, б. 58].

Т.Ю.Осипова ұсынған тұжырымдамаларында коммуникативтік үдеріс-тегі жалпы шығармашылық қабілеттің қарым-қатынастың өнімді тәжірибе-сін иілігі және баламалы өзгерту қабілетін, сондай-ақ жаңа мақсаттарды, өзіндік құралдар мен өзара іс-қимыл тәсілдерін (жаңа тәжірибе), кедергілерді, стереотиптерді, қондырғыларды, ұстанымдар мен әдеттерді «құру» қамтиды [77, б. 45].

Коммуникативті креативтілік формальды-динамикалық деңгейде қарым-қатынастағы креативтіліктің формасы мен өту динамикасын бейнелейтін қасиеттердің жиыны ретінде көрсетілуі мүмкін.

Екінші, тұлғалық (мазмұндық) деңгей, өзіне коммуникативті креативтіліктің қажеттілік-мотивациялық саласымен байланысты көрсеткіштерді біріктіреді. Ал үшінші деңгей коммуникативті креативтіліктің қоғамдық, моральдық, мәдени білімдердің және т.б. әсерімен қалыптасатын ерекшеліктерді сипаттайды.

М.М.Кабанов коммуникативті креативтіліктің негізгі үш түрлі көріну сапасын анықтайды:

1) қарым-қатынастың контекстуальдық сипаттамасында (егер қарым-қатынас тұтастай бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру мен іске асыруға бағытталған болса, коммуникативті контекстің іскерлік тақырыпқа жақындауы);

2) қарым-қатынастың функционалдық бағыттылығында (байланысты қолдау, өзара іс-әрекет координациясы, іс-әрекеттерді өзара түзету, ақпарат алмасу, функцияларды қайта бөлісу);

3) өзара іс-әрекеттердің операциональдық амалдарында (коммуникативті процессті уақытша ұйымдастыру, қарым-қатынас құралдары, мен амалдарын жаңарту) [147, б. 74].

Дегенмен зерттеушілер тарапынан айтылған ой-пікірлердің негізгі идея-сы коммуникативті креативтілік ерекше типтегі лидерлік сапаларға ие, әрекеттердің көптүрлі нұсқаларын коммуникацияда іске асыруға даяр, күрделі коммуникативті шеше алатын, бастамашыл емес стратегиялардан жылдам әрі жеңіл бас тарту, мінез-құлық стилдері мен ондағы өз рөлін өзгертуге бейім тұлға сипаттамасы «қарым-қатынас шебері» деген тұжырымға келеді.

Педагогикамен лингводидактикадағы көптеген ғалымдардың зерттеулері білімгерлердің топтық жұмыстағы коммуникативті креативтілігін белсендіру мен іске асыру мәселесіне арналған. Жоғары оқу орнын бітірушілердің сапасына қойылатын талаптардың өсуі білім беру үдерісіне өзгерістер енгізуге әкелетін ғылыми-техникалық дамудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жетуді өз бетінше негізделген және ықпалды шешім қабылдай алу мен заманауи білім, білік және дағдылар мен іс-әрекеттерді меңгермей жүзеге асыру мүмкін емес.

Коммуникативтік креативтілікті философиялық көзқарас тұрғысынан зерттеу жұмыстарын қарастыруда - шығармашылық ойлауға қабілеттілікті, шығармашылық бастамашылдықты, адамның мақсаттары мен қажеттіліктері-не сәйкес табиғи және әлеуметтік әлемді өзгертуге бағдарланған адамдардың іс-әрекетін көрсететіндігі айқындалды. Ал педагогикада коммуникативтік креативтілік проблемалық жағдайлардың тұрғысынан қарастырылуда және тұтастай алғанда, үнемі өзгертін жағдайларда сансыз коммуникативтік міндеттерді шеше білу қабілеті бағы-тында қарастырылады, атап айтқанда әртүрлі коммуникативтік жағдайларда оңтайлы шешімдер қабылдау қабілеті [148].

Коммуникативтік креативті білім беру үдерісі білімгерлерге білім берудің әрбір деңгейінде ағымдық креативтілік әлеуетті дамытуға ғана емес, алдағы уақытта өзін-өзі тануға, шығармашылық өзіндік дамуға, объективті өзіндік бағалауға қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ бастауыш сынып

мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі білім беру мен тәрбие жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ерекше жаңа коммуникативтік идеяларды табу мен оны іске асыруға қабілеттілігі және кәсіби қызметте кездесетін проблемаларды ұдайы оңтайлы шешуге даярлығы ретінде анықталады [149]. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға негізделген білім беруді іске асыру қажет. Келесі тармақшада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайын зерттейміз.

Коммуникативтік креативтілік мәселесіне жасалған теориялық зерттеулер аталған ұғымның жалпы сипаттамасымен қатар мазмұны бойынша (А.А.Поппель), шешілетін мәселелердің күрделілік деңгейіне байланысты, (Е.Ю.Чичук), тегіне қарай (Н.А.Тюрьмина, В.Ю. Писарева), дамуы динамикасына байланысты (А.Е.Ильиных), функциональдық кеңістікке (А.Е.Банюхова) және басқа да параметрлерге байланысты пәндік креативтіліктен айтарлықтай ерекшеліктерге ие екендігін байқадық.

Біздің көзқарасымызға коммуникативті креативтілікті интегративтік тәсіл арқылы қарастыратын Т.Ю.Осипованың анықтамасы оңтайлы берілген. Ол коммуникативті креативтілікті тұлғаның кіріктірілген сапасы, өнімді емес қарым-қатынас тәжірибесін үйлесімді өзгертуге шығармашылық қабілеттілік, сонымен қатар жаңа мақсаттар, соның ішінде кедергілер мен стерео-типтер қалыптасқан ұстанымдар мен әдеттер шегінен шығу арқылы іске асатын өзара әрекеттестіктің бірегей орталарымен тәсілдері ретінде қарасты-тырады [77, б. 86].

Ғылыми әдебиеттердегі ғалымдардың берген анықтамаларын талдау негізінде *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі дегеніміз «оның өзара субъектіліктілік түсінушілік қарым-қатынасындағы жаңа проблемаларды айрықша, жылдам, маңызды, тиімді қоюды, шешуді қамтамасыздандыратын кәсіби-тұлғалық сапасы»* деп, тұжырымдаймыз.

«Адам-адам» қатынасында кәсіби қызмет жасайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдер үшін кәсіби сапасының құрамындағы коммуникативтік креативтіліктің маңыздылығын анықтау үшін, олардың құраушыларын анықтаудың қажеттілігі туады.

Креативтілік кәсіби іс-әрекеттер барысында дамиды, демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды оларды кәсіби қарым-қатынасқа негізделген коммуникативтік міндеттерді шешуге даярлаумен сабақтастыра қарастыру қажет. Себебі, Педагогтің кәсіби стандартының мазмұнында келтірілген 5-еңбек қызметі мазмұнында мұғалім «әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады» деп белгіленген [2, б. 59].

О.Н.Вишневскаяның зерттеу жұмысында коммуникативтік креативтіліктің когнитивтік, когнитивтік, эмоциональдық құраушылары анықталып, олардың сипаттамалары негізделген.

Коммуникативтік креативтілік құрылымын зерттеу отырып, біз Н.А.Алексеева, А.Е. Ильник, Н.В. Мартышкина жетекшіліктерімен жүргізілген зерттеулерге назар аудармыз.

Ал, А.В.Сарапулова техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің коммуникативтік креативтілігін мәдениетаралық коммуникация процесінде дамытуды зерттеп коммуникативтік креативтілік технологиялық, мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық құраушыларын анықтаған.

Коммуникативтік креативтіліктің құрамдас бөлігі ретінде авторлар өзіндік өзектілендіруге қабілеттілікті, жеке тұлғаның тұрақты әлеуметтік байланыстарға деген қажеттілігін көрсететін әлеуметтік мотивацияны, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мотивациялық ұстанымдарын; коммуникативтік сезімталдығы; кері байланыс негізінде әлеуметтік жағдайдың одан әрі дамуын модельдеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік елестетуді ажыратады.

Отандық және шетелдік авторлар еңбектерінде креативті орталардың негізгі сипаттамалары ұсынылған:

- белгісіздік - дайын үлгілерді қабылдаудан гөрі шығармашылық проблеманы шешуге арналған өз үлгілеріңізді іздеуге күшті ынталандыру;
- көп өлшемділік оларды табу мүмкіндігін береді;
- субъектінің реттелмейтін мінез-құлқы;
- таңдау еркіндігі, барлық қатысушыларға шығармашылық қарым-қатынасын барлық көріністерінде қызметтің еркіндігі.

Коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын зерттеген ғалымдардың оның құрылымы туралы жіктемесін 5 - кестеде көрсетеміз.

Кесте 5 - Ғалымдардың коммуникативтік креативтілік құраушыларын анықтауы

Автор	Коммуникативтік креативтілік құраушылары
А.А.Голованова	диверегенттік әрекет, ақпараттық және ойлау қоры, анықталмағандыққа ашықтық пен толеранттылық, мотивация және мотивтер, қарым-қатынас бойынша арнайы білімдер мен ерекшеленген іскерліктер
Н.А Алексеева	коммуникативтік құзіреттілік, шетелдік сөйлеу іс-әрекетіне мотивация және қарым-қатынас, эмпатия, вербальді креативтілік, тілдік тұлғаның құндылық-мағыналық
Т.Ю. Осипова	коммуникативтік креативтілік, қарым-қатынастың жаңа тактикалары мен стратегияларын, тәсілдерін, амалдарын құрудан бастап өзінің коммуникативтік тәжірибесін жетілдіруге қабілеттілік, кеңейтілген білімдер, қарым-қатынас техникасы, мотивация, эмоциональдық-еріктік
О.Н.Вишневская	конативтік, когнитивтік, эмоциональдық
А.В.Сарапулова	технологиялық, мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық

Ғалымдардың кестеде берілген коммуникативтік құраушыларын талдай отырып А.А.Голованованың коммуникативтік креативтіліктің құрау-шыларын дивергенттік әрекет, ақпараттық және ойлау қоры, анықталмаған-дыққа ашықтық пен толеранттылық, мотивация және мотивтер, қарым-қатынас бойынша арнайы білімдер мен ерекшеленген іскерліктер деп топтастырғанын байқаймыз. Сондай-ақ, ол осы құраушылардың ішкі маз-мұны қатарында коммуникативтік креативтіліктің психодиагностикалық көрсеткіштері тұрғысынан қарым қатынастың жеңілдігіне, икемділігіне және бірегейлігіне мән береді.

Ал Н.А.Алексеева коммуникативтік креативтілік құрамында коммуникативтік құзіреттілікті, шетелдік сөйлеу іс-әрекетіне мотивация мен қарым-қатынас, эмпатия, вербальді креативтілік, тілдік тұлғаның құндылық-мағыналық ерекшеліктерін жатқызады. Олардың ішкі мазмұндық көрсеткіштері тұрғысынан әлеуметтік перцепция, вербальды және бейвербальды экспрессия, мотивация, эмпатия, өзіндік бағаның оңтайлылығы, тілдік алаңдаушылық, өзіндік бағалаудың оңтайлылығы, вербальды креативтілік, ықтимал болжам және т.б. атайды.

Т.Ю. Осипова коммуникативтік креативтіліктің құраушыларына қарым-қатынастың жаңа тактикалары мен стратегияларын, тәсілдерін, амалдарын құрудан бастап өзінің коммуникативтік тәжірибесін жетілдіруге қабілеттілікті, кеңейтілген білімдерді, қарым-қатынас техникасын, мотива-цияны, эмоциональдық-еріктік сапаларды жатқызады. Олардың ішкі құрылымында кедергілерді, стереотиптерді сезіну және еңсері және т.б., кедергілерді, стереотиптерді сезіну және еңсері және т.б., мінез құлық сипатын жағдайлар мен серіктестерге байланысты иілгіш бейімдеу: тәсілдерді, амалдарды, тактикалардың белгілі элементтерін қайта комби-нациялау, қарым-қатынастың жаңа мақсаттары мен құралдарын құру ерекшеліктерін қарастырады.

Аталған авторлардың барлығы коммуникативтік креативтіліктің құрайшылары қатарында дивергенттік әрекет, ойлау, қарым-қатынас техникасы, эмоциональдық еріктік және т.б. болатындығын айтады. Сондай-ақ олар (Н.А.Алексеева, А.А.Голованова, Т.Ю.Осипова) зерттеулерінде ұсынылған коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын құрамын талдау оның компоненттерінің жалпы ұқсастығын көрсетеді, тек жекелеген сипаттамалардың немесе сапалардың аз ғана айырмашылығы байқалады. Барлық ғалымдар ерік-жігерді, коммуникативтік құзыреттілікті және флексибельділік, эмпатия, вербалды креативтілік сияқты қасиеттерді атайды. Коммуникативтік креативтіліктің неғұрлым айқын сипаттары: жаңа тәжірибеге ашықтық, индивидтің мінез-құлқының көптеген нұсқаларын құрудағы жеңілдік, әрекет ету тактикасындағы икемділік, мінез-құлықтың әртүрлі тәсілдерін қолдану, қарым-қатынас тәсілдері мен құралдарының бірегейлігі болып табылатындығына мән береді.

Ал, О.Н.Вишневскаяның коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын конативтік, когнитивтік, эмоциональдық деп, А.В. Сарапулованың технологиялық, мотивациялық, когнитивтік, эмоциональдық деп анықтауын, біз бұл ғалымдардың коммуникативтік креативтіліктің құрамын оларды тұлға

бойында дамыту немес қалыптастыру тұрғысынан айқындаған деп айта аламыз. Өйткені біз зерттеу барысында біріншіден коммуникативтік креативтіліктің өзінің ішкі құрылымын анықтаймыз, одан кейін оларды болашақ мұғалімдердің бойында қалыптастырудың компонентін анықтаймыз.


Сол себепті біз алдымен, әрине жоғарыдағы талдаулар негізінде коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын анықтаймыз. Зерттеу проблемамыздың ерекшелігіне қарай коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын *коммуникативтік қарым-қатынас, тілдік мазмұн, мінез-құлықтық сапа, креативті ойлау, зияткерлік іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті, шығармашылық дарындылық* деп анықтаймыз және оның мазмұнын сипаттаймыз (сурет 1)

Коммуникативтік қарым-қатынас – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру барысындағы икемділікті, әсерлікті, ашықтықты, жылдамдықты білдіреді. Қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-даралық қасиеттерін сақтай отырып әлеуметтік бірлікке жетуді көздейді (кесте 6).

Тілдік мазмұн - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігіндегі сауаттылыққа, сөз жасамға, қабылдауға, мәтіндікке, құрылымдыққа, бейнелікке, өлшемдікке, айқындыққа, дәлдіктікке бағытталады.

Мінез-құлық сапа - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойына эмпатияны, толеранттылықты, түсінушілікті қалыптастырады.

Креативті ойлау - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің айрықшалыққа, қырағылыққа, ұшқырлыққа, ұтқырлыққа, ерекшелікке, стандартты емес шешім табуға жетелейді.



Сурет 1 – Коммуникативтік креативтіліктің құраушылары

Зияткерлік іс-әрекет - ақыл-ойды, дивергентті ойлауды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойына қалыптастырады.

Сөйлеу әрекеті - сөйлеу ырғағы, сөйлеу шеберлігін, жылдам тіл табыса алуын, сөйлеу мәдениетін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойына қалыптастырады.

Шығармашылық дарындылық - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында ұқыптылықты, жинақтылықты, зейіннің тұрақтылығын, еңбек ету қабілетінің жоғарылығын, ақыл-ойын, логикалық ойлауының тездігін қалыптастыруға негіз болады.

Кесте 6 – Коммуникативтік креативтіліктің құраушылары

Құраушылар	Мәні
Коммуникативтік қарым-қатынас	икемділік, әсерлік, ашықтық, жылдамдық
Тілдік мазмұн	сауаттылық, сөз жасам, қабылдау, мәтіндік құрылымдық, бейнелік, өлшемдік, айқындық, дәлдік
Мінез-құлық сапа	эмпатия, толеранттылық, түсінушілік
Креативті ойлау	айрықшалық, қырағылық, ұшқырлық, ұтқырлық, ерекшелік, стандартты емес шешім табу.
Зияткерлік іс-әрекет	ақыл-ой, дивергентті ойлау
Сөйлеу әрекеті	сөйлеу ырғағы, сөйлеу шеберлігі
Шығармашылық дарындылық	ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің
	тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы, ақыл-ой, логикалық ойлауының тездігі

Зерттеу барысында біз коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын (коммуникативтік қарым-қатынас, тілдік мазмұн, мінез-құлықтық сапа, креативті ойлау, зияткерлік іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті, шығармашылық дарындылық) анықтап алғаннан кейін, жоғарыда атап өткендей болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтілік креативтілігін қалыптастыру мәселесін, яғни осы аталған коммуникативтік креативтілік құраушыларды қалыптастырудың мәнін ашуға және қалыптасуын айқындайтын компоненттерін анықтауға талпынамыз.

Осыған байланысты әдебиеттерде анықталған «қалыптастыру», «қалыптасу» ұғымдарына мән береміз. Педагогика ғылымында «қалыптастыру» ұғымы педагогикалық өзара байланыстағы «оқыту – білім беру – тәрбиелеу – шығармашылық іс-әрекет – даму – қалыптасу» категорияларының негізінде ашып көрсетіледі.

«Қалыптасу» – адамды қоршаған экологиялық, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, психологиялық және т.б. барлық факторлардың түгел-дей ықпал-әсер етуімен әлеуметтік тіршілік иесі ретінде өсіп, жетілу үдерісі.

Қалыптасу адамның тұлға ретінде кемелденуі, байыпты парасат деңгейіне жетуі болып табылады [150].

Сонымен, «қалыптастыру» ұғымы сыртқы факторлар арқылы ішкі сапалық қасиеттерді орнықтыруда көрініс табатындығымен сипатталады. Ал «қалыптасу» болса, негізінен ішкі факторлар арқылы жүзеге асырылады және іс-әрекет нәтижесімен анықталады. Педагогикалық үдеріске, оның ішінде педагог пен білім алушыға қатысты қалыптастыру мен қалыптасу ұғымдары мен оның аясындағы іс-әрекеттердің өзара байланысы мен ықпалының бар екендігін көруге болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативтілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісіндегі білімді меңгеру мен іскерлікті (психомоторлы дағды-ларды) және жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыру үдерісінде және оқыту мен оқу үдерісінде орындалады [151].

Жоғарыдағы баяндаулардан қалыптастыру меңгертумен, қалыптасу меңгеру іс-әрекеттерімен байланыстылығын көреміз. Меңгеру дегеніміз – жинақталған әлеуметтік тәжірибенің тұлғаның жеке басының игілігіне айналуы және сол арқылы тұлғаның жеке басының қасиетіне айналуы (И.Я.Лернер), білімді өзіндік ету дегеніміз – түсіну, есте сақтау және қол-дана білу (М.Н.Яковлев), яғни, бұрынырақ түсінгенді және есте сақтағанды практикада пайдалану мүмкіндігі [152, 153].

А.Е.Ильин коммуникативтік креативтілікті дамытуды зерттеуде, жүйелік ұстанымына сәйкес кез-келген психологиялық феноменді басқа психологиялық қасиеттермен бірге қарастырған жөн, сондықтан оның құрамына келесілер енеді деп тұжырымдайды:

- мотивациялық параметрлері: шығармашылық ұстанымы, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, жеке өсу, өзін-өзі тану, өзара әрекеттесудің шығармашылық сипатына ұмтылу;

- когнитивтік параметрлер: ауызша сөйлеу, ауызша сөйлеу құралдарын қалыпты емес пайдалану, сөйлеу, күнделікті коммуникативтік жағдайларда жаңа сөйлеу үлгілерін іздестіру;

- коммуникативтік параметрлері: ауызша сезімталдық тілді пайдалану мүмкіндігі ретінде байланыс жағдайына барабар және семантикалық бұрмаланусыз ақпаратты қабылдау; ауызша емес сезгіштік қарым-қатынаста лайықты түрде пайдаланылу мүмкіндігі ретінде ауызша емес қарым-қатынастың әр түрлі түрлері; басқа адамдардың мінез-құлқын дұрыс түсіндіру қабілетінде көрінетін мінез-құлықтық сезімталдық, сондай-ақ әлеуметтік жағдайға сәйкес басқа адамдармен қарым-қатынаста әртүрлі мінез-құлық стильдерін қолдану;

- эмоционалдық параметрлері: өнімді өзара әрекеттесу, серіктестің эмоционалды жағдайын түсіну және сезіну мүмкін емес; құрылымдағы маңызды компонент ретінде эмпатия, ол байланыс процесін сүйемелдейді және әлеуметтік шығармашылық көрініс тұрғысынан эмоционалдық жағдайды сақтауға ықпал етеді;

- экзистенттік параметрлері: адамның түпнұсқалығы, өмірдегі мақсаттың бар болуы, мағыналылығы, уақыттың келешегі [154].

А.М. Матюшкин пайымдауынша, өнімді үдерістерді дамыту қажеттілігі проблемалық жағдайдан туындайды. Ол адамның жаңа белгісіз қасиетті, объектіні үлгілеу немесе көшіру әдісін табу қажеттілігі бар субъект пен объект арасындағы өзара әрекеттесудің осы түрін сипаттайтын қиын жағдайды деп атайды. Бұл проблемалық жағдай оның танымдық қажеттілігі мен *когнитивтілігімен* сипатталады. Өндірістік үдеріс осы қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған когнитивтік қызметті қамтамасыз ететін пәннің танымдық қажеттілігінен туындайды [59].

Шығармашылық кәсіби ойлауды ескере отырып, М.М.Кашапов проблемалық мәселенің пайда болуын шығармашылық ойлаудың үлгісі ретінде қарастырады, ол ақпараттың жетіспейтінін іздеуге, оны талдау мен жалпылауға көмектеседі. Мәселенің маңызды ерекшелігі ретінде, автор тақырыпты олардың шешу қажеттілігін және негізінен жаңа, бұрын қолданылмаған әдісті көрсетеді [155].

Тағы бір маңызды тетік - *ішкі мотивацияның болуы*. Е.Виннер атап өткендей, «белгілі бір кезеңнен кейін бұл қабілет жеке және мотивациялық факторға қарағанда анағұрлым маңызды рөл атқарады».

А.А. Бодалев, В.А. Кан-Калик, Н.Е. Кузьмина, Е.В.Цуканова және басқалар коммуникациядағы креативтілікті дамыту біріншіден, қарым-қатынас тәжірибесі мен мінез-құлықтың қазіргі жағдайына, өзі және басқалар туралы психологиялық білімдерге, екіншіден, мінез-құлықтық үлгілер, үшіншіден, жеке мотивацияның ерекшеліктері шешуші ықпал ететіндігін айтады [156, 157, 158, 145].

Т.Ю.Осипова коммуникациядағы креативтілікті дамыту үшін коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік икемділік және жеке тұлғаның құндылықты мотивациялық саласының ерекшеліктерін дамыту қажеттілігін айтады. Автордың пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік коммуникативтік креативтілікті дамыту үшін негіз болып табылады, өйткені коммуникативтік білім мен коммуникациялық техниканың жоқтығы, эмпатикалық және өзін-өзі реттейтін дағдылар болмаса, қолданыстағы коммуникация тәжірибесін өзгерту мүмкіндіктері өте шектеулі [77, б. 58].

Екінші жағынан, елеулі құзыреттілік кейде креативтік үдерістерге кедергі келтіруі мүмкін. Коммуникативтік креативтілікті дамыту үшін коммуникациядағы шығармашылық тұлғаның сипаты: қарым-қатынасқа батылдық, басқа адамдардың пікірін ескеру қабілеті, өз пікірін білдіру қабілеті және басқасын тыңдау, серіктестің жағдайды қабылдау, қарым-қатынастың өздігінен және байланыс үшін «ашықтық» ретінде қарастырылады.

Е.Л.Яковлев когнитивтік мазмұнның эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін түрлендіруді шығармашылық әлеуетті дамытудың басты принципі ретінде өзінің жеке басын іске асыру ретінде қарастырады. Автордың пікірінше, жеке даралықты білу - бұл өзінің эмоционалдық жай-күйін білу ғана емес. Креативтілікті дамытудың ең маңызды шарты - бұл адамның эмоционалдық ерекшеліктері мен бостандығы [159].

А.Н.Банюхова коммуникативтік креативтілікті дамытудағы оқытудың мақсаты тұрғысынан әртүрлі әлеуметтік жағдайлардың себептері мен

динамикасын түсіну және талдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ тиімді, креативті, стандартты емес шешімдер жасау жеке тұлғааралық қарым-қатынас жағдайларын қарастырған [160].

Н.Д. Хмель болашақ мұғалімдердің даярлығын «мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық компоненттердің тұрақты бірлігі, себебі мамандықты меңгерген тұлға кәсіби мазмұндық, тұлғалық, процессуалдық аспектілермен байланысты болады» деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым педагогикалық үдерістің тұтастығы туралы білімнің негізінде мұғалімді кәсіби даярлауды қалыптастыру қажеттігін теориялық тұрғыдан айқындап берді. Сондай-ақ педагогикалық процесті басқару үшін мұғалімнің теориялық даярлығы маңызды екенін дәлелдеді. Оның пікірі бойынша, мұғалімге жалпыға бірдей қабылданған пәнде педагогикалық даярлық, сабақ беретін пәннің мазмұнын жақсы білу жеткіліксіз, оған қосымша мұғалімнің бойында педагогикалық үдерістің тұтастығын қамтамасыз ететін, алуан түрлі жағдайда іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін арнайы кәсіби қасиеттер болуы керек деді [161].

Н.А. Тюрьмина негізгі өлшемдер қатарында адам субъект ретінде қайталанбас, жеке-психологиялық сипаттамасымен коммуникативтік креативтілік сапасында көрініс табатын нысанның ерекшелігін атайды. Автордың көзқарасы бойынша бұл нысанның өзіндік *ішкі бай әлемі*: мотивтері, қызығушылықтары, ұстанымдары, басқа адамдарға қарым- қатынасы, өзіндік бағасы, тартымдылық деңгейі бар болғандықтан оны тануда айтарлықтай қиындықтар туындатады [162].

Екіншіден коммуникативті креативтілікті қалыптастыру көзі *адамдармен қарым-қатынас үдерісі* болғандықтан, баланы сәби шақтан айналасындағы адамдармен өмірлік маңызды қарым-қатынас жасау жүйесіне қатыстырудан бастау алатын пәндік креативтілікке қарағанда анағұрлым ертерек танылады. Критерий ретінде сонымен қатар *жеке тұлғалық аспектілер бөлінеді*: коммуникативтік креативтілік көбінесе эмоциялық және қажеттілік-мотивациялық салалармен, өзіндік сана құрылымымен бірігеді. Бұл өзара байланыс өзін тек басқа адамдармен ғана емес, сонымен қатар өзімен қарым-қатынаста анықтайды, яғни адам тұлғааралық өзара іс-қимыл саласында ғана емес, өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу саласына қатысты тәсілдерде де ашуға қабілетті. Әлеуметтік-психологиялық креативтілік адамның өзін-өзі тану құрылымына кіріктірілген деп айтуға болады [163].

К.М.Романова ұсынған тағы бір критерий коммуникативтік креативтілік пәндік креативтілікке тән емес-психологиялық ойлаудың ерекше түрінің болуымен айрықшаланады. Бұл түсінік басқа адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін онымен ықпал ету арқылы танудан - оның сыртқы немесе ішкі белсенділігін өзектендіруден тұрады.

Сондай-ақ, Н.А. Алексееваның көзқарасы тұрғысынан коммуникативтік креативтілік өнімі келесі параметрлер бойынша талданады: эмоциялық (оның қатысушыларында үдеріске қанағаттанушылық сезімі), іс-әрекет (серіктестердің проблемаларын шешудің жемісті болуы), жеке (қарым-қатынасқа қатысушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы мен тұлғалық дамуы үшін жағдайлардың болуы) [164], адамгершілік (жоғары адамгершілік

құндылықтарға сәйкестігі) (Г.С.Батищев, С.Л.Братченко, И.А.Ильин, М.С.Каган) [165, 166].

Демек, авторлардың айтуынша, коммуникативтік креативтілік өнімі субъективті жаңалығымен, жеке тұлғалық өзгеруімен ерекшеленеді, бірегей және қайталанбас болып табылады.

Зерттеушілер атап көрсеткен тағы бір ерекшелігі, креативтіліктің қарым-қатынас саласында өзіндік тетіктерді - рефлексияны, эмпатияны көрсетеді. А.Е.Банюхованың пікірінше, эмпатия қарым-қатынас үдерісін сүйемелдейді және әлеуметтік шығармашылық пайда болған жағдайда эмоциялық ортаның қолдауына ықпал етеді. К.Роджерс сондай-ақ эмпатикалық түсінуді жасампаз шығармашылыққа ықпал ететін қажетті шарттардың бірі деп санайды [160, б.199].

Сонымен қатар рефлексия тетіктері тек қарым-қатынас процесіне тән, ол әлеуметтік психологияда тұлғаның өзін серіктес ретінде қалай қабылдайтынын түсінуі, бұл басқа сені қалай тануы. Б.З.Вульфовтың пікірінше, рефлексия- бұл «ішкі күмәннің жағдайы, өмірде туындайтын мәселерді, қиындықтарды өздерімен талқылау, болып жатқан немесе күтілетін жауаптардың нұсқаларын іздеу, ішкі жұмыс, өмірлік жағдайды талап ететін өзіндік «мен» мүмкіндіктері, қалыптасқан психологиялық-педагогикалық жағдай» [167, б. 111].

Коммуникативтік креативтілік көбінесе үш негізгі салада байқалады:

1) қарым-қатынастың сипаттамасы (егер жалпы қарым-қатынас бірлескен қызметті ұйымдастыруға және іске асыруға бағытталған болса, коммуникативтік іскерлік тақырыпқа жақындату);

2) қарым-қатынастың іс-әрекеттік бағыты (қарым-қатынасты қолдау, өзара іс-қимылды үйлестіру, іс-қимылды өзара түзету, ақпарат алмасу, қызметтерді қайта бөлу);

3) қарым-қатынастың қызметтік бағыты (қарым-қатынасты қолдау, өзара іс-қимылды үйлестіру);

4) өзара іс-қимылдың операциялық тәсілдері (коммуникативтік үдерісті уақытша ұйымдастыру, қарым-қатынас құралдары мен тәсілдерін жаңарту). Бұл салаларды тиімді коммуникацияны ұйымдастыру және жүргізу кезінде есепке алу қажет [168].

Коммуникативтік креативтіліктің категориялық белгілерін талдау кезінде біз Л. И. Уманскийдің еңбектеріндегі коммуникативтік креативтілікті қарастыра отырып, жеке тұлғаның арнайы қасиеттерін анықтаймыз - ұйымдастырушылық қабілеттер, атап айтқанда, "ұйымдастырушылық сезім", оған келесілер енеді: психологиялық таңдау (өзін осындай жағдайда елестету қабілеті, психологиялық білім алу қабілеті, түсіну және болжау, эмоциялық жағдайлардың ұйымдастырушылармен және т. б. үйлесімділігі), ақыл-ойдың іс жүзінде-психологиялық бағыты (адамдардың өзара қарым-қатынасында тез бағдарлану қабілеті, нақты өмірлік жағдайларда адамдардың психологиялық жағдайын ескеру және т. б.), психологиялық такт (адамдармен өзара қарым-қатынаста өзін ұстау қабілеті), дұрыс үн табу қабілеті, адамдарға жеке көзқарас және т. б.). Бұл сапалар, автордың айтуынша, "шығармашылық" сипатқа ие

және біздің көзқарасымызша, серіктестердің бір-бірін қабылдау процесінде және субъектінің коммуникативтік міндетті шешу жағдайында өз көрінісін табады.

О.Б. Дмитриева болашақ мұғалімдердің кәсіптік әрекетіне психоло-гиялық даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеген. Ол студенттің кәсіптік даярлығын келесідей анықтаған: «...кәсіптік даярлық тұлғаның жеке қасиеті мен болашақ қызметінің негізгі алғышарты. Студенттің кәсіптік даярлығы өз міндеттерін табысты орындауға, меңгерген білімін, дағдыларын дұрыс пайдалана білуге және кез-келген кездейсоқ жағдайларда өзіне-өзі есеп бере алуы мен бағалай білуіне ықпал етеді». Автор жеке тұлғаның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы шығармашыл, өз мүмкіндіктерін барабар бағалап, барынша жүзеге асыра алатын жоғары білікті болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеуді қатар ала отырып, даярлауды ұсынған [169].

И.М. Попов бойынша, студенттің кәсіптік даярлығы «өз мамандығы аясында міндеттерді шеше алатын, алған білімін, дағдыларын одан әрі жетілдіруге қабілетті тұлға» [170].

Е.Г. Гализина жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдердің мотивациялық кәсіптік даярлығын қалыптастыруды тұрақты бағдар мен мотивтер жүйесі тұрғысынан қарастырған. Болашақ мұғалімнің белсенді мотивациялық кәсіптік даярлығын қалыптастыруға бағытталған психоло-гиялық күйі мен мүмкіндіктерін қарастырған. Автор болашақ мұғалімнің кәсіптік даярлығын жеке тұлғаның сипаттамасы, қасиеті ретінде қарасты-рады. « ... кәсіптік даярлық ұғымы, жеке тұлғаның еңбек нарығында бейімде-лу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалау қасиеттерін қалыптастыруы. Кәсіптік даярлық барысында тұлғаның дамуы жүзеге асады. Кәсіптік тұлғаның қалыптасуы оның мамандықты таңдаған сәтінен бастап, бүкіл ғұмыры бойы жалғасады дейді [171].

Р.Х. Манасян студенттің кәсіптік даярлығы ұғымын төмендегідей анық-анықтаған: «...жаңаша талаптарға жауап бере алатын, өзін-өзі бағалауға қабілетті, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға дайын, болашақ кәсібіне рефлексивті бағыты бар тұлға» [172].

А.К. Фридзон болашақ мұғалімнің кәсіптік даярлығын қалыптас-тырудың бірнеше шарттарын айқындаған: кәсіптік міндеттерді тиімді шешудің негізі, шығармашылық және қатысымдық құзырлықты қалыптас-тыру; болашақ мамандығын қадірлеу және кәсіптік мүмкіндіктері мен даму перспективасын бағалау; жоғары оқу орындарының оқыту жүйесінде белсенді әдістерді қолдану. Автордың айтуынша, оқыту үдерісінде аталған мүмкіндіктерді туғызу студенттердің кәсіптік даярлығының деңгейін көтеруге ықпал етеді [173].

И.А. Шапочникова студенттің кәсіптік даярлығы – мотивациялық, бағыттаушылық, операциялық-әрекеттілік, бағалаушылық компоненттерінің интеграциясы деп түсінеді. Мұнда студенттің кәсіптік даярлығының компоненттері кәсіптік міндеттерді ойдағыдай шешу қажеттілігі, міндеттерді шешу үдерісіне қызығушылығы, ұмтылуы, кәсіптік міндеттерді түсінуі, шешу жолдарын білуі, маңыздылығын бағалай білуі, кәсіптік қызметіне сәйкес қабілеттіліктері, өзін-өзі бағалай алуы, т.б. қарастырылған [174].

Д.А. Осбель студенттерді кәсіптік даярлауда пайда болатын қажеттіліктерінің алты түрін ұсынған: 1) оқуға қажеттілік, білмегенді білуге ұмтылу; 2) ортаға ықпал ету, оны өзгертуге қажеттілік; 3) әрекетке қажеттілік, қабілетті дамыту және көрсету; 4) ой-пікірмен, идеямен, сезіммен ынталандыруға қажеттілік; 5) білімге қажеттілік, оны өңдеуге, нәтижесін, әсерін интернализациялауға, қарама-қайшылықтарды шешуге, мәселенің шешімін іздеуге қажетті-лік; 6) өзінің «менінің» маңыздылығын ұлғайтуға және басқалардың оны құптауына қажеттілік [175].

Педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыру және басқару, білім алушының танымдық қызмет әдістерін белсенді меңгеру бағдары, білім берудің маңыздылығы, барлық білім беру үдерісінің білім алушы тұлғаға бағытталуы, оның өзін-өзі көрсете білу мүмкіндігіне жағдай жасау, түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау, педагогикалық қызметті педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан құру, білім алушының мәдениетаралық байланысын қалыптастыру-болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінің мазмұны болып табылады.

Жоғарыда берілген болашақ мұғалімнің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мақсатында ғалымдардың анықтаған компоненттері мен өлшемдеріне жасалған талдау бізге *бірқатар тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:*

1) болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру олардың кәсіби даярлығының құрамдас бір бөлігі болып табылады;

2) осыған сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда жоғары оқу-орнының оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктері пайдаланылады;

3) коммуникативтік креативтілікті тұлға бойында қалыптастыруда коммуникативтік креативтілік құраушылары тұлғаның бірқатар сипатын анықтайтындығын көрсетеді: *психологиялық ішкі күйі* (қажетсінуі, түрткісі, ерік-жігері және т.б.), *білімдерінің болуы* (тілдік, зияткерлік, шығармашылық), *жеке тұлғалық қасиеті* (эмпатия, толеранттылық, адами қарым-қатынас және т.б.), *мінез-құлықтық* (сөйлеу мәдениетін, креативтік ойлауын, дарындылығын) іс-әрекетте көрсете алуы)

4) осы анықталған сипаттарға сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының компоненттерін *мотивациялық* (психологиялық ішкі күйі - қажетсінуі, түрткісі, ерік-жігері және т.б.), *когнитивтік* (тілдік, зияткерлік, шығармашылық-танымдық білімдернің болуы), *функционалдық* (мінез-құлықтық эмпатия, толеранттылық, адами қарым-қатынас сөйлеу мәдениетін, креативтік ойлауын, дарындылығын іс-әрекетте көрсете алуы) тұрғысынан анықталады.

Осы жасаған тұжырымдарымыз негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының компоненттерін (*мотивациялық, когнитивтік, функционалдық* анықтап, оған сәйкес өлшемдерін, көрсеткіштерін белгіледік (7 – кесте).

Кесте 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
1	2	3
Мотивациялық	коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға ынтасы	коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуі; - шығармашылығын дамытуға ынталылығы; - зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысы; - қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуі және т.б.
Когнитивтік	коммуникативтік креативтілігі құраушылары бойынша білімі	коммуникативтік креативтілік саласынан білімі; - коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруі;
Функционалдық	коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте таныта алуы, бағалауы	проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігі; кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігі; коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейту іскерлігін жетілдіру; тиімді коммуникациялық іс- әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалау.

Сонымен кестеде көрсетілгендей болашақ бастауыш сынып мұғалімінің *мотивациялық* компонентінің *өлшемі* - коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға ынтасы болса, оның *көрсеткіштері* қатарында коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуін; шығармашылығын дамытуға ынталылығын; зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысын; қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуін және т.б. атауға болады. *Когнитивтік* компоненттің *өлшемі* - коммуникативтік креативтілігі құраушылары бойынша білімі, ал оның *көрсеткіштері* - коммуникативтік креативтілік саласынан білімі; коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруі; тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімі; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімі; - коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру

әдістемесін меңгеруі және т.б. *Функционалдық* компоненттің *өлішемі* - коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте таныта алуы, бағалауы; *көрсеткіштері* - проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігі; кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігі; коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейту іскерлігін жетілдіру; тиімді коммуникациялық іс- әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің көрсеткіштеріне сәйкес *пассивті* (төмен), *эвристикалық* (орта), *креативті* (жоғары) деңгейі белгіленді.

Пассивті деңгейі. Коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінбейді, шығармашылығын дамытуға ынталанбайды; зияткерлік іс-әрекеттерін танытпайды, қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінгісі келмейді. Коммуникативтік креативтілік саласынан білімі таяз; коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын білмейді; тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімдері болғанмен, оның кәсіби мәнін түсіне бермейді; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімі аз; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесін меңгермеген. Коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте танытпайды, бұл істе өз әрекетін бағаламайды *көрсеткіштері* - проблемалық жағдайларды стандартты емес тұрғыдан, жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді шеше алмайды. Бұл тұрғыдан өзін жетілдірмейді.

Эвристикалық деңгей. Коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінгенмен, шығармашылығын дамытуға ынталанбайды; зияткерлік іс-әрекеттерін танытқысы келгенмен оған ерік-жігері жоқ. Адами қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінеді, бірақ оны практикада, өмірлік жағдаяттарда, кәсіби салада көрсете бермейді. Коммуникативтік креативтілік саласынан білімі бар; коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын біледі; тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы хабары бар, бірақ оның өз кәсібіндегі мәнін жете түсіне бермейді; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімі аз; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесінен ішінара білімдері бар. Коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте танытуға ұмтылады, ол күрделі емес жағдаяттарда көрініп қалады. Проблеманы стандартты жолмен шешеді. Сөйлеу мәдениетін сақтайды, бірақ әрі қара жетілдірмейді. Мәселелерді шешу барысында ашықтыққа, икемділікке бар бермейді, жылдам шешім қабылдауы мүмкін, бірақ оның маңыздылығы на мән бермейді. Шешімдер қабылдауда да ерекшелік, айрықшалақ, қырағылық байқалмайды. Коммуникациядағы адами қарым-қатынасты жақсы сақтағанмен, креативтілік таныта бермейді. Қысқаша айтқанда осы деңгейде тұлғаның тілдік мазмұны мен коммуникативтік қарым-қатынасы жақсы дамығанмен, креативтілігі

байқала бермейді. Коммуникациядағы шығармашылықты түсінгенмен, оны ішінара көрсетеді, негізінен стандартты қарым-қатынасты қолдайды.

Креативті деңгей. Коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға ынтасы айқын байқалады. Зияткерлік іс-әрекеттерін таныта алады, оған ерік-жігері жақсы дамыған. Эмпатияны, толеранттылықты адами қарым-қатынаста, өмірлік жағдаяттарда, кәсіби салада көрсете алады. Коммуникативтік креативтілік саласынан білімі терең; коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын жете біледі; тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімі жан-жақты, осы білімдердің өз кәсібіндегі мәнін жете түсінеді; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімі бар; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесінен біледі. Коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте танытаат алады. Күрделі жағдаяттарда, проблеманы қоюда және шешімдер қабылдауда стандартты емес жылдам, жеңіл, ерекше, айрықша ойын таныта алады, ойының ұшқырлығы мен ұтқырлығын көрсете алады. Сөйлеу мәдениеті жоғары. Коммуникациялық қарым-қатынаста ашықтық, икемділік танытады. Бір сөзбен айтқанда коммуникациялық субъектаралық өзара түсінушілік қарым-қатынаста тілдік мазмұны, сөйлеу әдебі, зияткерлік ақыл-ой өрісі, шығармашылық дарындылығы дамыған, стандартты емес ерекше ойлайтын, жылдам жеңіл шешім шығаратын тұлға деңгейі.

Сонымен біз 1.2 тармақшасында коммуникативтілік креативтілік құраушыларын, коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда айқындалатын компоненттер мен өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтадық. Аталған қалыптастыруды жүйелі іске асыру үшін зерттеу проблемамыздың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап алу қажеттілігі туындады. Ол туралы 1.3 тармақшасында жан-жақты баяндалады.

1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін жүйелі қалыптастырудың қажеттілігі оның құрылымдық-мазмұндық моделін жасау керектігін туындатты. Осыған орай зерттеу проблемамыздың моделін жасаудан бұрын, алдымен модель ұғымына, олардың түрлеріне талдау жасап кетуді жөн санадық.

«Модель» термині, латынның «modules» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді деп көрсетілген [176]. Қазақша-орысша аударма сөздікте «Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Модель» - бір нәрсенің үлгі макеті. Қазіргі заманға сай жаңалау, жинақтау деген түсінік береді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель - үлгі, макет» - деп беріледі [177]. Ал «нобай - бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы».

Философиялық сөздікте «Модель» - зерттеу үшін арнайы жасалған объектіде, басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Объектінің өзін тікелей зерттеу мүмкін болмаса, қиын қымбатқа түссе не көп уақыт жұмсауды

кажет ететін болса, онда модельдеу қажеттігі туады. Модельдердің негізгі артықшылығы - олардың қолайлылығы, шапшандығы және зерттеуге кететін шығынның аздығы [177, б . 58].

Философтар пікірінше «модель» - деп, объект туралы жана ақпарат беруге қабілетті ауыстыратын объектіні бейнелейтін немесе тудыратын материалдың жүзеге асқанын немесе ойша бейнеленген зерттеу жүйесін айтады. Модель түсінігін қалыптастыру үшін, ең алдымен оның қайда «жұмыс істеу» қажеттігін түсініп, ол қандай талаптарға жауап беретіндігін шешіп алу қажет [177, б . 60].

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: Біріншісі - оқу үрдісіндегі білімді меңгеру болса, екіншісі - оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады.

Сонда, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде - модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін білім алушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді [177, б . 75].

Модельдеу әдісі - ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық процестер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге, тағы басқаға байланысты [178]. Модельдеу кез келген затты мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модель зерттеліп жатқан объектінің (субъект) баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Заттар мен процестерге қосалқы белгілерден айырып, объектіні құбылыстарға, ондағы жалпы, негізгі, елеулі белгілерді табуға мүмкіндік беріледі. Сол себепті модельдеу танымның әдісі, формасы, категориясы болып есептеледі [178, б . 58].

Теориялық тұрғыдан қалыптастырылған ережелердің өзі азаматтық заңдар мен заңдылық актілердің жеке - дара көрінетін моделі болып табылады. Қандай да бір кітаптың мазмұны оның моделі ретінде қарастырылады. Сондықтан да модель қандай да бір объектінің немесе құбылыстың, үдерістің өмір сүруі мен жүзеге асырылуының сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Модель негізінен модельдеудің барысында жүзеге асырылады. Педагогикалық тұрғыдан зерттеліп отырған сапаны қалыптастыру моделін сызба түрінде де, мазмұндық сипаттама ретінде де беруге болады.

Модельдерді жасау үдерісі ғылымдарды дамыту үдерісі секілді үздіксіз болып келеді. Оқу барысында көрнекті модельдер жиі пайдаланылады. Модельдер білім алушыларға тікелей қабылдау үшін түсініксіз нысандар мен үдерістерді көзбен шолып елестетуге көмек береді.

Модельдерді шартты түрде үш түрге бөлуге болады: физикалық (түпнұсқаға ұқсас); заттық-математикалық (олардың физикалық табиғаты прототиптен ерекшеленеді, бірақ түпнұсқаның әрекетінің математикалық сипатталуы мүмкін); логикалық-семиотикалық (арнайы таңбалардан, символдар мен құрылымдық кестелерден құралады) [179].

Модельдердің аталмыш түрлері арасында аса қатты шекара жоқ.

Педагогикалық модельдер көбіне аталған түрлердің екінші және үшінші тобына кіреді. Бұдан кейін модельдерді жасау, зерттеу және пайдалану үдерісі болып саналатын «модельдеу» ұғымына тоқталған жөн. Тұлға модельдерді жасау үшін «материалдардың» екі типін - сананың өзінің құралдарын және қоршаған материалдық әлемнің құралдарын пайдаланады, сондықтан модельдер абстрактілі (идеалды) және пәндік (нақты, заттық) болып бөлінеді. Модельдеу формалары алуан түрлі және пайдаланатын модельдер мен оларды қолдану саласына байланысты. Модельдердің сипатына қарай заттық және таңбалық (ақпараттық) модельдеу түрлері ерекшеленеді [180].

Заттық модельдеу белгілі геометриялық, физикалық, динамикалық немесе модельдеу нысаны - түпнұсқаның функционалды ерекшеліктерін көрсететін модельге негізделеді; атап айтқанда - *ұқсас модельдеу*, яғни түпнұсқа мен модельдің әрекеті бірыңғай математикалық арақатынастармен, мысалы, бірыңғай дифференциалды теңдеулермен сипатталады. Егер модель мен модельденуші нысан бір физикалық табиғатқа ие болса, онда *физикалық* модельдеу туралы айтылады. Таңбалық модельдеуде кестелер, сызбалар, формулалар т.с.с. модель болып әрекет етеді [181].

Абстрактілі модельдер ойлау, сана-сезім құралдарымен құрылған идеалды құрылымдар болып табылады. Абстрактілі модельдер тілдік құрылымдар болып табылады және басқа адамдарға түрлі тілдердің, түрлі деңгейдегі мамандықтардың тілдерінің құралдарымен қалыптасып, жеткізілуі мүмкін. Абстрактілі модельдер табиғи тіл, «кәсіби» және /немесе жасанды тілдер, оның ішінде формалданған тілдер арқылы - мысалы, логикада, математикада жасалады. Нәтижесінде тілдер иерархиясы мен модель типтерінің тиісті иерархиясы пайда болады. Бұл спектрдің жоғары деңгейінде табиғи тілдің құралдарымен жасалатын модельдер мен барынша қол жетерлік нақтылыққа және бүгінгі жағдай үшін ғылымның аталмыш саласының дәлдігіне ие модельдерге дейін бар. Практикалық педагогикада модельдеудің маңыздылық мәселесін қарастыра келе модельдеудің: дескриптивтік, болжамалы және нормативтік функцияларына жүгінген жөн.

Дескриптивті функция абстракциялау есебінен модельдер бақыланатын құбылыстар мен үдерістерді қарапайым ғана түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдағы сәтті модельдер ғылыми теориялардың компоненттеріне айналады және олардың мазмұнын бейнелеудің тиімді құралы болып табылады.


Модельдеудің болжамалы функциясы оның болашақ қасиеттерді және модельденетін жүйелердің жағдайын, яғни «не болатынын» білу үшін алдын ала айту мүмкіндігін бейнелейді. Модельдеудің нормативті функциясы «қалай болу керек?» деген сұраққа жауап беруге және тиісті жүйені сипаттап қана қоймай, сонымен қатар оның нормативті бейнесін - мейлінше субъект тұрғысынан, қызығушылықтары мен артықшылықтарын құруға мүмкіндік береді. А.Н. Дахиннің ойынша «модельдеу» мен «жобалау» терминдерін салыстыру олардың өзара мағыналық тұрғыдан «үлес қосуына» алып келеді, өйткені жоба жүйе ретінде модельдің қосалқы жүйесі болып табылады, және керісінше жобалаудың өзі біршама ұсақ модельдерден тұруы мүмкін [181, б. 59]. Жобалау жеке модельдердің құрылуын көздейтінін, модельдеу, өз

кезегінде, элементтер жиынтығынан тұратынын, оның ішінде жобалау теориясын қамтитынын ескере кеткен жөн. Дидактикада модельдеудің рөліне - оқыту теориясына арналған педагогика бөліміне жүгіне отырып кестелерді, физикалық конструкцияларды, таңбалық формулаларды, бір сөзбен айтқанда модельдерді пайдаланбай оқушылар үшін материалды баяндау үдерісі тиімсіз болатынын айта кету қажет. Дидактикада модельдеу оқу материалының құрылымын оңтайландырудың, оқу үдерісін жоспарлауды жақсартудың, танымдық қызметті және оқу-тәрбиелік үдерісті, оқуды диагностикалауды, болжауды, жобалауды басқарудың маңызды мәселелерін шешу үшін қолданылады. Жалпы білім беру циклінің кез келген пәні модельге сүйенгенді жөн көреді. Педагог А.Н. Дахиннің [181, б. 78] бөлген кезеңдерінде педагогикалық модельдеудің негізгі ережелерін тұжырымдауға болады: 1) үдеріске ену және модельдеу үшін әдіснамалық негіздерді таңдау, зерттеу пәнін сапалы түрде сипаттау; 2) модельдеу міндетінің қойылуы; 3) зерттелетін нысанның негізгі элементтері, нысанның параметрлері және осы параметрлердің өзгеруін бағалау критерийлерін анықтау арасында тәуелділікті нақтылау арқылы модельді жасау, өлшеу әдістемелерін таңдау; 4) алға қойған мәселелерді шешуде модельдің сәйкестігін зерттеу; 5) педагогикалық экспериментте модельді қолдану; 6) модельдеу нәтижелерін мазмұнды түсіндіру.

Модельдеуді қолдану оқу-тәрбиелік құбылыстар мен үдерістердің маңыздылығын барынша тереңінен танумен, зерттеудің теориялық негіздерін тереңдетумен байланысты. Педагог-зерттеуші: оқу үдерісінің құрылымын оңтайландыру, оқушылардың танымдық дербестігін, оқу үдерісінде білім алушыларға деген тұлғалық-бағдарланған тәсілді белсендендіру моделін әзірлей алады.

Модель ұғымының мәнін, түрлерін талдау нәтижесі *оның ғылым саласына қарай құрылуында ерекшеліктері болатындығын көрсетті. Дейтұрғанмен модельдің белгіленген заттың, құбылыстың, үдерістің басталуынан соңына дейтін оған қажет болатын өзарабайланыстағы жасау, түзету, бағалау мазмұнын, әдіс-тәсілдерінің жиынтығын жүйелі қамтитын мазмұндық құрылым, екендігінің барлығына ортақтығын жоққа шығармайды. Біз де зерттеуімізде өзіміздің модель туралы осы тұжырымымызға сүйене отырып, педагогикалық модель, соның ішінде зерттеу проблемамыздың құрылымдық мазмұндық моделін жасаймыз.*

Мақсаттық бөлімде мақсаты, басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар, қағидалар қамтылса, *мазмұндық* – аталған қалыптастыруды қамтамасыздандыратын оқу мазмұнын қарастырады, ал *іс-әрекеттік* – осы мазмұнды жүзеге асыратын формаларды, әдіс-тәсілдерді, құралдарды, педагогикалық экспериментті, жалпы қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыруағы барлық процессуалдық әрекеттерді жинақтайды, нәтижелік коммуникативтілік креативтілік қалыптасқандығының компоненттерін, өлшемдері мен деңгейлерін белгілейді (сурет 2).



Сурет 2 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделі

Диссертацияда олардың әрбірінің мазмұнына тоқталып өткенді жөн көрдік. 1) Модельдің *мақсаттық* бөлігі. Зерттеу проблемасының *мақсаты* бүгінгі күннің қоғамдық сұранысынан, әлеуметтік тапсырыстан туындады. Әлеуметтік тапсырыс - кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға мемлекеттің атынан Мақсат - педагогиканың негізгі санаттарының бірі болып табылады. Олар білім берудің мақсаттары, білім мақсаттары, жеке сабақтың мақсаттары, даму мақсаттары, тәрбиелеу және т.б. туралы айтады. Зерттеушілердің осы мәселеге көңіл аудармауына байланысты білім беру практикасында мақсатты қалыптастыру мәдениетінің төмен деңгейі байқалады.

Ұлы орыс ғалымы И.П. Павлов өзінің «Мақсаты рефлекс» атты жұмысында адамның өмірінің басты шарттарының бірі болып мақсатқа ұмтылу болып табылатын атап өтті және мақсатты рефлексінің нәтижесі ретінде белгілі бір кедергілердің болуын атап өтті: «Егер біздің әрбіріміз осы рефлексімізді өзіміздегі ең құнды бөлік ретінде бағалайтын болсақ, егер ата-аналар мен барлық мұғалімдер бұл рефлексімізді басты міндеттеріне айналдырса, біздің қоғамымыз бен мемлекетіміз осы рефлексіміздің тәжірибесіне кең мүмкіндіктер ашса, онда біз өзіміздің тарихи өміріміздің көптеген эпизодтарына және біздің шығармашылық күшіміздің кейбір соққыларына қарағанда, біз кім болуымыз керек және кім бола аламыз деген сұрақтарға жауап бере аламыз» [182]. Педагогикалық санат ретінде мақсаттың мәні неде? Ғылыми әдебиеттерде орын алатын бірнеше анықтаманы берейік. Мақсат - миға кодталған «мұқтаж болашақтың имиджі», «акцептордың нәтижелерін қабылдау», «ұмтылу мақсаты, қажет нәрсені жүзеге асыру керек»; «күтілетін нәтиженің саналы бейнесі, оның жетістікке жетуінде адамның әрекеті бағытталған»; «белгілі бір объектіні қайта құру негізінде алдын ала жоспарланған, болжамдалған (психикалық немесе ауызша) нәтиже»; "белгілі бір уақыт кезеңінде қол жеткізілетін қызметтің күтілетін нәтижесі". Мақсатты анықтау кезінде көрсететін инвариантты белгілердің бірі болашақ нәтиже бейнесі болып табылады, ол бейнелеу нысаны бойынша не перцептивті бейнелер мен модельдер түрінде, не вербалды ұғымдар, пайымдаулар мен ой-пікірлер түрінде ұсынылуы мүмкін. Алайда, болашақта нәтижеге қол жеткізу немесе жақындау қажеттілігі, ұмтылу, мақсат болған кезде ғана нәтиже бейнесі немесе ұғынуы мақсат болып табылады. Осыған орай, "мақсат" ұғымын құрайтын тағы бір белгі, болашақ нәтижеге қол жеткізуге деген қажеттілік пен ұмтылыстың болуы болып табылады. Сонымен қатар, мұнда уақыт факторын қосу керек, өйткені мақсат - бұл белгілі бір уақыт кезеңінде қол жеткізілетін нәтиже. Сонымен, "мақсат" ұғымы үш негізгі белгімен сипатталады: болашақ нәтиже бейнесі, қажеттіліктің болуы, осы нәтижеге жету деген ұмтылыстың болуы, белгіленген уақыт кезеңі. Демек, мақсат қою, мақсатты жоспарлау - іс - әрекет процесіндегі негізгі сәті және адамның жаңа іс-әрекетін қалыптастырудың басты тетігі. Осы жалпы белгілерді ескере отырып, оқыту мақсатын анықтауға болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделі құруда келесі ғылыми тәсілдерге сүйендік. Әдіснамалық тұғырлар: жүйелік, коммуникативтік - іс-әрекеттік, жеке тұлғаға бағдарлық. Әдіснамалық тұғырлар дегеніміз - педагогикалық мәселені зерттеудегі қолданылатын

ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы. Жүйелілік - тұлғаның коммуникативтік креативтілігін жоспарлауда логикалық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық қабілеттеріне мақсатты-жүйелі түрде ықпал ету арқылы дамыту. Білім алушының кәсіби білімі мен біліктілігінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі жүзеге асыруды жоспарлауы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеумен сипатталады.

Жүйелік педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы түрінде қарастыруға бағдарлайды. Жүйелік амал барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері, (болашақ бастауыш сынып мұғалімі мен білім алушылар), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, құзыреттілік түрлері, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл - күй - әрекет қатынас тәжірибесі), педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен мен технологиялары, түрлері, мәліметтер қоры [183, б. 75].

Жүйелік тәсіл айналадағы нақтылықтардың үдерістері мен құбылыстарын тұтас байланысыменен өзара шарттасуларын бейнелеуі. Зерттеуші мен практиканттың өмір құбылыстары үшін анықталған, құрылулары мен өзінің жеке қызметтік заңдарының бар жүйесі ретінде қарауына қажеттілік бағдарлайды. Жүйелік тәсіл - жеке өзіндік компоненттерге қатысты емес, өзара олардың байланысын, дамуын және қозғалысын қарастыруында [174, б. 71].

Жүйелік тәсіл құраушы элементтерінде жоқ, кіріктірілген жүйелік қасиеттер мен сапаларды, сипаттамаларды айқындауға мүмкіндік туғызады. Жүйелік тәсіл пәндік, функционалдық, тарихи тұғырлары тарихилық пен нақтылық, жан-жақты байланыстары мен даму секілді зерттеу ұстанымдарының біртұтастықтан іске асыруларды талап етуі. Жүйелік тәсіл педагогикалық теория, эксперимент және практика ұстанымдарын барлығын іске асыруды талап етеді. Өндірістік практика кезінде теориямен жасалып, жеке эксперименттерде кезінде тексерілетін ғылыми білімдердің критерийі болып табылады. Практика ол білім берудегі жаңа мәселесі болып табылады. Ал теория дұрыс практикалық шешімдерге негіз болғанымен, бірақ білім беруде пайда болатын ғылымдық мәселелер мен міндеттерді зерттеуді қажет ететін жаңа сұрақтар туындатады.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл әрбір іс-әрекетте сыртқы (практикалық) және ішкі (теориялық) жоспарлар болатын психологиялық жағдайға негізделген. Әрбір іс-әрекетте, оның ішінде коммуникативтік креативтілік, екі жағдайға да қатысты элементтерді ерекшелеуге болады:

- Сыртқы (практикалық) - пәндік; іс-әрекет түрлері, оның пәндері, іс-әрекеттер, операциялар, орталар және нәтижелер;
- Ішкі (теориялық) - тұлға және оның компоненттері: мотивтер, құндылықтар, орнатылымдар, іс-әрекеттің тұлғалық-мәнді мақсаттары [184].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда тұлғалық-бағдарланған тәсіл негізінде субъект-объект қарым-қатынасынан субъект-субъект қарым-қатынасына ауысу жатыр. Бұл ауысу іс-әрекеттің тұлғалық және пәндік жақтарының өзара байланысы мен өзара өтулері заңдылықтарының іске асырылуы деңгейімен анықталады.

Аталған заңдылық келесі ұстанымдар шеңберінде іске асырылады: тұлғалық бағдарлану - іс-әрекетің жеке мақсаттарды қанағаттандыруға бағытталуы, оның мотивтеріне, құндылықтарына, тұлғалық ұстанымдарына сәйкестік; құндылықты мәнділік - іс-әрекетке және оның нәтижелеріне жеке пайда немесе пайдасыздық, жеке мәндік және мәнсіздік тұрғысынан тәсіл.

Тұлғалық бағдарланған тәсіл - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптасуы қоғамның субъекті ретінде дамуы. Көп деңгейлі білім беру түрлі сферадағы құзыреттіліктерді меңгеріп қана қоймай, тұлғалық, мінез-құлықтық тұрғыдан да өзгеруді қажет етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің қоршаған ортаны тану, талдау, жүйелеу, оған деген қатынасын қалыптастыру және осы ортада өзін-өзі коммуникативтік креативті дамытуға қабілеттілігінің арқасында педагогикалық іс-әрекеттің субъектісіне айналады.

Коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру ұғымы туралы түсінігі; болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзін өзі дамытуға, өздігінен білім алуға, өзінің адамгершілік мәдениеті мен коммуникативтік креативтілігін педагогикалық іс-әрекетке жұмсауға деген қызығушылығы, әрбір білім алушының іс-әрекеті мен өзіндік жұмысқа белсенділігін арттыру болып табылады. Сонымен, тұлғалық-бағдарланған тәсіл екіжақты бағыттылыққа ие: оқу үдерісін білім алушы және болашақ бастауыш сынып мұғалімі тұрғысынан қарастыруға болады.

Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделі құруда келесідей қағидаларды негізге алдық. Қағида (латын сөзі) - басшылыққа алатын идея, негізгі талап, қағида. Дидактикалық қағидалар - оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, әдістерін оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі. Оқыту қағидалары дидактиканың категорияларына жатады. Олар оқыту заңдарын және заңдылықтарын пайдалану әдістерін сипаттайды.

Саналылық қағидасы білім алудың мәні терең және дербес ұғынылған білімдер құрайды, олар өз ойын қарқынды жұмыс істеу жолымен игеріледі. Бұл қағидаға негіз болатын заңдылықтар: тек өз ақылымен қабылдаған сапалы да, саналы білім тұлға білімінің шынайы өзегі болады; білім алушылардың білімді саналы түрде меңгеруі таным әрекетінің белсенділігі мен оқуға ынталануы, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қолданатын әдістерге тәуелді, ғылыми білімдерді меңгеруде саналылық, әрі белсенділік танытқан білім алушылар ғана оны терең және ойларына берік тоқулары сөзсіз. Жүйелілік қағидасы келесідей ғылыми жағдайларға негізделеді: білім алушының миында қоршаған дүниенің анық суреті бейнеленгенде ғана ол нағыз және іскер білімге ие болады. Бұл принциптің өзекті негіздері: тұлға миында сыртқы дүниені бейнелейтін өзара байланысты түсінілген жүйесін қалыптасқанда ғана, оның білімі толық және шынайы болады; оқылатын оқу материалын белгілі реттілікпен білім алушыларға жеткізгенде, олардың санасында ғылыми білімдер жүйесі қамтамасыз етіледі; ғылыми білімдер жүйесі оқу материалының ішкі логикасына және әрбір білім алушының таным мүмкіндіктеріне бағынышты; білім алушыларды логикалық ойлауға үйрету, дағдыларын жүйелі түрде

шынықтыру, олардың тұлғасын үзіліссіз, кедергісіз дамыту. Бұл принцип оқытудың ғылымилығы принципімен тығыз байланыста болғандықтан, ғылыми білімдер негізін білім алушылардың жүйелі түрде және реттілікпен ұғынуы сабақтардың мазмұнының негізгі өзегі болуы тиіс. Ғылымилық қағидасы - білім беру мазмұнын меңгеру және білім алушылардың танымдық күшін дамыту - оқыту процесінің екі өзара байланысты жақтары; оқу материалын меңгерудің беріктігі тек қана объективті факторға емес, сонымен бірге субъективті факторға да тәуелді; білімді меңгерудің беріктігі оқытуды ұйымдастырумен, әр түрлі формалар мен әдістерді қолданумен, оқытудың уақытымен шартталады; оқушылардың есте сақтауы таңдаушылық сипатта болады. Білім алушыларға ғылым орнатқан білімдерді меңгертуді талап етеді. Оқытудың ғылымилық принципіне орай білім алушыларға ғылыми білімдер мен ғылыми әдістерді меңгерту керек. Бұл қағиданың астарында жатқан заңдылықтар: дүниені танып білуге болады, адам өмірінде ғылымның рөлі күннен күнге өсуде, оқытудың ғылымилығы, оқытудың мазмұны мұғалімнің іс - әрекеті арқылы жүзеге асады. Мысалы, педагог ғылым жаңалықтарын тұлға үшін қызмет ететінін түсіндіре отырып, білім алушыларда дүниеге диалектикалық, ғылыми материалистік көзқарас қалыптастырады. Саналылық пен белсенділік қағидасына негіз болатын заңдылықтар: тек өз ақылымен қабылдаған сапалы да, саналы білім тұлға білімінің шынайы өзегі болады; білім алушылардың білімді саналы түрде меңгеруі таным әрекетінің белсенділігі мен оқытудағы ынталануы, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қолданатын әдістеріне тәуелді, ғылыми білімдерді меңгеруде саналылық, әрі белсенділік танытқан білім алушылар ғана оны терең және ойларына берік қабылдайды.

2) Модельдің *мазмұндық* бөлігін қамтитын оқу мазмұны («Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курс бағдарламасы, *оқу құралдары*: «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті»; *электронды оқу құралдары*: «Қарым-қатынас мәдениеті», «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы»; *оқу модулі бойынша жеке сабақтар*: Педагогика, «Педагогикалық технология және инновация») 2.1 параграфында толық баяндалатындықтан, осы параграфта оны қайталап жатуды жөн көрмедік.

3) Модельдің *іс-әрекеттік* бөлімі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру және оны іске асыру барысының өзі күрделі үдеріс және оны оқытудың тәсілдері әдістемемен байланыстырылуы керек, ондағы талдау, жинақтау мен сәйкестіктері арқылы нәтижесін шығарып, білім алушылардағы ойлауларын қамтамасыз ету керек сонымен қатар, өзінің болашаққа деген жауапкершілікті сезініп, соған қол жеткізуінің мәселелерін қарастырып отыр. Оқытушы мен оқу үдерісі үшін білім алушылардың ойлауы үлкен мәнге ие. Бұл білімді меңгерудің әдістері мен тәсілдері ретінде де қарастырады. Ойлау түрлері білім түрі, білімді меңгеру, оқу әдістері, логикалық тәсілдер ретінде де сипатталады. Мұнда бастысы - ойлау мен білімді пайдалану.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін тиімді оқыту әдістерін талдау келесі әдістердің тиімділігін

көрсетті: коммуникативтік әдіс, тест әдісі, тренинг технологиясы, жобалық оқыту, іскерлік ойындар арқылы оқыту, сауалнамалар, миға шабуыл әдісі, пікірталас және т.б. әдістер.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің бірі - коммуникативтік әдіс. Коммуникативтік әдіс алдымен қарым-қатынас практикасын дамытуға бағытталған, әрі сөйлеу мен тыңдауға бағдарланған. Аталған әдіс білімгерлердің тілді меңгерудегі қорқыныштарын болдырмауға бағытталған. Ол жаттығуларды орындау барысында ойын жағдайларын, топта немесе жұптық жұмыс жасауды ұйымдастыруға негізделген оқыту әдісі [185].

А.В. Конышева [186] коммуникативтік әдістің келесі ұстанымдарын атайды: сөйлеу бағыттылығы (қарым-қатынас арқылы сөйлеуге үйрету); функциональдылық (меңгеру нысаны сөйлеу құралымен іске асырылатын функциялар болып табылады); жағдай (оқу үдерісін рөлдік ұйымдастыру); жаңашылдық (қарым-қатынас пәнін, талқылау мәселелерін, сөйлесу серіктесін, қарым-қатынас шартын ауыстыру және т.б.); қарым-қатынастың тұлғалық бағдарлануы (білімгерлердің, білімгерлер топтарының жеке қызығушылықтарын ескеру); модельдеу (модель түрінде үйренілетін тіл мемлекетінің мәдениетін, тіл жүйесін ұсыну).

Тест - жүйені әртүрлі жағдайларда орналастыру және бақылауға болатын өзгерістерді қадағалау арқылы жүйенің негізгі процестерін зерттеу әдісі. Тесттер оларды өтуге болатын адам туралы бір нәрсе білу үшін қажет. Мұндай сынақтардың белгілері: қысқа мерзім, стандарттау, күрделі техникалық құралдарды қажет етпейді, нәтижелер - сан, статистикалық өңдеу.

Тренингтер - қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабақтары. Тренингте қатысушының қызметін және жүктелген міндеттерін орындауда дұрыс, оңтайлы әрекетті таңдау мен бекітуге, қалыптасқан дағдыға айналдырып отыруға үйренеді. Тренингтер білім алушыларда арнайы практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін арналады, онда жұмыстың жалпы әдістемесі қаралмайды.

Тренингтердің басты мақсаты - үйренудің ең тиімді жолдарын игеру. Мұнда білім алушылар өз әрекеттерін қалайша тиімді түрде ұйымдастырып, жұмыста оң нәтижеге қалайша жету керектігі мәселесімен айналысады. Сол себепті де тренингтерде оқу мазмұны тек практикалық тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, білім алушылар тренингтерде арнайы берілген жағдайлар мен жағдайларды модельдейді, оларды қатысушы ретінде өздері «ойнап шығады». Осындай әрекеттер арқылы білім алушылар қажетті практикалық білік пен дағдыларды бекітіп, өздерінің өмірлік тәжірибелері мен жұмыс тәсілдеріне өзгерістер енгізеді. Тренингтердің соңында білім алушылар үйренген дағды және машықтары тұрғысында пікір алмасып, олардың тиімділігі мен маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, талқылайды. Мұндай жұмыс әр білім алушының өз ойлары мен пікірлерін қағазға түсірумен аяқталады.

Әдетте тренингтерде келесідей интербелсенді тәсілдер қолданады: іскерлік және рөлдік ойындар, нақты жағдайлар мен жағдайларды талдау, топтық пікірталастар, презентациялар. Мысалы, білім алушы топтарына педагогикалық практикада туындаған мәселені шешудің, белгілі бір жағдайдан шығудың ең тиімді жолдарын табу немесе қандай да болмасын әрекетті жүзеге асыру тапсырмалары берілді делік. Мұндағы мәселе білім алушының нақты дағды немесе тәжірибеге үйреніп, оларды практикалық әрекеттер арқылы бекітуінде. Сол себепті де білім алушылар берілген уақыт ішінде өз әрекеттерін талқыға салып, жоспарлап алып, өз шешімдерін жағдайды көрсету, оны рөлдерге бөліп ойнау арқылы басқаларға жеткізеді. Мысал ретінде: тасырманың орындалу ретіне қарай ойында, қатысушылар оқу орнына енді орналасқан маман ретінде өз ролін орындап шығуы керек. Ол жерде басшылық қызмет болуы мүмкін немесе орындаушы қызметкер болуы мүмкін. Ойын барысында осы қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, сөйлеу мәдениеті маңызды.

Әрбір топтың осындай әрекеттері тренинг аудиториясында талқыланады, басқа топ білім алушылары өз пікірлерін келтіреді, сұрақтар қояды. Бұл жерде талқылау пікірталасқа да айналып кетуі мүмкін. Әңгіме аяғында сөз жағдайды көрсеткен топқа екінші рет беріліп, олар өз әрекеттеріне қандай өзгертулер енгізгендігі туралы баяндайды.

Тренингтердің түрлері.

Презентация (презентациядан Praesento - презентациядан) - (ұйым, жоба, өнім және т.б.) материалды ұсынуға арналған құжат немесе құжаттар жиынтығы. Презентацияның мақсаты аудиторияға таныстыру нысаны туралы толық ақпаратты ыңғайлы түрде жеткізу болып табылады. Таныстыру маркетинг және PR құралдарының бірі болып табылады.

Тренингтердің бірыңғай және жалпы қабылданған жіктемесі жоқ, бөлу әртүрлі негізде жүргізілуі мүмкін, бірақ тренингтердің негізгі түрлері әсер ету критерийіне және шебер, психотерапевтикалық, әлеуметтік-психологиялық, бизнес-тренингтер өлшеміне сәйкес бөлінуі мүмкін.

Психотерапиялық тренинг (психотерапиялық топтың дұрыс атауы) сананың өзгеруіне бағытталған. Адамның нақты және қабылдамайтын нәрсені қабылдайтын жолын өзгерту, стереотиптік мінез-құлық тәсілін өзгерту: енді осы шұңқырға қалай түспеу керек; қолдау көрсету. Бұл топтар психотерапияның қазіргі бар бағыттарымен – психодрама, бағытталған топтар, би-қозғалыс терапиясы және т.б.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг (SPT) аралық орынды алады, ол сананың өзгеруіне және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. (SPT) жиі әлеуметтік қарым-қатынастарды өзгертуге және адамдар арасындағы қарым-қатынаста дағдыларды және тәжірибені дамытуға бағытталған.

Біліктілікті арттыру нақты дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған. Бизнес-тренингтердің көпшілігінде машықтану тренингтері, мысалы, келіссөздер жүргізу, өзін-өзі таныстыру, сатылым техникасы және т.б.

Жоба әдісі - білім алушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, коммуникативтік креативтілікті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жобалаудың жалпы құрылымы:

- 1) алдымен жобаның тақырыбын, типін таңдау;
- 2) зерттеудің маңыздылығы;
- 3) міндеттерді топтарға бөлу, зерттеу әдістерін талқылау, ақпарат іздеу, коммуникативтік креативті шешімдер қабылдау;
- 4) зерттеулердің коммуникативтік креативтілік міндеттері бойынша өзіндік жұмысы, бақылау;
- 5) алған ақпараттары бойынша талқыға салу;
- 6) қорғау.

Жобалау әдісіне қойылатын талаптар:

- зерттеудегі коммуникативтік креативті жоспардың мәселелері мен міндеттерін кіріктірілген білімді, оны шешу үшін ізденушілігін талап ету;
- практикалық, теориялық, танымдық нәтижелердің көрсеткіштері;
- білім алушылардың өздігінен іс-әрекет етуі;
- жобалаудың мазмұнының құрылымы.

Жобалау әдісінің алгоритмі:

1. Мәселе
2. Жобалау
3. Ақпарат көздерін іздестіру
4. Нәтижені қорытындылау
5. Презентация.

Жобалау технологиясы арқылы орындалатын жұмыстарды өз деңгейінде дұрыс ұйымдастыру үшін олардың типтерін білу - басты талап. Жоба түрлері: 1) әрекет түріне қарай: зерттеушілік, коммуникативтік креативті, рөлдік, қолданбалы, моножоба, пәнаралық; 2) пәндік-мазмұндық сипатына қарай: моножоба және пәнаралық; 3) қарым-қатынас тәсіліне қарай: тікелей қарым-қатынас; коммуникациялық технология; 4) үйлестіру сипатына қарай: тікелей, жанама; 5) байланыс сипатына қарай: аймақтық, оқу орнында орындалатын және халықаралық; 6) қатысатындардың санына қарай: жекелік, жұптық, топтық; 7) орындалу уақытына қарай: қысқа мерзімдік, орта мерзімдік, ұзақ мерзімдік деп іштей топтастырылады. Бұл жобалар мазмұндық сипаты жағынан іштей екі үлкен топқа: ғылыми-ізденіс және қолданбалы-практикалық болып біріктіріледі.

Жобада оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтерді беруші рөлін атқарады. Өз күшімен жоба-тапсырманы орындауда тіл білім алушылар өз жұмыстарын жоспарлау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда оқытушы оқу үдерісін сабақ беру логикасына бағындырмайды, керісінше, білім алушының білімді өздігінен игеру логикасына бағыттайды. Тәжірибеде жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстарында оқытушы мынадай

педагогикалық шарттарды ұстанса, табысты нәтижеге қол жеткізілетіні анықталды:

а) білім алушыларға коммуникативтік креативті және өзекті тақырыпты таңдау мүмкіндігін беру;

ә) білім алушыларға жобаны іске асыруға қажетті әдістерді өз еркімен пайдалануын жүзеге асыру;

б) топтық жұмыста рөлдерді өздеріне таңдату;

в) білім алушылардың зерттеу қызметінде олардың ізденісін қолдау, демеу жасау;

г) сағаттар кестесін қатаң сақтай отырып кеңес беру;

ғ) кезеңаралық жұмыстарды қорытындылауды ұйымдастыру;

д) білім алушылардың жасаған жоба жұмыстарын өзара, өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу;

е) жобаның тұсаукесерін салтанатты түрде ұйымдастыру.

Жоба әдісін қолдануда білім алушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өзіндік коммуникативтік креативтіліктерін арттырады. Жоба әдісінің басты мақсаты - тәжірибе жүзінде орындауға бағытталған белгілі бір міндеттерді немесе әр сала бойынша білімдерін толықтыруды талап ететін маңызды тапсырмаларды орындау барысында білім алушының өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Жобалау әдісі арқылы ұсынылатын тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар коммуникативтік креативті ойлауға, өз әрекетін өз бетінше жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге алдын ала болжам жасай білуге, жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді.

Іскерлік оқу ойындарында білім алушылар қандай да бір қойылым ауқымында рөлдерді өзара бөлісіп, зерттеу жұмыстарын жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практикалық мәселелерді бірлесе отырып шешеді. Оқу ойындарының қойылымдары тақырып ауқымында болып, күрделі мәселелерді ойын тұрғысынан, «ойнап» шешуге бағытталады.

Оқу ойындарының екі түрін ажыратуға болады:

1) Сабақ тақырыбы бойынша жазылған қойылымдар бойынша (оқытушылар мен білім алушының өздері жазған) қысқа жағдайларды ойнау.

2.) Компьютерді қолданатын коммуникативтік креативті ойындар-мультимедиялық ойындар, - интернетте коммуникативтік креативтілікке негізделген іздеу ойындары.

Компьютерлік ойындарда білім алушылар бірнеше топқа бөлініп, бөлек аудиторияларда отырып, бір-бірімен интернет арқылы байланысуына болады.

Оқу ойындары қойылымдарының негізінде қандай да болмасын мәлімет (оқулықта немесе басқа да ақпарат көздерінде берілген құжат, оқиға, мәтін, деректер) жатады. Мәлімет қойылымда өзінің деректік қалыпынан айрылып, білім алушының рөлдерге бөлініп, ойнауына мүмкіншілік туғызатын қызықты оқиғаға айналуы керек.

Сауалнама әдісі ғылымда кеңінен тараған және көбіне жиі қолданылатын әдістердің бірі. Бақылау барысында зерттеуші объектінің тек қана нақты мінез-құлқын белгілейтін болса, сауалнаманың көмегімен ол білім алушылардың

бүгінгі қылықтары туралы кең көлемде мағлұмат ала алады, сонымен қатар олардың өткен уақыттағы тыныс - тіршілігімен бірге болашақ жоспары, ниеттері жөнінде ақпарат алады. Сауалнама әсіресе индивидтердің субъективті жай-күйі жөнінде мәлімет алу қажет болғанда таптырмайтын ереше құнды әдіс болып есептеледі. Сұрақтардың жиынтығы бұл әдістің түп негізін құрайды. Сұраулардың көмегімен ақпарат алып жиналады. Ғылымда сауалнама жүргізуші адамдар-анкетерлар (Сауалшылар) және сұрақтарға жауап қайтарушылар - респоденттер деп аталады. Алынған ақпараттың сипатына қарай және оны алу тәсіліне қарап сауалнама бірнеше түрге бөлінеді. Сауалнама әдісінің екі түрі болады, олар: анкеталық және сұхбат, сұхбатнама. Сұрақтарға жауап алу ұжымдардың және жеке тұлғалардың кез келген мәселе негізінде пікірін білуге мүмкіндік жасалады. Бұл әдіс әсіресе құжаттардың көмегімен зерттеу, бақылау т.б әдістерді қолдану күрделі қиыншылықтар болған кезде қолданылады. Сауалнама көбінесе алдын ала дайындалған анкетамен жүргізіледі, сауалнамаға қатысушының аты-жөні көрсетілмей жасырын түрде болады. Жалпы анкета үш бөлімнен құрылады: - үндеулік;- негізгі; - төлқұжаттық.

Үндеулік сауалнамада зерттеудің қысқаша мақсаты айтылады және мәні мен маңыздылығы айтлып, зерттеу нәтижесі қалай қолданылатыны жөнінде жазылады, анкетаны орындау ережесі көрсетіледі, кері келген жауаптардың жасырын түрінде болады.

Сауалнаманың негізгі бөлімінде керек ақпараттарды алуға арналған сұрақтар болады. Бастапқы сұрақтары түсінікті, қызықты болуы маңызды және сұрақтар олардың пікірлерін, оқиғаларын, қазіргі жағдайға беретін бағаларын білуге бағытталуы, әрі күрделі болуы керек.

Төлқұжаттық сауалнамада респоденттердің демографиялық мәліметтері (жасы, жынысы т.б) бойынша сұрақтар қойылатын болады. Сауалнаманы құрастыруда сұрақтардың тұжырымдылығына назар аударылады.

А. Осборн ұсынған әдіс - brain storming - «миға шабуыл» әдісін қарастырайық. Бұл әдістің қарапайымдылығы және белгілі бір қызмет саласына бағытталмауы оның кең таралуына алып келді. А. Осборндың «Тәжірибелі қиял» кітабы бүгінгі күнге дейін көптеген американдық колледждер мен университеттерде мамандардың коммуникативтік креативті қабілеттерін дамытуды оқытуда ұсынылатын кітаптардың бірі болып табылады.

Құрылымы да өте қарапайым болғандықтан, миға шабуыл әдісі зияткерлік қызметті басқаруға айтарлықтай әсер етті. Мәселені шешу келесі кезеңдерден тұрады: алғашқы кезеңде идеялар сарапқа салынады, ал екінші кезеңде болса олар бағаланып, нақтыланады және әрі қарай дамиды. Бұл үшін 2 топ құралады: Миға шабуыл әдісін байқап көруге қатысушылар (мәселенің шешімінің нұсқауларын іздеушілер) және сараптама комиссиясының мүшелері (ұсынылған материалдарды өңдеушілер). 2 топтың идеяларын қорытындылау үшін жетекші тағайындалады - ол 4-11 адамнан тұратын топты басқарады. Топтың мүшелері өзара сенімділік ахуалын құруға кедергі келтіретін «көшбасшы-ізбасар» қатынастармен байланысты болмауы керек. Жетекші топ

мүшелеріне 2-3 күн бұрын шешілетін мәселенің мәні туралы хабарлайды. Мәселе мүмкіндігінше жан-жақты, терең анықталған болуы керек.

Қатысушылардың ешқайсысында ұсынған ой құнсыз болып қалуы мүмкін деген күмән болмауы керек. Ұсыныстар мен ойларды сөз, интонация, қимыл, іс-әрекет арқылы теріс бағалауға болмайды; айтылған ойды сынға алуға тыйым салынады, керісінше, идеялардың дамуына қолдау көрсету қажет; қатысушылар өз ойларын ашық және еркін білдіруі керек; топ мүшесі өз ойын дұрыс еместігі туралы уайымдамауы керек. Себебі осында шағын идеялардан үлкен идеялар туылуы әбден мүмкін.

Идеялар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Ұсыныстардың қаншалықты тез түссе, мәселе соғұрлым тез шешіледі. Миға шабуыл әдісі бойынша жетекші топты өзі тағайындаған бөлмеге жинап мәселені талдайды. Бірінші топ мүшелері қандайда бір қиын болмаған сұрақты талқылау арқылы сергіту сәтін өткізіп, кейін негізгі мәселеге көшеді. Миға шабуыл әдісін жүргізу 2-3 сағатқа жалғасады, хатшы кеңесте түскен ұсыныстарды парақшаға жазып алып, көбінесе таспа пайдаланады. Аталған әдісті өткізу үдерісін жылдам аяқтауға болмайды, себебі жаңа идеялар барлық мүмкін ұсыныстар айтылып болды деген кезде пайда болады.

Пікірталас - білім алушының оқу орнындарында өтілетін топтарда немесе шағын топтарда нақты бір өмірге байланысты мәселесімен өзінің көзқарастарын білдіріп мен пікірлермен алмасып, пікірлерін дәлелдей отырып, басқа да көзқарастармен толықтыру.

Пікірталас – оқу мен оқытудағы тиімді тәсіл болып табылады, себебі білім алушылар қандай да бір мәселені немесе сол мәселені жан-жақты қарастырып және талқылау арқылы өздерінің теориялық, практикалық білімдерін жинақтап және оларды қолдану арқылы, өзіндік көзқарасын дәлелдеп және қорытындылап, басқа пікірлерді де ескеріп, өз қажеттілігіне қарай қолдануға үйренеді.

Білім алушылар пікірталаста еркін қарым-қатынаста болып, өз позицияларын қалыптастыру және қорғау, оларды өзге пікірлермен салыстыру әрекеттерімен айналысады. Сол арқылы олар демократиялық қоғамның басты ерекшелігі болып табылатын идеологиялардың қақтығысуына белсенді түрде араласады. Пікірталас білім алушы аудиторияға өмірдің шынайы мәселелерін әкеліп, оларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады, ең тиімді шешімдерін табуға бағыттайды.

Алғашында қандай да болмасын сипатта болған білім алушылардың пікірталас пен сайыста келтірілген өзге тұжырымдардың ықпалымен өзгереді, яғни олардың қасиеттерін белгілі бір дәрежеде қабылдайды, өзіне сіңіреді.

Пікірталастың басты мақсаты - әр білім алушының қарастырылған мәселе бойынша өзіндік пікір, көзқарасты қабылдауы, бір байлам мен шешімге тоқтауы. Мұндай мәселенің ғылымда, теория мен практикада нақты шешімі бар болғандықтан, оны білім алушылар аудиторияда тек өздері үшін ғана қабылдайды.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары - белгілі бір тәртіпте жүзеге асырылатын, болашақ бастауыш сынып мұғалімі мен білім алушылардың

келісілген іс-әрекетінің сыртқы көрінісі. Олар әлеуметтік шартталған, дидактикалық жүйелердің дамуымен байланысты пайда болады және жетілдіріледі.

Оқыту жұмысын ұйымдастырудың қосымша формалары бар: дәріс; практикалық жұмыс; семинар; СӨЖ; СОӨЖ; тренингтер; әлеуметтік желілер және т.б.

Жоғары оқу орнындағы дәріс - оқытудың дидактикалық циклінің басты негізі. Оның мақсаты - студенттердің оқу материалын қабылдауларын қалыптастыру болып табылады. Заманауи жоғары мектептер үшін дәріс өте өзекті. «Дәріс» латынның «lectio» - оқу сөзінен шыққан. Дәріс ежелгі Грецияда пайда болып, көне Римде және орта ғасырларда өз жалғасын тапты.

Дәріс өзінің құрылымы бойынша бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Барлығы баяндалған материалдың мазмұны мен сипатына байланысты, дегенмен кез келген дәріске құрылымдық сипат тән. Ең алдымен, бұл дәріс жоспарын хабарлау. Жоспарға емтихан билеттерін құрастыруға септігін тигізетін дәрістердің негізгі мәселелерінің атаулары кіреді. Өткен дәрістердің мазмұнын еске түсіру, оны жаңа материалмен байланыстыру, пәндегі, басқа ғылым жүйесіндегі орны мен маңызын анықтау пайдалы. Тақырыпты ашу барысында индуктивті әдісті, сондай-ақ дедукция әдісін қолдануға болады. Дәріс соңында тыңдалған мәселелер бойынша қорытынды шығарып отырған дұрыс. Дәстүрлі ЖОО-ғы дәріс әдетте ақпараттық деп аталады. Жалпы, дәрістің бірнеше түрі бар: кіріспе дәріс, шолу-қайталау дәрісі, шолу дәрісі, дәріс сапасын бағалау, мәселелік дәріс, визуалды дәріс, екеу ара дәріс, пресс-конференция дәрісі.

Практикалық жұмыстар - білім алушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі; мақсаты мен міндеті лабораториялық жұмысқа ұқсас. Кейбір оқу пәндерінің әдістемелерінде (мысалы, еңбек және кәсіби оқыту әдістемесінде) "лабораториялық-практикалық жұмыс" деген термин қолданылады. Практикалық жұмыстар оқу бағдарламасына енгізіліп, курс бөлімін немесе тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі. Практикалық жұмыстарды жүйелі түрде орындау - анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, оқытудағы теория мен практиканың байланысы, білім алушылардың дербестілігі мен танымдық күшінің дамуы сияқты ойлау амалдарын меңгерудің маңызды құралы. Практикалық жұмыстар білімді бекітуге және нақтылауға себепші болады. Практикалық жұмыстарды орындау мазмұны мен тәсілдері оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты.

Семинар - тақырып пен курс тарауын тереңдете түсінуге арналған. Грек, Рим мектептерінен бастау алған оқыту түрі қазіргі оқу орындарында да қолданылады. Семинарда білім алушылар болашақ бастауыш сынып мұғалім жетекшілігімен дайындаған баяндамаларын, рефераттарын ұжым болып талқылайды. Талқылау барысында білім алушылар ғылым саласының әдістемесін меңгереді, өзі жұмыс істеуге және оны ауызша не жазбаша баяндауға, өз қорытындыларын дәлелді қорғауға, пікір таластыруға дағдыланады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда біз білім алушыларды тек аудиторияда ғана емес, сонымен

катар аудиториядан тыс уақыттарда да кәсіби іс-әрекетке даярлаймыз. Атап айтсақ, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау барысында, курстық, дипломдық жұмыстарды орындауда және СҒЗЖ-мен, ОБСӨЖ-мен, оқу, педагогикалық практика барысында орындалады.

Өзіндік жұмыс - болашақ мұғалімдердің креативтілік қабілеті мен біліктерін дамытуда тиімді, әрі табысты еңбек етуіне мүмкіндіктері мол. Оны тиімді ұйымдастыру - практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған, бірақ оның қызметін, ерекшеліктерін, ұйымдастыру мазмұнын анықтауда қалыптасқан бір көзқарас жоқ.

Өзіндік жұмысты болашақ мұғалімнің креативті ойлауын, танымдық қызығушылығын және өздігінен білім алуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарындағы оқыту әдісі деп түсіндіреді.

Ғылыми еңбектерді талдай отырып, оның негізгі мағынасы әр түрлі бағытта талқыланатынын байқауға болады.

СӨЖ - «студенттік өзіндік жұмыс» - мұғаліммен бірге оқыған материалды оқуға және оларды игеруге бағытталған сабақтардың түрі.

ЖОО жеке даралық СӨЖ түрлері болады: лекцияларға, семинарларға, лабораториялық жұмыстарға, сынақтарға, емтихандарға әзірлік және рефераттар, тапсырмалар, курстық жұмыстар мен жобаларды орындау, ең соңында дипломдық жобаны қорғау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда әлеуметтік желілерді пайдаланудың артықшылығы көп. Әлеуметтік желілердің әртүрлі формалары (электронды пошта, чат, форумдар, вебинар, веб-конференция) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда маңызы үлкен. Желілік ресурстар – білім алушылардың өзін-өзі бағалауының және тәрбиелеуінің, терең біліммен кәсіби мүдделерінің бағажетпес негізі. Дегенмен, әлеуметтік желілерге қол жетімділік сапалы тілдік білімнің кепілі бола алмайды. Оқытудың әлеуметтік желілері төмендегі дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға бағытталуы керек: когнитивтік дағдыларды іздестіру, алынған ақпаратты талдау; әлеуметтік желілермен жұмыстың нәтижелерін талдау; әлеуметтік желілер арқылы өз-өзін дамыту мақсатында пайдалана алу; әлеуметтік желілерді өз қажеттіліктерін, ақпараттық және білім беру мүдделерін қанағаттандыру мақсатында пайдалану.

Дидактикалық тұрғыдан әлеуметтік желілер екі негізгі компонент телекоммуникация нысандары және ақпараттық ресурстар қамтиды. Телекоммуникацияның кең таралған түрлері: электрондық пошта, чат, форум, ICQ, бейне және веб-конференциялар.

Оқыту үдерісіне әлеуметтік желілерді енгізу болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырады. Оқу материалдарының күрделілігі мен көлемі оқытудың деңгейлеріне сай келуі керек.

Әлеуметтік желілерді пайдаланудың әдістемелік әлеуеті мыналарды қамтиды: оқытылатын тақырыптар бойынша мәтін, графика, фотосурет, дыбыс және бейне таңдау; кішігірім топтар немесе жалпы білім алушылар арасында

мәдени және әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени мәселелерді талқылау; шетел мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру және интеллектуалдықты жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Әлеуметтік желілерді пайдалану білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мәселесін шешуге ықпал етеді: әр түрлі желілерді пайдалану арқылы қарым-қатынас жасауға ынталандырып, коммуникативтік креативтілігін кеңейту мақсатында әлеуметтік желіде зерттеуге бағытталған тұстарын пайдалануға, түрлі конференцияларға қатысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуника-тивтік креативтілігін қалыптастыруда келесідей құралдар пайдаланылды: Цифрлық білім беру ресурстары, дербес компьютерлер, интерактивті тақта.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) - электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар - оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Дербес компьютер (қысқаша ДК) - компьютердің қазіргі уақытта ең кең тараған түрі болып табылады. Дербес компьютер бір мезгілде бір адамның пайдалануына арналған. Дербес компьютерлердің негізгі екі санаты бар: стационарлық және тасымалды компьютерлер. Стационарлық компьютерлер үстел басында отырып жұмыс істеуге арналған. Тасымалды компьютерлер, қолкомпьютерлер, қалта компьютерлері және планшетті ДК жатады.

Интерактивті тақта - бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де мұғаліммен білім алушының екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Модельдің *нәтижелік* бөлігіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік-креативтілігі қалыптасуының компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін, деңгейлерін 1.2. бөлімінде жан-жақты сипаттағанбыз.

Осы модельді жүзеге асыру белгілі педагогикалық шарттарды ұстанғанда ғана тиімді жүзеге асырылады. Сондықтан зерттеу барысында модельді жүзеге асыруға қажет *педагогикалық шарттарды* анықтаймыз.

ЖОО маман даярлау педагогикалық жүйе құраушылары тұрғысынан жүзеге асырылады және олар дидактикалық, әдістемелік жүйе, шарттар тұрғысынан ерекшеленеді. Даярлық бағытын немесе оның құраушы элементтерін күшейту үшін және жетілдіруде педагогикалық, дидактикалық шарттар анықталады [177, б. 65].

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда оқытушы оқу үдерісін сабақ беру логикасына бағындырмайды, керісінше, білім алушының білімді өздігінен игеру логикасына бағыттайды. Тәжірибеде жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстарында оқытушы мынадай

педагогикалық шарттарды ұстанса, табысты нәтижеге қол жеткізілетіні анықталды:

а) білім алушыларға коммуникативтік креативті және өзекті тақырыпты таңдау мүмкіндігін беру;

ә) білім алушыларға жобаны іске асыруға қажетті әдістерді өз еркімен пайдалануын жүзеге асыру;

б) топтық жұмыста рөлдерді өздеріне таңдату;

в) білім алушылардың зерттеу қызметінде олардың ізденісін қолдау, демеу жасау;

г) сағаттар кестесін қатаң сақтай отырып кеңес беру;

ғ) кезеңаралық жұмыстарды қорытындылауды ұйымдастыру;

д) білім алушылардың жасаған жоба жұмыстарын өзара, өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу;

е) жобаның тұсаукесерін салтанатты түрде ұйымдастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды күшейту үшін түрлі шарттар орындалуы тиіс. Олардың ең бастысы педагогикалық шарттар.

Философиялық зерттеулерде шарт түсінігі - философиялық категория. Заттың оны қоршаған ортамен тығыз байланысы, олсыз ол өмір сүре алмайды. Затты өзі бір бағынбайтын бейне ретінде, ал шартты өмірдің объективті көп түрлі көрінісі ретінде қарастырады. Яғни, шарт, заттар бар жерде өмір сүріп дами алады. [187].

С.И. Ожеговтың көзқарасы бойынша, «шарт» түсінігін «одан бір нәрсенің тәуелділігін көрсететін жағдай ретінде, сонымен қатар жағдаят ретінде, бір нәрсенің жүзеге асуы, орындалуы». [188].

Педагогикалық зерттеулерде шарт келесідей анықталады: «педагогикалық қызметтің тиімділігін жоғарылатуға бағытталған шаралар жиынтығы»; «зерттеуде қойылған тапсырмаларды, педагогикалық әдістерді және материалдық-құндылықтар аясының жетістіктерін, мазмұнын, нысанын, әдістерін шешуге бағытталған жиынтық»; нәтиже, «мақсаттарға жету үшін мақсатты түрде іріктеу, контентті, әдістерді (әдістемелерді), сондай-ақ оқытудың ұйымдық нысандарын, элементтерді жобалау және қолдану».

«Педагогикалық шарттар» ұғымы монолог мазмұнын есептемегенде, көп деңгейлі және көп факторлық тұрғыдан қаралуы және қарастырылуы керек, сондай-ақ дәлелді, өзара әрекеттесетін және қосымша мақсаттарға негізделген шаралар жиынтығын білдіреді.

Біздің ойымызша мұндай көзқарас, таңдаулы күзіреттерді қалыптастыру және дамыту үшін оң факторлар туғызады, олар факторлардың қалаған тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етпейтін кездейсоқ факторлардың инфильтрациясын қоспайды.

Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер барлық педагогикалық шарттарды үш негізгі логикалық топ ретінде жіктеуді ұсынады. Біріншісі, білім беру мазмұны және бүкіл педагогикалық үдерістің білім мәні анықталған ақпарат болып табылады. Екіншісіне, ұйымдық нысандардың, құралдардың, әдістердің, сатылар-дың сипаттамаларын қамтитын технологиялық нысандар

карастырылады. Үшінші топқа көбінесе жеке, яғни оқу үрдісінің барлық субъектілерінің жеке қасиеттері, мысалы, қызметтің мотивациялық негізі, құндылық бағдарлары, қарым-қатынас стилі және мінез-құлқы жатады.

Осы білімді пайдалана отырып, біз зерттеу тақырыбына қатысты келесі педагогикалық шарттарды анықтадық.

1. Тұлғалық-дамытушылық шарттар.

Оның құраушылары:

- дивергенттік - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілік әрекеті, мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы. Коммуникативтік креативті мұғалім үшін өзгенің тәжірибесін қайталау емес, өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуы, шығармашылық бағыттылықтың болуы.

- ақпараттық және ойлау қоры - кең көлемде қабылдай алуға, қайта құруға, қайта анықтауға қабілеттілік;

- анықталмағандыққа ашықтық пен толеранттылық;

- мақсаттары мен мотивтері. Қарым-қатынасқа қажеттілік әрбір адамның жетекші рухани қажеттіліктерінің бірі болғандықтан бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға мотивация табысты әрі ықпалды қарым-қатынас құруға тілек білдіруде, кәсіби және кез-келген тұлғааралық өзара әрекеттестікте мақсат болады. Кез-келген дағдыларды оқу үдерісінде қалыптастыру ықпалдырақ іске асырылады. Сондықтан білімгер осы дағдылардың құндылығын сезінетін болса, оларды қалыптастыру бойынша жұмыстар білімгерлер тарапынан мақсатты іске асырылуы тиіс.

- қарым-қатынас бойынша арнайы білімдер мен ерекшеленген іскерліктер - коммуникация мен өзара әрекеттесудің, әлеуметтік қабылдаудың негізгі механизмдерін, нақты жолдарын, техникаларын, деңгейлерін, стилдерін, қарым-қатынас жасау жолдарын білуі.

- міндеттерді орындауға бағдарлану.

2. Ұйымдастыру шарттары: Олар:

- Оқу ғимаратының материалдық-техникалық жабдықталуы. Коммуникативті креативтілікті мақсатына жетуге оң ықпал ететін аудиториялық және аудиториядан тыс оқу-тәрбие ісінің іске асырылуы. Оқу-тәрбие үдерісінде коммуникативтік креативтіліктің маңызды сипаттарын қалыптастыру тек сабақ уақытында ғана емес аудиториядан тыс іс-әрекеттерде де орындалады.

3. Дидактикалық шарт.

- Дидактикалық ұстанымдарды сақтау. Білім алушылардың коммуникативтік креативтілік қабілеттері мен танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу материалын ұсынудың ішкі логикасын дидактикалық ұстанымдар анықтаса, ал оқытудың мақсаттық тұғырларын анықтауға классикалық дидактикалық ұстанымдар көмектеседі, сонымен қатар нақты жағдайларда мұғалім үшін жетекші рөл атқарады.

- Таңдау әдістері мен оқыту формалары мақсатқа сәйкес бағытталуы. Мұндай таңдау оқыту мазмұны мен мақсаттарының ерекшеліктерімен анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік

креативтілігін қалыптастыру үшін тиімді оқыту әдістерін талдау келесі әдістердің тиімділігін көрсетті: коммуникативтік әдіс, тест әдісі, тренинг технологиясы, жобалар, іскерлік ойыны, сауалнамалар, миға шабуыл әдісі, пікірталас және т.б. Оқытудың ұйымдастыру формалары бойынша ең ыңғайлысы пайдалану шарты білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен психологиялық сыймдылықтарын ескеру арқылы микротоп құру болып табылатын топтық оқыту формасы болады.

Қазіргі таңдағы ғылым мен техниканың, ақпараттық сонымен бірге инновациялық технологиялардың өте тез дамуы арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық пәндерді кәсіби бағытта меңгертудің қажеттілігі өте үлкен. Бұған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды дамытуға әсер ететін пәндер циклін 2.1 тармақшасында кеңінен қарастыратын боламыз

2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мазмұны

Біз диссертациялық зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында қазіргі қоғам талаптарына, сұраныстарына сай келетін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру қажеттіліктері бойынша теориялық жағынан дәлелдеуге тырыстық. Зерттеудің нәтижесінде жоғары оқу орындарында қарастырылған қалыптастыруды мүмкін ететін педагогикалық шарттарды анықтаған болатынбыз. Педагогикалық шарттарды тиімді жүзеге асыру үшін қарастырған теориялық негіздерді басшылыққа ала отырып, тараудың бірінші тармақшасында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін, оның мазмұнын жасадық. Беріліп отырған тармақшада модельді практикалық тұрғыдан дәлелдеп жазатын боламыз.

Ең бірінші болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың керектігін анықтау үшін білім алушыларға сауалнама жүргізіліп, тест сұрақтары алынды: «Өзін –өзі бағалау шкаласы» (Қосымша – А); Мамандық таңдау туралы сауалнама (Қосымша – Ә); «Қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениеті» тесті (Қосымшалар - Б); «Коммуникативтік біліктілікті анықтау» тесті (Қосымша – В). Сауалнамаға қатысу барысында 50 білім алушының 77 %-ы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша жоғары оқу орындарында оқытылу керектігін көрсеткен болатын, олар коммуникативтік креативтілікті элективті курстар мен шағын курстар бойынша, сонымен бірге, сабақтан тыс өтілетін іс-шаралар арқылы қалыптастыру қажет деп көрсетсе, 20 білім алушының 17%-ы коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру үшін жеке оқытудың қажеті жоқ, сабақтан тыс ұйымдастырылатын іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға болады деп санайды, ал 9 %-ы жоғары оқу орындарында коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға арнайы көңіл бөлу керек емес, ол сапа баланың бойында туа пайда болады және баланың өсуі барысында, бойындағы бұл сапа да дамиды деп көрсеткен.

Сауалнаманы жүргізу барысында қатысушылардың көпшілігі жоғары оқу орындарының білім берудің түрлі салаларының жүйелері коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды жүзеге асыру болатындығы айқындалды. Сол себепті, біз жоғары оқу орнынындағы маңызды жайттарды ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесін береміз (сурет 3).

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесінің *диагностикалық, технологиялық, процессуалдық* кезеңдерінің мазмұнын зерттеу барысында айқындадық, олар тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар



Сурет 3 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесі

негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, олардың коммуникативтік, тілдік, креативтік тұлғасы дамуының тиімді жүзеге асуын қамтамасыздандырады.

Диагностикалық кезеңде – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда эмпирикалық, авторлық және нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері қарастырылады.

Технологиялық кезеңде – оқу және электронды оқу құралдары, элективті курс бағдарламасы, оқу модулдері, құралдары: цифрлық білім беру құралдары (ЦБР), дербес компьютерлер, интерактивті тақта, әдістері: тренинг технологиясы, жобалық оқыту, іскерлік ойындар арқылы оқыту, интербелсенді оқыту, формалары: проблемалық-дәріс, семинар-тренинг, конкурстар, СӨЖ, СОӨЖ және т. б.

Процессуалдық кезеңде - анықтау, қалыптастыру, қорытындылау қарастырылады. Әдістеме қалыптастыру кезеңдерінен, қалыптастырудың педагогикалық міндеттерінен және қалыптастыру нәтижесінен тұрады.

Білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деңгейін анықтауға арналған сауалнама, коммуникативтік креативтілігінің маңызды екендігін ұғыну үшін және өздерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға деген дұрыс катынас болғандығын; коммуникативтік креативтілік саласынан білімі мен коммуникативтік креативтілік феномен жағынан ұғынуын зерттеу үшін бағытталған; коммуникативтік креативтілікті қалыптастыра алуы, өзінің бойындағы коммуникативтік креативтілік сапаларын толық ұғынуы мен өз бетінше бағалай білуі деңгейлерін анықтау үшін бағытталады.

Білім алушылардың коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға деген оң пікірін анықтау барысы бойынша «Білім алушылар және коммуникативтік креативтілік» атты сауалнамадағы «Коммуникативтік креативтілікті қалыптастырғыңыз келеді ме?» деген сұраққа қатысушылардың 89 % – қалыптастырғысы келетіндігін, 30 % – сабақ үстінде, 22,9 % - элективтік курстарды оқу барысында; 21,3 % - аудиториядан тыс іс-шараларда, 17,6 % – арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда қалыптастырғысы келетіндігін айтқан. Сонымен қатар білім алушылардың 10 % коммуникативтік креативтілікті қалыптастырғы келмейтіндерін айтқан. Білім алушылардан алынған сауалнамада коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға деген қызығушылықтары төмен, тіпті жоқ екендігін көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру барысын анықтауға байланысты жүргізілген сауалнаманың бірі – білім алушылардың коммуникативтік креативтілік білімінің толықтығы. Жоғары оқу орнында алынған педагогикалық сараптамада білім алушылардың коммуникативтік креативтілік деңгейінің төмен екендігі анықталды. Білім алушылардың коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру жөніндегі түсініктері болғанымен, білім алушылардың көпшілігі бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативті болуының маңыздылығын аса түсінбегендігін, атқаратын қызметтерін, мұғалімнің коммуникативтік

креативтіліктегі атқаратын рөлін, оның ерекшеліктерін түсінуге деген ынталарының жоқтығын көрсеткен болатын.

Білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру түсініктері мен оның түрлерін айыра білетіндіктерін анықтау үшін құрастырылған коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру үшін мүмкіндігінше түсінікті болатын коммуникативтік креативтілікті ұйымдастыруда қандай сапалары маңызды және маңызды емес екендігін таңдап жазулары керек екендігі ескертілді.

Нәтиже бойынша білім алушылардың көбі коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруды тәжірибеге ұмтылушылық, жаңа мәселерге икемділік, мәселені шешуге бейімділік, талқылауға икемділік, тапсырманың шегіне шыға алуы, ой ұшқырлығы, тез әрі кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алуға қабілеттілік, ойлау ерекшелігінің болуы, өзбеттілігі, даралық ерекшелігі, ерекше шешім шығарулары керек деген сапаларды атап көрсеткен.

Келесі кезекте, білім алушылардан қазіргі замандағы бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін мұғалім қандай болу керек деген ұсынылған сауалнама барысында, сұрақтың жауаптарын талдап отырып, білім алушылардың басым бөлігі үшін: «болашақ бастауыш сынып мұғалімі жан-жақты шығармашыл болу керек» деп – 90 % білім алушы (100) көрсетті; «болашақ бастауыш сынып мұғалімі жаңа мәселелерге тез бейімделуі керек деп» – 80,3% білім алушы (89) көрсетсе; «болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзіне сенімді болу керек деп» – 69,7 % білім алушы (70) көрсетті; «болашақ бастауыш сынып мұғалімі тез әрі кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алуға қабілетті болу керек деп» – бұл 65% (61) білім алушы таңдаса; «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ойлау ерекшелігінің болуы» керек деп - 62 % (58) білім алушы таңдады.

Экспериментке қатысушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін әр түрлі оқу барысындағы, аудиториядан тыс іс-әрекеттерінде, ғылыми және басқа да білім алушының қызметтеріндегі белсенділіктерінде бақылау жасалды. Бақылау нәтижесі барысы коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда орта және төмен деңгейлердің басым екендігі айқындалды.

Сонымен, диагностикалық тәсілдер арқылы көптеген білім алушыларда коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда орта және төмен деңгейі басымырақ екендігін анықтадық. Сонымен бірге оқытушылар мен топ тәлімгерлері тарапынан білім алушылармен қарым-қатынас орнатуда тұлғалық-бағдарлық қарым-қатынас принципі негізінде құрастырғысы келетіндігі анықталды және бұл кезде коммуникативтік креативтіліктің қалыптастыру процесі кезінде білім алушы мен оқытушының арасындағы бірлескен қызметтің оң әсері пайда болғандығы анықталып отыр.

Жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша, бір жағынан, білім алушылардың коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға талаптануы айқындалды, ал екінші жағынан олардың коммуникативтік креативтілікті

калыптастыруда білімдерінің аздығы мен көрсете алуы және бағалай алу деңгейлерінің төмендігі айқындалды.

Жоғарыда айтылғандар барлығы 5B010200 – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сәйкес *гуманитарлық пәндердің типтік оқу бағдарламаларына сәйкес оқытушыларға арналған модульдер* және «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курс және «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті»; *электронды оқу құралдары*: «Қарым-қатынас мәдениеті» (Қосымша – Қ), «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы» (Қосымша – Н) мазмұнының жасалуына және олардың оқу процесіне ендірілуіне себепші болды (оқу-тәрбие үдерісіне енгізу АКТі қосымша – М берілген).

«Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курстың мақсаты – білім алушылардың коммуникативтік креативтілігі бойынша тұтас теориялық білімдерін қалыптастыру, оларды көрсете алу іскерліктерін дамыту. Курстың мазмұны *Кесте 9 - да* көрсетілген.

«Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» пәнін оқыту келесі міндеттерді шешуге бағытталуы керек:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне коммуникативтік креативті педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін қажетті біліктерді игеруін қалыптастыру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін кәсіби өсуінің негізін көре білу, оны түсінуіне, кәсіби дайындықтың алғашқы сатысын еңсеруге көмектесу;

- білім алушының коммуникативтік креативтіліктің ерекшеліктерінің маңыздылығы екендігін болашақ мұғалімнің меңгеруі және оқу-тәрбие барысында меңгерген білімін тәжірибеде қолдана білуін дамыту.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне коммуникативтік креативтілік және педагогикалық іс-әрекет бойынша негізгі білімдер жүйесін меңгерту;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілік іскерліктері мен дағдыларын дамыту;

- болашақ мұғалімнің мамандыққа деген сүйіспеншіліктерін, коммуникативті креативтілігін жетілдіруге деген қызығушылықтарын ояту;

- оқыту мен тәрбие әдістемесін коммуникативтік креативті іздеуге тәрбиелеу.

Элективті курстың қысқаша мазмұнына тоқталып кетеміз.

1 - тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың қажеттілігі. Тұлғаның коммуникативтік креативті болуының маңызы. Коммуникативтік креативтіліктің бастауыш сынып мұғалімдеріне қажеттілігі. Бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру қажеттігінің себептері.

Кесте 9 - «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» (3 - кредит) элективті курсының мазмұны

Тақырып аттары	Лекция	Практика	СӨЖ	СӨӨЖ	Оқыту нәтижелері
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың қажеттілігі	1	2	3	3	1.1
«Коммуникация», «коммуникативтік», «креативтілік», «коммуникативті креативтілік» ұғымдарының мәні	1	2	3	3	2.1
Коммуникативтік креативтілігінің мәні	1	2	3	3	2.3
Коммуникативтік креативтіліктегі мінез-құлықтық сапа мен тілдік мазмұн	2	4	6	6	3.1
Коммуникативтік қарым-қатынас, коммуникативтік креативтіліктегі сөйлеу мәдениеті	1	2	3	3	4.4
Коммуникативтік креативтіліктегі зияткерлік іс-әрекет, креативті ойлау	2	4	6	6	2.1
Коммуникативтік креативтіліктегі шығармашылық дарындылық	2	4	6	6	2.3
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	2	4	6	6	3.1
Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі	3	6	9	9	4.4
Барлығы:	15	30	45	45	

2 - тақырып. «Коммуникация», «коммуникативтік», «креативтілік», «коммуникативті креативтілік» ұғымдарының мәні. «Коммуникация», «коммуникативтік», «креативтілік», «коммуникативті креативтілік» ұғымдарына түсінік беру. Олардың мазмұны мен маңызын ашу.

3 - тақырып. Коммуникативтік креативтілігінің мәні. 4 - тақырып. Коммуникативтік креативтіліктегі мінез-құлықтық сапа мен тілдік мазмұн. 5 - тақырып. Коммуникативтік қарым-қатынас, коммуникативтік креативтіліктегі

сөйлеу мәдениеті. 6 - тақырып. Коммуникативтік креативтіліктегі зияткерлік іс-әрекет, креативті ойлау. 7 - тақырып. Коммуникативтік креативтіліктегі шығармашылық дарындылық, бұл сабақтар пікірталас негізінде өтіледі.

8 - тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделінің мақсатына тоқталу. Модельдің мақсаттық; мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік төрт бөлігінің мазмұнын аша түсіндіру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру процесінің негізгі төрт компонентін ашу. Оның мотивациялық, когнитивтік, функционалдық өлшемдеріне мән беру. Осы өлшемдердің көрсеткіштерін нақты мысалдармен нақты дәлелдеу.

Мотивациялық компонентінің өлшемі - коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға ынтасын; *когнитивтік* компоненттің *өлшемі* - коммуникативтік креативтілігі құраушылары бойынша білімін; функционалдық компоненттің өлшемі - коммуникативтік креативтілігін іс-әрекетте таныта алуы, бағалауы.

9 - тақырып. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделін жүзеге асыру әдістемесін түсіндіру. Әдістеменің қалыптастыру кезеңдеріне, қалыптастырудың педагогикалық міндеттеріне, қалыптастыру нәтижесіне мән беру. Білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деңгейін педагогикалық диагностикалау. Осы қалыптастырудың оқу модульдері, элективтік курс пен оқу құралдары «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті» және *электронды оқу құралдары*: «Қарым-қатынас мәдениеті», «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы» арқылы білім алушытың қоғамдық, өзін-өзі басқару істері негізінде жүзеге асатындығына кеңінен тоқталу. Қалыптастыру бойынша қолданылатын сауалнамалар, проблемалық дәрістертер, семинар, пікір-талас дәрісі, іскерлік ойындары, топ және команда боып жұмыс жасау, жағдаяттарды модельдеп, тренингтерге мән беру.

«Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» элективті курсының мазмұнын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға арналған оқу модульдері толықтыра түседі.

Оқу модульдерінің мақсаты болып болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мазмұнын жан-жақты меңгертіп және олардың осы сала бойынша іскерліктерін дамыту болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда 5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша негізгі оқу жоспарларын, оқу пәндері бағдарламаларының (типтік, оқу) мазмұнын зерделеу жүзеге асырылды.

Осы орайда білім беру мазмұны түсінігін қарастырайық.

Білім беру нәтижесінің табысты болуы үшін неге оқыту қажет, білім мазмұны қандай болуы қажет екендігін анықтап алу міндетті шарт. Білім мазмұны түсінігі бойынша біркелкі пайымдама жоқ.

Білімдендіру қызметін іске асыруға бағытталған дәстүрлі педагогикада білім мазмұны білім алушылар игеруі тиіс педагогикалық икем мен сәйкестікке келтірілген ғылыми ақпарат және оған байланысты тәжірибелік ептіліктер мен дағдылар жүйесі ретінде қабылданған. Білім мазмұнының мәнін ашуда бұл бағыт білімдік бағдарлы оқу деп алған. Мұндай оқу жүйесінде адамзаттың тарихи дамуы барысында жинақталған білімдер ғана әлеуметтік құндылық ретінде танылады. Бұл көзқарастан тәуелсіз қоғамның басты міндеті - шығармашыл, дербес ой жүргізе алатын адам қалыптастыру - жалаң білім жинақтау талаптарының көлеңкесінде қалып келді. Осы бағытқа орай білім алушылар белгілі оқу мазмұнын ғана меңгерумен шектелмеуі тиіс [189, б. 25-28].

Оқу-тәрбие барысында ең алдымен шәкірттерде құндылықты - мәнді сұраныстар мен ниеттер қалыптастыру міндеті тұрады, олар тұлғаға қажет сапалық қасиеттердің орнығуына негіз ретінде қабылданғаны дұрыс. Болашақ қоғам мүшесі - тұлға педагогикалық процесс аймағында өз әрекет - қылықтарына, қоғам мен ел тағдырына, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырып, әділетсіздік пен немқұрайлықтан қашық болуға, өзінікінен басқаша пікірлерді ымырашылдықпен тыңдап, қажеттісін қабылдауға үйренуі тиіс [189, б. 45].

Тұлғалық бағдардағы білім мазмұны мейлінше толық құрылымға келтірілген, педагогикалық тұрғыда икемге түсірілген әлеуметтік тәжірибе күйінде төрт элементтен құралып, төмендегідей іс-әрекеттерде көрініс береді:

- нәтижелік формасы - білім (қоғам, табиғат, техника, ойлау, іс-әрекет әдістері жөнінде) күйінде бекіген танымдық іс-әрекеттер;
- үлгі бойынша орындау ептіліктері (ақыл-ес және практикалық ептіліктер мен дағдылар) формасындағы әрекеттердің белгілі әдістерін іске асыра білу;
- мәселелік жағдайларда қалыптан тыс шешімдер қабылдау ептіліктері формасындағы - шығармашыл іс-әрекет, қызмет;
- тұлғалық бағдар (қоршаған ортаға, дүниеге, адамдарға, өз басына, мораль нормаларына, көзқарастық идеяларға және т.б.) формасындағы көңіл-күй құндылықты қатынастарды орындай білу [189, б. 75].

Білім мазмұнының аталған элементтері бір-бірімен байланысты және өзара шарттасқан. Әлеуметтік тәжірибенің осы элементтерін игерген адам жақсы орындаушы ғана болып қалмастан, дербес, өз бетінше шығармашылықпен әрекет істей алатын, қалыптасқан қатынастар жүйесіне өз үлесін қоса білетін тұлға дәрежесіне көтерілуге мүмкіндік алады [189, б. 15].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін пәнаралық байланыстарды іске асыру мен оларды оқытуда білім алушыға ұсынылатын оқу тапсырмалары, олардың функциялары арасында мағыналы байланыс орнатуға психологиялық-педагогикалық негіз салу қажет.

Бұған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін коммуникативтік креативтілігін дамытуға ықпал ететін пәндер циклінің көмегімен қол жеткізуге болады (кесте 10).

Кесте 10 - 5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша модульдер (пәндер) тізімі:

Пәннің (модульдің) атауы	Кредиті ҚР/ECTS	Семестр
<i>Мемлекеттік міндетті модуль</i>	<i>МК</i>	
Педагогика	3/5	II
<i>Жеке білім траекториясының модульдері</i>	<i>ТК</i>	
Педагогикалық технология және инновация	3/5	IV

«Педагогика» курсы бағдарламасы бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға бағытталған негізгі мағлұматтар төмендегідей:

«Педагогика» пәнін болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне оқытудың мақсаты: - болашақ маман иелерінің кәсіби-педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, қазіргі педагогика ғылымының теориялық негіздерін игеруге даярлап, оларды кәсіби міндеттерін шешуге байланысты шығармашылық тұрғыдағы іс-әрекеттермен, білім негіздерін меңгерту.

Курс бойынша болашақ маманның білетіні:

- теориялық білімді тәжірибеде қолдануды;
- білім алушыларды оқыту, тәрбиелеудің мақсат міндеттерін анықтауды;
- білім алушылардың танымдық-қызығушылықтарын арттыратын амал-тәсілдерді;

- оқыту, тәрбиелеу процесіне педагогикалық технологияларды қолдануды.

Болашақ маманның жасай алатыны:

- тәрбие, оқыту теориясы мен әдістерінің - негізгі ұғымдарын қолдану-ды;
- тәрбие, оқыту теориясы мен әдістеріне байланысты сұрақтарға бағдар жасау;

- әртүрлі теориялар мен педагогикалық фактілерді талдауды.

Болашақ маманның алатын дағдылары:

- сәйкес ғылыми әдебиеттер мен білімнің қайнар көздерін оқу үшін қажетті ізденіс;

- қоршаған болмыстан педагогикалық құбылыс пен жағдаяттарды айқындау;

- тәрбие, оқыту теориясы мен әдістерінің мәселелері бойынша материалды логикалық (ауызша және жазбаша) меңгеруге.

Пән мамандықтың типтік бағдарламасында белгіленген.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды іске асыру жөнінде «Педагогика» пәнін оқытуда барысында біршама тақырыптарында қарастырылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, тұлғаның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Бүгінгі білім беру кеңістігінде аса қажет жаңару келешек маманның қайтпас ізденуі мен шығармашылығының жемісі арқылы келмек. Сол себепті әрбір болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қабілеттілігіне орай білім беру барысында, дербестікке, ізденімпаздылыққа, шығармашылыққа қарай тәрбиелеп, жаңартылған педагогикалық технологияларды меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда. Себебі мемлекеттік білім стандартының деңгейіне орай оқу үрдісін ұйымдастыру, жаңарылған педагогикалық технологияларды енгізуді міндет етіп отыр.

Педагогикалық біліктілік, яғни шеберлік бір жағынан педагогикалық мәдениеттің маңызды компоненті болса, екінші жағынан кәсіптік даму мен жетілдірудің алғы шарты болып табылады. Қазіргі педагогикалық білім беру концепциясы болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, терең ғылыми кәсіптік-педагогикалық дайындыққа қол жеткізу үшін алғы шарт жасауды ұсынады.

Пәннің негізгі компоненттерін, кәсіби педагогикалық қызметтің мәнін, оның құрылымын, педагогикалық қарым-қатынасты, педагогикалық техниканы, педагог сөзін жетілдіру жолдарын, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін, өзін-өзі тәрбиелеу құралдары мен әдістерін меңгертуге бағытталады.

Педагогика мен профильдік пәндерді кіріктіруді, оқу материалы мазмұнын мұқият таңдауды қажет етеді. Оқу материалы қай кәсіп саласы болмасын, сол сала бойынша соңғы жетістіктерге бағытталған, өз кезегінде білім алушылардың кәсіби қызығушылығына қатысты ғылыми жаңалықтарды бейнелейтін, оларға кәсіби өсуге мүмкіндік беретіндей болуы шарт.

«Педагогикалық технология және инновация» пәні білім алушының әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеру заңдылықтары, фактілері және білім беру процесінің әртүрлі жағдайларында педагогтың ұйымдастырып және басқаратын оқу қызметінің субъекті ретінде қарастырылатын тұлғаның интеллектуалдық және тұлғалық даму деңгейінде өзгеруді меңгеруін туғызуы болып табылады. Білімді, икемділік пен дағдыларды меңгеру заңдылықтарын және осы процестердегі жеке айырмашылықтарды зерттейді, білім алушының өз бетімен шығармашылық ойлауын қалыптастыру заңдылықтар-ын, бала психикасында оқыту мен тәрбиелеу әсерінен пайда болатын өзгерістерді зерттейді.

Пәннің мақсаты:

Пәнді оқытудағы мақсат - білім алушы өзінің жеке мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауы, осы кәсіпке байланысты маңызды қасиеттердің әлді, әлсіз жақтарын білу (өзін-өзі реттеу ерекшелігі, өзін-өзі бағалау, эмоционалдық көріністер, коммуникативтік креативтілігі, дидактикалық қасиеттер, т.б.).

Пәннің міндеттері:

- Білім алушыны тұлға, жеке тұлға ретінде құрметтеу (көнеден келе жатқан алтын қағида - өзіңе қалай қарасын десең, өзгеге де солай қараңыз);

- Үнемі өзінді-өзің дамыту және өзінді-өзің жетілдіру мүмкіндігін іздеу (өзі үйреніп білмеген тұлға басқаға оқытудың, үйренудің дәмін, «ақыл-ой тәбетін» дамыта алмайды деген сөз белгілі);

- Білім алушыларға үйренгісі келетіндей, өздігінен білім алуға және әр түрлі жағдайда қолдана алатындай білімді беру.

Сонымен, *элективті курс* пен *пәндердің оқу модульдерінің* мазмұны 2-3 курс білім алушыларына оқытылатын болады. Олардың мазмұнын оқыту барысында білім алушыларға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруыдың теориясын, ерекшеліктерін, атқаратын қызметі туралы білімдері жан-жақты меңгертілді, мұғалім тұлғасының сипатына, әлеуметтік, тәрбиелік маңызына аса мән берілді.

Оқытушылар дәрістерде және практикалық сабақтарында білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық шеберлігін қолданады.

Білім алушылар элективті курс сабағында білім алушылардың әлеуеттік мүмкіндіктерін түсінуін қамтамасыз ететін, ақпараттандыру және мотивация қызметін атқаратын проблемалық диалогтарға, пікірлесулерге, дебаттарға қатысады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру қызметіндегі рөлін, әлеуметтік топтардағы психология негіздеріндегі білімдерін, адамдарға әсер ету амалдары бойынша білімді меңгереді. Элективті курс бойынша коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды айқындауға арналған тестілеу жүргізіледі. Сонымен қатар бұл кезең арнайы сабақтар кезінде жүзеге асырылады және жеке кеңес берулермен сабақтасады, білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды түсінуіне және қызығушылығын оятуына ықпал ететін проблемалық диалогтарға, пікір-таластарға, әңгімелесулерге қатыстырылады. Олар коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру мүмкіндіктері анықталып, түрлі тестілеуден өткізіледі.

Пәндердің оқу бағдарламаларын талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін дұрыс қалыптастыру үшін арналған тақырыптардың қарастырылмайтындығы айқындалды, олар:

Бірінші коммуникативтік креативтіліктің теориясының негіздерін білуі, қарым-қатынас барысында ғылыми тұрғыда оны ұйымдастырылуы жағынан: - қарым-қатынастың ұйымдастырылуын жоспарлануы жағынан; - коммуникативті креативтілік негіздерінің білімдерді меңгеру мен іс-әрекетті игеру барысын жобалауы; - қарым - қатынас барысында дайындық жасауды жоспарлау; - қарым-қатынасты орнату барысында бақылайтын құралдарды анықтап, бағалау барысын іске асыру мәселелерінің жан-жақты зерттелмейтіндігі анықталып отыр.

Екінші қарым-қатынасты жоспарлауға керек оқу мен жаттығудың тапсырмаларының жоспарлануы: - коммуникативтік креативтілік құраушыларының қалыптастыру үшін орындалатын тапсырмалар және

коммуникативтік іскерліктерде жобалануы; - коммуникативтік оқу тапсырмаларының ұйымдастырылуы бағдарламаларын дайындау жөніндегі даярлықты тұтас қарастырылмайтындығы айқындалып отыр.


Үшінші білім беру материалдарының педагогикалық қарым-қатынастағы талаптары бойынша іріктелуі: - коммуникативтік тапсырманың бағдарламаға сай келуі; - білім беру мазмұнын оқытудың тәрбиелеу мен дамыту қызметтерімен қамтамасыз етілуі; - кәсіби пәндер курсындағы оқу-тапсырмалар мен іс-әрекеттер арасындағы байланысы; - қарым-қатынас орнатуға үйрету жөнінде оқу тапсырмаларын, орындалатын іс-әрекеттер барысы орындалуға тура келуі мен қажетті күрделілік пен үйлесімділіктің; - педагогикалық үдеріс барысындағы қарым-қатынастар мен оқу-тапсырмаларының, іс-әрекеттің педагогикалық қарым-қатынас мақсаты, жеке тұлға жағынан тиімділігі - қарым-қатынасқа үйрету бойынша оқу-жаттығу тапсырмаларында коммуникативтік шығармашылықты дамытуға деген әсер етеін оқыту материалдары және іс-әрекеттерін тұтас қарастырылмайтыны айқындалып отыр.

Төртінші пәнаралық байланыстар: - оқу мазмұны және материалдары бойынша уақыттың іріктелінуі; - оқу материалдарын, іскерлігін, дағды мен іс-әрекет түрлерін; - талдау барысындағы қорытындылау бойынша оқу жұмыстарының көрсетілмейтіндігі белгілі болып отыр.

Сондықтан, білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мақсатында «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» элективтік курсы мазмұны іріктеліп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту үдерісіне ендірілді (сурет – 4).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесі оларды коммуникативтік креативтілікке диагностикалық, технологиялық, процессуалдық кезеңдерінің міндеттері толық жүзеге асырылғанда ғана қалыптасу нәтижесінің тиімділігі артатындығы көрінеді. Келесі тармақшада тәжірибелі-эксперимент жұмысының ұйымдастырылуы және нәтижелері қарастырылатын болады. Қорытындылау барысында, біздің ғылыми жұмысымыз бойынша жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оқу модульдері, педагогикалық стратегиялары, оқу бағдарламалары бойынша жүргізілген талдаулар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қамтамасыздандыратын педагогикалық шарттарын анықтадық. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курсының мазмұны анықталды. Бұл, бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың мазмұндық негізін теориялық түрде айқындалуын білдіреді.

Жоғары білім берудің ел дамуындағы экономикалық, техникалық, мәдени салаларда орны жоғары деңгейде екені белгілі. Халқымыздың білім-ділік деңгейі ғана халқымыздың лайықты бейнесін және әлемдік қауымдас-тықтағы орнын қамтамасыз етеді, еліміздегі әрбір адамның және халықтың әлемдегі



Сурет 4 - «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру»
элективті курсы

статусын анықтайды.

Қазіргі кезде білім беру саласында кәсіби жоғары деңгейде даярланған, коммуникативті креативтілігі дамыған, алдына қойылған мәселелерді тез әрі сапалы түрде шеше алатын коммуникативті креативті мұғалім тұлғасын қалыптастыру қажет. Коммуникативті креативті білім беру үдерісі білімгерлерге білім берудің әрбір деңгейінде ағымдық креативтілік әлеуетті дамытуға ғана емес, алдағы уақытта өзін өзі тануға, шығармашылық өзіндік дамуға, объективті өзіндік бағалауға қажеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігі білім беру мен тәрбие жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ерекше жаңа коммуникативтік идеяларды табу мен оны іске асыруға қабілеттілігі және кәсіби қызметте кездесетін проблемаларды ұдайы оңтайлы шешуге даярлығы ретінде анықталады [190].

2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

Біздің зерттеу жұмысымыз бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда тәжірибелік-эксперименттің анықтау кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталған болатын.

Жүргізілген сауалнамалар бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда мұғалімдердің басым көпшілігі жоғары оқу орындарында (ЖОО) қажетті пәндер мен құралдардың жетіспеушілігін, арнайы бағдарламалардың жоқтығына аса назар аударыла бермейтіндігі анықталды. Сол себепті біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесінің *диагностикалық, технологиялық, процессуалдық* кезеңдерінің мазмұнын зерттеу жұмысы барысында айқындадық, олар тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, олардың коммуникативтік, тілдік, креативтік тұлғасы дамуының тиімді жүзеге асуын қамтамасыздандырады.

Диагностикалық кезеңде – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда эмпирикалық, авторлық және нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістері қарастырылады.

Технологиялық кезеңде – оқу және электронды оқу құралдары, элективті курс бағдарламасы, оқу модулдері, құралдары: цифрлық білім беру құралдары (ЦБР), дербес компьютерлер, интерактивті тақта, әдістері: тренинг технологиясы, жобалық оқыту, іскерлік ойындар арқылы оқыту, интербелсенді оқыту, формалары: проблемалық-дәріс, семинар-тренинг, конкурстар, СӨЖ, СОӨЖ және т. б.

Процессуалдық кезеңде - анықтау, қалыптастыру, қорытындылау қарастырылады.

Зерттеу жұмысымыздың алдыңғы тармақшасында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдерінің, әдістемесінің маңызды бөлігі анықталған, мақсатқа жетудегі іс-әрекеттер жиынын анықтайтын әдістер жүйесі болып табылады.

Қалай оқыту керек? дейтін дәстүрлі дидактикалық сұрақ заңды түрде оқыту әдісінің категориясын шығарады.

Әдіс - табиғат құбылысын, әлеуметтік өмірдің жағдайларын зерттеу мен таным жолы, құбылыстарды оқып, білу жолдарын, әдіснамалық теория танымы мен шындықты зерттейтін тәсіл болып табылады. Әдіс - жоспарланған мақсатпен және соңғы нәтиженің арасындағы байланыстыратын оқу процесінің өзегі болып табылады. Оның жүйедегі айқындаушы рөлін «мақсат - мазмұн - форма - оқыту әдісінің құралдары» көрсетеді. Философияда әдісті белгілі түрде іс-әрекетті ретке келтіретін, мақсатқа жету тәсілі ретінде қарастырады. Тұтастай алғанда, әдіс-практикалық және теориялық әрекеттерді шындығында меңгеруге бағытталған нақты міндеттерді шешудегі операциялардың, бірдей тәсілдердің жиынтығы. Педагогтар оқыту әдісі туралы түсінікті әр түрлі етіп

дәлелдеді. Біреулері оны «танымды басқаға беру әдісі» немесе мұғалімнің іс-әрекеті мен әдіс-тәсілі деп қарастырса, оқыту әдісін «білім беру тәсілдерінің үйлестіру жиынтығы» деп көрсетеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетіне сәйкес оқыту әдісі құбылыстың мәнін танып білудегі әдіс-тәсілі ретінде қарастырады. Осы түсініктегі әр түрлі дефиницияларды негізге ала отырып, мынадай тоқтамға келеміз: оқыту әдісі - бұл білім алушы мен оқытушы арасындағы жүйелі, өзара байланысқан білім мазмұнын меңгеруге арналған іс-әрекет жүйесі.

Оқыту әдістері - тарихи категория, олар білім беру мазмұны мен мақсатының ауысуына байланысты өзгереді. Америкалық педагог К.Керр оқыту әдіс сапасындағы төрт «төңкерісті» бөліп көрсетеді.

Біріншісі - үлгі болып табылады мұғалім - ата-аналар кәсіби мұғалімдерге орын берді, екіншісі - ауызша сөздерді жазбашаға ауыстырды, үшіншісі оқуға баспа сөздерін кіргізді, төртіншісі - осы кезде болып жатқан автоматтандыру мен компьютерлендіру оқыту процесіне енгізуді болжады.

Оқыту әдісінің маңызды белгісі - дидактикалық мүмкіндіктер. Егер осы тәсілмен жоқ дегенде бір дидактикалық мәселені шешетін болсақ, мұның өзі оқыту әдістемесі. Егер іс-әрекет әдісі қосымша болатын болса, онда біз тәсілмен жұмыс істейміз. Оқыту тәсілі - әдіс элементі, оның құрама бөлігі, әдістің көлемі бойынша кішігірім, құрылымы бойынша жай болатын болса, онда әдісті және әдіс модификациясын орындау жолындағы өзгеше қадам болып табылады. Әдіс пен тәсіл арасында өзара ауыспалық байқалады. Беріліп отырған пәннің мазмұнына қарай әдіс тәсілге, тәсіл әдіске айналуы мүмкін. Сөйтіп, барлық графикалық бейнелер пәндері үшін - тәсіл болып табылады.

Қазіргі әдебиеттерде «әдіс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген. Дегенмен, аталған түсініктің негізгі үш мәнін ерекшелеп көрсетуге болады:

1) жалпы әдіснамалық: әдіс - қоршаған нақтылықты оқып үйрену, таным құралы;

2) жалпы дидактикалық: әдіс - оқыту мазмұнын ықпалды меңгеруге бағытталған оқыту объектісі мен субъектісінің өзара шартталған іс-әрекеттерінің жүйесі;

3) жеке дидактикалық (меншікті әдістемелік): әдіс - оқыту субъектісінің кәсіби іс-әрекеті стратегиясын анықтайтын оқытудағы бағыт.

Зерттеу жұмысының болжамын практикалық түрде тексеру мақсатында тәжірибелік - педагогикалық эксперимент жұмысы 2015-2018 оқу жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жүргізілген тәжірибелік жұмыстарға 5B010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 48 білім алушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінен аталған мамандықтан 50 білім алушы және Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен осы мамандық бойынша 52 білім алушы қатысты. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының тәжірибелік-педагогикалық жұмысының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың,

өзіміз даярлаған әдістемелік нұсқаның эксперименттен өткізіп және оның дұрыс пайдаланылуын тәжірибеден өткізу үшін бағытталған болатын.

Зерттеу жұмысымызға орай әртүрлі дереккөздерінен алынып, оларды талдап, зерттеу жұмысында ғылыми аппаратында негізделген болжамның ғылыми және объективті дұрыстығын тексеруді керек әдістер кешені болып беріледі. Анықтау экспериментінде ЖОО педагогикалық үдерісте, білім алушыларды нысанаға ала отырып, тәжірибе жүргізілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін теориялық талдау кезеңінде құрылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырушы моделдің мотивациялық, когнитивтік, функционалдық үш компоненттеріне сәйкес алынған көрсеткіштері арқылы коммуникативтік креативтіліктің келесі деңгейлерін анықтау (креативтік, эврикалық, пассивтік) - анықтау экспериментінің мақсаты.

Анықтау экспериментінде ЖОО - да жалпы 150 білім алушыдан сауалнама мен тест сұрақтарын «Адамды қалай бағалайсыз» тесті (Қосымша – Г); «Педагогикалық қарым-қатынас» сауалнамасы (Қосымша - F); «Сәтгілікке ұмтылу және сәтсіздіктен қорықу» сауалнамасы (Қосымша – Д); «Қарым-қатынасты бағалау сатысы» тесті (Қосымша – Ж); «Оқу іс-әрекетінің мотивтері» сауалнамасын (Қосымша - И) алу барсында компоненттердің көрсеткіштерінің деңгейлері бойынша пайыздық көрсеткіштері анықталды (11, 12, 13 – кестелер)

Кесте 11 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының мотивациялық компоненті бойынша пайыздық көрсеткіштері


Мотивациялық компоненттің көрсеткіштері бойынша	Деңгейлері	ХҚТУ (48 білім алушы)	ОҚМУ (52 білім алушы)	ҚызМУ (50 білім алушы)
1	2	3	4	5
коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуі	креативтік	19,4 %	20,5 %	20,5%
	эврикалық	44,6 %	45, %	44,5%
	пассивтік	36 %	34,5 %	35 %
шығармашылығын дамытуға ынталылығы	креативтік	9,8 %	10,5 %	10,5%
	эврикалық	54,2 %	55,5 %	54,5 %
	пассивтік	36 %	34 %	35 %
зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысы	креативтік	22,5 %	23,5%	23,2%
	эврикалық	50,2 %	51,2%	51,3%

1	2	3	4	5
	пассивтік	27,3 %	25,3%	25,5%
қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуі	креативтік	19,2 %	19,5%	19,6%
	эврикалық	42,2 %	42,5%	43,4%
	пассивтік	38,6 %	38 %	37 %

Кестеден көрініп тұрғандай мотивациялық компоненттің көрсеткіш деңгейлерінің пайыздары зерттеуге алынған ЖОО арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

Мотивациялық компоненттің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде - 19,4 % көрсетсе, эврикалық деңгейде - 44,6 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде - 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде - 45 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 34,5 % көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде - 44,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 35 % көрсетті.


Мотивациялық компоненттің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 5 – сурет арқылы сипаттама берілді.



Сурет 5 - Мотивациялық компоненттің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды қажетсінуінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Мотивациялық компоненттің шығармашылығын дамытуға ынталылығының пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 9,8 % көрсетсе, эврикалық деңгейде - 54,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде - 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде - 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 55,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 34 % көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде - 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде - 54,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 35 % көрсетті.

Мотивациялық компоненттің шығармашылығын дамытуға ынталылығының пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 6 – сурет арқылы сипаттама берілді.




Сурет 6 - Мотивациялық компоненттің шығармашылығын дамытуға ынталылығының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Мотивациялық компоненттің зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысының пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 22,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 50,2 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 27,3 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде - 23,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,2 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 25,3 % көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы

креативтік деңгейінде – 23,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,3 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 25,5 % көрсетті.

Мотивациялық компоненттің зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысының пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 7 – сурет арқылы сипаттама берілді.




Сурет 7 - Мотивациялық компоненттің зияткерлік іс-әрекеттерін танытуға ұмтылысының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Мотивациялық компоненттің қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38,6 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде - 19,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 38 % көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде - 19,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 43,4 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 37 % көрсетті.

Мотивациялық компоненттің қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 8 – сурет арқылы сипаттама берілді.

Келесі де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру барысында когнитивтік компоненттің көрсеткіштерін анықтадық және төмендегі кесте 12 -де тарқатылған нұсқасы берілген.



Сурет 8 - мотивациялық компоненттің қарым-қатынаста эмпатияны, толеранттылықты түсінуінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Кесте 12 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының когнитивтік компоненті бойынша пайыздық көрсеткіштері


Когнитивтік компоненттің көрсеткіштері бойынша	деңгейлері	ХҚТУ (48 білім алушы)	ОҚМУ (52 білім алушы)	ҚызМУ (50 білім алушы)
- коммуникативтік креативтілік саласынан білімі;	креативтік	19,4 %	20,5 %	20,5%
	эврикалық	44,6 %	45, %	44,5%
	пассивтік	36 %	34,5 %	35 %
- коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруі;	креативтік	9,8 %	10,5 %	10,5%
	эврикалық	54,2 %	55,5 %	54,5 %
	пассивтік	36 %	34 %	35 %
- тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімі;	креативтік	22,5 %	23,5%	23,2%
	эврикалық	50,2 %	51,2%	51,3%
	пассивтік	27,3 %	25,3%	25,5%

1	2	3	4	5
- коммуникативтік - креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімі;	креативтік	19,2 %	19,5%	19,6%
	эврикалық	42,2 %	42,5%	43,4%
	пассивтік	38,6 %	38 %	37 %
-коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесін меңгеруі	креативтік	19,2 %	19,5%	19,6%
	эврикалық	42,2 %	42,5%	43,4%
	пассивтік	38,6 %	38 %	37 %

Анықтау эксперименті барысында жоғарыдағы кестеден көрініп тұрғандай когнитивтік компоненттің көрсеткіш деңгейлерінің пайыздары зерттеуге алынған ЖОО арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады.

Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілік саласынан білімінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,4 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 44,6% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 45 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 34,5 % көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 44,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 35 % көрсетті.


Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілік саласынан білімінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 9 – сурет арқылы сипаттама берілді.



Сурет 9 - Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілік саласынан білімінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 9,8 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 54,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 55,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 34% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 54,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде - 35 % көрсетті.


Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 10 – сурет арқылы сипаттама берілді.



Сурет 10 - Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың мәні мен мазмұнын меңгеруінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Когнитивтік компоненттің тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 22,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 50,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 27,3 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 23,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,2 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 25,3% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 23,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,3 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 25,5 % көрсетті.

Когнитивтік компоненттің тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 11 – сурет арқылы сипаттама берілді.




Сурет 11 - тілдік мазмұн, зияткерлік іс-әрекет, шығармашылық, сөйлеу мәдениеті, креативті ойлау туралы білімінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38,6 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,6 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 43,4 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 37 % көрсетті.


Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 12 – сурет арқылы сипаттама берілді.

Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесін меңгеруінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38,6 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,6 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 43,4 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 37 % көрсетті.



Сурет 12 - когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесін меңгеруінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 13 – сурет арқылы сипаттама берілді.



Сурет 13 - Когнитивтік компоненттің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру әдістемесін меңгеруінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының функционалдық компоненті бойынша пайыздық көрсеткіштерін төмендегі берілген кесте 13 – тен көруге болады.


Кесте 13 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасуының функционалдық компоненті бойынша пайыздық көрсеткіштері

Функционалдық компоненттің көрсеткіштері бойынша	деңгейлері	ХҚТУ (48 білім алушы)	ОҚМУ (52 білім алушы)	ҚызМУ (50 білім алушы)
- проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігі;	креативтік	19,4 %	20,5 %	20,5%
	эврикалық	44,6 %	45, %	44,5%
	пассивтік	36 %	34,5 %	35 %
- кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігі;	креативтік	9,8 %	10,5 %	10,5%
	эврикалық	54,2 %	55,5 %	54,5 %
	пассивтік	36 %	34 %	35 %
- коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейту іскерлігін жетілдіру;	креативтік	22,5 %	23,5%	23,2%
	эврикалық	50,2 %	51,2%	51,3%
	пассивтік	27,3 %	25,3%	25,5%
- тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалау	креативтік	19,2 %	19,5%	19,6%
	эврикалық	42,2 %	42,5%	43,4%
	пассивтік	38,6 %	38 %	37 %

Функционалдық компоненттің көрсеткіш деңгейлерінің пайыздары зерттеуге алынған ЖОО арасындағы кестеде де айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады.

Функционалдық компоненттің проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,4 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 44,6% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 45 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 34,5% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 20,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 44,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 35 % көрсетті.

Функционалдық компоненттің проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 14 – сурет арқылы сипаттама берілді.




Сурет 14 - Функционалдық компоненттің проблемалық жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы іскерлігінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Функционалдық компоненттің кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 9,8 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 54,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 36 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 55,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 34% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 10,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 54,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 35 % көрсетті.

Функционалдық компоненттің кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 15 – сурет арқылы сипаттама берілді.

Функционалдық компоненттің коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейті іскерлігін жетілдіруінің пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 22,5 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 50,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 27,3 %

көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 23,5% көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,2 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 25,3% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 23,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 51,3 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 25,5 % көрсетті.




Сурет 15 - Функционалдық компоненттің кәсіби коммуникативтік міндеттерді креативті (жылдам, жеңіл, маңызды, тиімді, ерекше, айрықша және т.б.) шешу білігінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Функционалдық компоненттің коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейті іскерлігін жетілдіруінің пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 16 – сурет арқылы сипаттама берілді.

Функционалдық компоненттің тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалауының пайыздық көрсеткіші бойынша ХҚТУ-нің 48 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,2 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,2% көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38,6 % көрсетті. ОҚМУ-нің 52 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,5% көрсетсе, эврикалық деңгейде – 42,5 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 38% көрсетті. ҚызМУ-нің 50 білім алушысы креативтік деңгейінде – 19,6 % көрсетсе, эврикалық деңгейде – 43,4 % көрсетсе, пассивтік деңгейде – 37 % көрсетті.


Функционалдық компоненттің тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалауының пайыздық көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 17 – сурет арқылы сипаттама берілді.

Тәжірибелік-экспериментті *анықтау кезеңінде* сауалнама, сұхбат нәтижелері болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мәнін түсінетіндігі анықталды және ерекшеліктерін ажырататындығы байқалды, мамандық бойынша нақты кәсіби білік, дағдыларының жеткілікті деңгейде екендігі дәлелденді. Енді қалыптастыру кезеңі барысында біз зерттеуге алынған ХҚТУ нің 48 білім алушылары тәжірибелік топқа, ОҚМУ-нен 25 білім алушы және ҚызМУ-нен 25 білім алушы бақылау тобына зерттеуге алынды. Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда негізгі қиыншылықтарды анықтау жөнінде тоқталатын болсақ, бақылау тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің 9,8 % -ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ», 28,6%-ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық аздап көрінеді», 70,8%-ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда біршама көлемде қиындық бар» екендігін көрсетті.



Сурет 16 - Функционалдық компоненттің коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейті іскерлігін жетілдіруінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Тәжірибелік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің нәтижесі бойынша, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ» - 19,1%, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындықтар аздап бар болса» - 40,2%, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық бар екені көрінеді» - 61,5% деп болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жауаптары бойынша белгілі болды, оның пайыздық көрсеткіштерін кесте – 14 берілген.



Сурет 17 - Функционалдық компоненттің тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен өзіндік бағалауының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы


Кесте 14 – Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштері

Берілген сұрақтар	Бақылау тобы 50 білім алушы	Тәжірибелік топ 48 білім алушы
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ	9,8 %	19,1 %

14 – кестенің жалғасы

1	2	3
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық аздап көрінеді	28,6 %	40,2 %
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда біршама көлемде қиындық бар	70,8 %	61,5 %

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің анықталған қиындықтарының өзіндік ерекшелігі, коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үдерісіне байланысты болып табылады. Жалпы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі қиындықтары, олар үшін жаңа білімнің және шеберліктің жетіспеуі, оның ішінде коммуникативті креативтілікті қалыптастыру үдерісінде қызығушылығының, дағдының тапшылығы, өзін-өзі дамыту қағидасын, ұстаным мен жүзеге асыру жолдарының меңгерілмегендігінде болып отыр, пайыздық қатынастағы көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 18 – сурет арқылы сипаттама беріп өттік.



Сурет 18 - Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделіне, моделдің компоненттеріне, моделдің компоненттерін анықтайтын әдістемелік жүйеге сай анықтау эксперименті барысында алынған әдістемелер нәтижелерін талдаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға байланысты мотивациялық-құндылық қатынастың, әлеуметтік мотивтердің болуын анықтау барысында біз креативтілік, дарындылық, шығармашылық психологиясын зеттеуге арналған «шығармашылық қабілет» атты Е. П. Ильиннің тесті алынды (толық нұсқасы Қосымша – К берілген) .

Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері 15 – кестеде берілген.

Кесте 15 – Анықтау эксперименті Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тест бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің нәтижелері


Деңгейлері	Бақылау тобы (50)	Тәжірибелік топ (48)
Өте төмен 10-20 балл	5 % (2)	5 % (3)
Ортадан төмен 20 - 40 балл	15 % (7)	17 % (9)
Орташа 40 - 60 балл	50 % (26)	52 % (20)
Орташадан жоғары 60 - 80 балл	26 % (12)	21 % (13)
Өте жоғары 80 - 100 балл	5 % (3)	5 % (3)

Көрсетілген тест бойынша 10-20 балға дейін жинақтаған 2 білім алушы 5% бақылау тобында және 3 білім алушы 5 % тәжірибелік тобында, ол өте төмен деген деңгейге сәйкес келеді, бұл білім алушыларда шығармашылық қабілеті өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталады. 20 - 40 балды иеленген 7 білім алушы 15% бақылау тобында және 9 білім алушы тәжірибелік топта 17 % пайызды құрайды, деңгейі ортадан төмен. Ол білім алушылардың шығармашылық қабілеті орташа. 40 - 60 балл жинаған орташа деңгейдегі бақылау тобында 26 білім алушы 50 % пайызды және тәжірибелік тобында 20 білім алушы 52 % пайызды құраған. Бұл сыналушылардың шығармашылық қабілеті орташа. 60 - 80 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі бақылау тобында 12 білім алушылар 26 % және тәжірибелік топта 13 білім алушы 21 % пайызды құрайды, бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеті орташадан жоғары екендігін білдіреді. 80 – 100 баллды жинаған 3 білім алушы 5 % бақылау тобында және 3 білім алушы 5 % тәжірибелік тобында, бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеті өте жоғары дегенді білдіреді.

Анықтау эксперименті бойынша бақылау және тәжірибелік тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі 19 - суретте анық көрсетілген.

Зерттеу жұмысымыздың барысында осыған дейін аталып келген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделінің компоненттерін анықтау негізінде Э. Шостромның өзін-өзі өзектендіру тесті жүргізілді (16 –кесте). САТ екі негізгі және бірнеше қосымша

таараылар бойынша өзін-өзі ақпараттандыруды өлшейді. Э. Шостром сауалнаманың мұндай құрылымын ұсынған және осы сынақта сақталған. Негізгі тараулар - уақыт пен қолдаудағы құзыреттілік. Олар бір-бірінен тәуелсіз және қосымша болып табылмайтын, ортақ ұпайлары жоқ. 12 қосымша таразы - 6 блок - әрқайсысы екеуі. Тесттің әрбір элементі бір немесе бірнеше қосымша таразыларға енгізіледі және бір базалық деңгейде. Осылайша, қосымша масштабтар шын мәнінде негізгі болып табылады, олар негізінен сол ұстанымдардан тұрады. Тесттің ұқсас құрылымы көптеген көрсеткіштерді диагностикалауға мүмкіндік береді, алайда сынақтың көлемін арттырмайды.



Сурет 19 - Анықтау эксперименті Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Шкалалардың мазмұны келесідей.

Негізгі шкалалары:

Уақыт (Тс) шкаласы бойынша құзырет 17 тармақшаны қамтиды. Бұл шкала бойынша жоғары баға, ең алдымен, субъектінің қазіргі өмірде өмір сүру қабілетін, яғни оның өмірінің қазіргі сәтін толығымен сезінуді ғана емес, өткенді немесе болашаққа «қазіргі өмір» үшін дайындықтың салдары ретінде емес, екіншіден, өткенді, бүгінді және болашақты ажыратуды сезіну, яғни өмірінді толық көру. Бұл көзқарас, уақыттың психологиялық қабылдау субъектінің өзін-өзі жетілдірудің жоғары деңгейін көрсетеді.

Таразындағы төмен көрсеткіш адамды адамның уақытша шкаласының (өткен, қазіргі немесе келешек) және (немесе) оның өмірлік жолын дискретті қабылдауға арналған сегменттерінің біріне бағыттайды. Бірқатар эмпирикалық зерттеулер сонымен қатар бағдарлануды жеке даму деңгейімен уақытында тікелей байланыстырады.

Қолдау шкаласы (I) - сынақтың ең үлкен шкаласы (91 тармақша) - субъектінің құндылықтары мен мінез-құлқы тәуелсіздік дәрежесін сыртқы әсерден («ішкі-сыртқы қолдау») өлшейді. Бұл масштабтың тұжырымдамалық негізі А. Рейсманның «ішінен» және «сыртынан» туралы идеялары болды. Бұл шкала бойынша жоғары баға алған адам өзінің іс-әрекеттерінде салыстырмалы түрде тәуелсіз, өз мақсаттарымен, нанымдарымен, көзқарастарымен және қағидаларымен өмірге басшылық жасауға ұмтылады, алайда олар басқаларға қатысты қастықшылық пен топтық нормалармен қарама-қайшылықты білдірмейді. Ол сыртқа әсер етпей-ақ таңдай алады.

Төмен көрсеткіш тәуелділіктің жоғары деңгейін, сәйкестік дәрежесін, субъектінің тәуелсіздікке жетпеуін, сыртқы бақылауды көрсетеді. Біздің пікірімізше, осы масштабтың мазмұны соңғы тұжырымдамаға ең жақын. Теориялық жұмыстар мен психологиялық практика да осы шкаланы негізгі әдіс ретінде енгізудің заңдылығына куәлік етеді.

Өзін-өзі өзектендіруге арналған сипаттамаларын өлшейтін негізгі ерекшеліктерге қарағанда, қосымша тараулар оның жеке аспектілерін тіркеуге бағытталған.

1. Бағалық бағдар шкаласы (CAT) (20 тармақша) адам өзін-өзі танытатын тұлғаға тән мәндерді бөліседі.

2. Мінез-құлық икемділік шкаласы (24 тармақша) субъектінің мінез құлқындағы өз құндылықтарын іске асыруда субъектінің икемділігін, олардың айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуін, өзгертін жағдайға тез және дәл жауап беру қабілетіне диагностика жасайды. Мәнге бағдарлау және мінез-құлықтың икемділігі ауқымы, бір-бірін толықтырып, құндылықтар блогын қалыптастырады. Бірінші шкала құндылықтарды өздері сипаттайды, екінші - мінез-құлқын орындаудың ерекшеліктерін сипаттайды.

3. Өзіндік сезімталдық шкаласы (13 тармақша) адам өзінің қажеттіліктері мен сезімдерін қаншалықты жақсы білетінін, қаншалықты жақсы сезінетінін және оларды рефлексиялауды анықтайды.

4. Өзіндік шкаласы (S) (14 тармақша) адамның сезімін өздігінен және тікелей сезіну қабілетін өлшейді. Бұл шкала бойынша жоғары баға, қасақана, мақсатты әрекеттердің болмауы дегенді білдірмейді, ол тек қана мінез-құлық тәсілі бойынша есептелмеген, табиғи және босаңсудан қорықпайтын, басқалардың эмоцияларын көрсету үшін, басқа біреудің мүмкіндігін ғана көрсетеді.

3 және 4-шкалалар сезімдер блогы болып табылады. Біріншісі адамның өз сезімдерін қаншалықты білетінін, екіншісі - олардың мінез-құлқы қаншалықты көрінетінін анықтайды.

5. Өзін сыйлау шкаласы (Sr) (15 тармақша) субъектінің өз қасиеттерін

бағалай білу қабілетіне, мінездемелердің оң қасиеттеріне және өзін-өзі сыйлауға мүмкіндік береді.

6. Өзін қабылдау шкаласы (Sa) (21 тармақша) адам өзінің жеке артықшылықтары мен кемшіліктеріне қарамастан, өзін-өзі қабылдаған дәрежені тіркейді.

7. Адам табиғаты туралы идея шкаласы (Nc) 10 тамақшадан тұрады. Шкала бойынша жоғары баға субъектінің адам табиғатын толық деп санауға бейімділігін көрсетеді.

8. Синергия шкаласы (7 тармақша) адамның дүние мен адамдарға біртұтас қабылдау қабілетіне, ойын және жұмыс, физикалық және рухани қарама-қайшылықтардың байланысын түсіну қабілетін анықтайды.

9. Қабылдау шкаласы (A) 16 тармақшадан тұрады. Шкалада жоғары балл адамның табиғатының табиғи көрінісі ретінде адамның тітіркенуін, ашуын және агрессивтілігін қабылдауға қабілеттілігін көрсетеді.

10. Контакт (C) шкаласы (20 тармақша) адамның адамдармен тез және жақын эмоционалды байланысы бар байланыстарын тез белгілеуге, немесе әлеуметтік психологиясына таныс терминологияны пайдалана отырып пәндік-тақырыптық қарым-қатынасқа қабілеттілігін сипаттайды.

11. Когнитивті қажеттіліктер шкаласы (11 тармақша) әлем туралы білім алуға ұмтылу тақырыбының дәрежесін анықтайды.

12. Креативтілік шкаласы (Cr) (14 тармақша) адамның шығармашылық бағытының дәрежесін сипаттайды.

Когнитивті қажеттіліктер мен креативтілік шкалалары танымға деген қатынасты құрайды. Бұл жағдайда, ең алдымен, тестілеуді өзіндік құбылыстың тұжырымдамалық маңызды элементтерінің бірі ретінде жеке тұлғаның шығармашылық бағдарлау деңгейін диагностикалауға мүмкіндік беретін индикаторлар блогын енгізу. Тест топтық түрде де, индивидуалды түрде де өткізілуі мүмкін. Тәжірибеде көрсетілгендей, жауап беру үшін сыналушы уақыты шектелмейді, жауап беру үшін көбіне 30-65 минут беріледі.

Жалпы алғанда, САТ психометриялық тестінің нәтижелері ғылыми зерттеулерде де, практикалық психодиагностикада да қолдануға жарамды екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта біз «өзіндік даму», «жеке өсу» сияқты ұғымдарды жиі естиміз, осы сөздерге байланысты әр түрлі қалалардағы мамандар тренингтер мен семинарларды жиі өткізеді, осыған сәйкес бұл өздігінен жұмыс істеу синонимі болып табылады.

Өзін-өзі жетілдіруге қабілетті адамдардың өмір сапасына жағымды әсер ететін көптеген оң қасиеттері бар: - өзгелердің пікірінен тәуелсіз болу; - айналадағы барлық нәрселерді қабылдай отырып, барлық артықшылығы бар эмоцияларға ашықтық және жоғары коммуникативтік дағдылар; - шығармашылық көзқарас және тағы басқалар.

Өздерінің деңгейін анықтау үшін біз білім алушыларға әлеуметтік жүйе арқылы САТ өздігінен тестілеу тестін онлайн тәртібінде қалаған уақытта және

кандай салаларда табысқа қол жеткізгені және қайсысына қол жеткізуге болатыны білуге ұсындық.

Кесте 16 – Э. Шостромның өзін-өзі өзектендіру тестінің шкалалары бойынша көрсеткіштері

<i>Шкалалар атауы</i>	<i>Бақылау тобы</i>	<i>Тәжірибелік топ</i>
Бағалық бағдар шкаласы	4 (8 %)	5(10%)
Мінез-құлық икемділік шкаласы	5(10%)	5(10%)
Өзіндік сезімталдық шкаласы	5(10%)	5(10%)
Өзіндік шкаласы	3(6%)	5(10%)
Өзін сыйлау шкаласы	4(8%)	4(8%)
Өзін қабылдау шкаласы	5(10%)	5(10%)
Адам табиғаты туралы шкаласы	5(10%)	4(8%)
Синергия шкаласы	4(8%)	3(6%))
Қабылдау шкаласы	5(10%)	4(8%)
Байланыс шкаласы	4(8%)	3(6%)
Когнитивті шкаласы	3(6%)	3(6%))
Креативтілік шкаласы	3(6%)	4(8%)

Кесте барысында берілген пайыздық көрсеткіштегі шкалалардың сипаттамасы бізге төмендегідей нәтиже береді. Біз аталған сипаттамалардан екі топта да айтарлықтай өзгешеліктер байқамаймыз. Егер де атап өтер болсақ, екі топта да құндылықтар шкаласының өзгелермен салыстырмалы негізде жоғары екенін көреміз, бұл шкала бойынша орташа ұпайға ие білім алушылар бойында өзін - өзі белсендіретін тұлға құндылықтарының бар екендігін байқай аламыз. Бұл құндылықтарға ие тұлғалар бойынан достық қарым-қатынас құруға деген ұмтылыс байқалады. Сонымен қатар екі топта да байланыстылық және қарым-қатынастағы иілгіштік шкаласының төмен деңгейде екенін көреміз. Аталған шкалалар тұлғаның қарым-қатынасқа оңай түсуін, қоршаған ортамен тығыз және достық қатынас құру қабілетін, қарым-қатынастағы әлеуметтік жағдайға байланысты өзін-өзі көрсету қабілетінің болуымен немесе жоқ болуымен анықталады. Бұл шкалалар бойынша төмен көрсеткіштер ригидтілік, өзінің сүйкімділігіне күмәндану, серіктесіне қызықсыз көріну және қарым-қатынасқа түсу еш қанағаттану сезімін әкелмейді деп ойлайтын адамдарға тән. Эксперименталды топтағы жағымды немесе жағымсыз көзқарас шкаласы бойынша жоғары бағаға иеленген білім алушылар саны басым, бұл шкала біздің жағдайымызда білім алушылардың адамзаттық мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін бейнелейді. Көрсеткіштердің жоғары болуы тұрақты шынайы және үйлесімді тұлғааралық қарым-қатынастарға негізделеді, тұлғалардың табиғи сүйіспеншілігін, сенімділігін, адалдығымен сипаттайды. Яғни білім алушылардың бойында шынайылық, достық қарым-қатынас басымдылығы айқын көрінеді. Бұл біз үшін аса жағымды жағдай, себебі

шынайы және үйлесімді қарым- қатынасқа бағдарланған жастар бойында коммуникативтік креативтілік көрсеткіштерін қалыптастыру қиындық тудырмайды. Өзге шкалалар бойынша көрсеткіштер екі топта да орташа деңгейді көрсетеді. Білім алушылардың жалпы өзін-өзі өзектендіру орташа балы – 57 тең болды. Орташа бал негізінде өзіндік өзектілік деңгейі үш факторға негізделіп көрсетіледі: А факторы (жоғары) – 70 - 81 балды құрайды, В факторы (орташа) – 60-70 балды құрады, С факторы (төмен) – 48-59 балды құраған 17 кестеде беріледі.

Кесте 17 – Э. Шостромның өзін-өзі өзектендіру тестінің факторлары бойынша көрсеткіші

Деңгейлері	Бақылау тобы (50 білім алушы)	Тәжірибелік топ (48 білім алушы)
А (Жоғары)	10 (17 %)	8 (13 %)
В (Орташа)	15 (26 %)	14 (30 %)
С (Төмен)	25 (57 %)	26 (57 %)


Кестеден көріп тұрғанымыздай білім алушылардың өзін-өзі өзектендіру деңгейлерін үш факторға бөліп көрсеттік, А жоғары факторы – бақылау тобында 17 %, ал эксперименттік топта 13 %, В орташа факторы – бақылау тобында – 26 %, ал эксперименттік топта 30 %, С төмен факторы – бақылау тобында 57 %, тәжірибелік топта 57 % құраған. Тестті өткізудің нәтижесінде жоғары факторлы өзін – өзі өзектендіру деңгейіне ие тұлғалар белсенді, өз мамандығын саналы түрде таңдаған, шығармашыл негізде ойлай алатын, білім, білік, дағды игеруге бейім, дарындылық қабілеті бар, өз ішкі әлеуетін ашуға бейім, дамуға дайын. Ал төмен деңгейдегі өзін-өзі өзектендіру факторын көрсеткен тұлғалар өзіндік пікірі дұрыс қалыптаспаған, өз мүмкіндіктерін толық аша алмайтын, қоршаған орта өзгерістерін дұрыс қабылдап бейімделе алмайтын, мақсаттылығы төмен, өз іс-әрекетін дұрыс бағыттап алмайтын жандар. Өзіндік таңдап алынған мамандығында, өмір іс- әрекетінде, оқу іс-әрекетінде өзіндік ішкі әлеуетін толық негізде пайдалана алмайтын жастар, болашақта өзіндік кәсіби бағытын дұрыс құра алмайды, сол себепті де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы аса маңызды.

Осы кезеңде біз әдістеме аясында жоғарыда аталып өткен шкалалар бойынша пайыздық қатынастағы көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 20 - сурет арқылы сипаттама бердік.

Сонымен қатар, жоғарыда берілген тесттермен қатар, біз зерттеу жұмысы барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық, қарым-қатынасқа бағдарланған коммуникативтік креативті тапсырмаларды кеңінен қолдану керек екендігіне көз жеткіздік.

Нақыл сөзді аяқта ойыны

Ойын барысы. Білім алушылар дөңгелек шеңбер құрып отырады, оларға құпия сандықшада аяқталмаған нақыл сөздер беріледі. Білім алушылар кезекпен сөздерді алып, оқып оны өз сөзімен аяқтауға тырысады. Осыдан кейін, жүргізуші нақыл сөздің бұрынғы нұсқасын оқиды. Бұл ойын тұлғаның сөйлеу барысындағы өз ойын нақты, кідірмей жеткізуге, ақыл - ойды дамытуға ықпал етеді және білімгерлердің коммуникативтік және шешендік дағдыларының дамуына ықпал етеді.



Сурет 20 – Э. Шостромның өзін-өзі өзектендіру тестінің факторларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Мысалы,

Жүз теңгең болғанша...

Үндемесей...

Тұлғаның екі құлағы бар бірі тыңдау үшін, ал екіншісі...

Шақырылмаған қонақ...

«Карусель» ойыны. Топ мүшелері карусель үрдісі бойынша яғни бір-біріне карап тұрады және екі шеңбер құрады. Ішкі шеңбер қозғалыссыз, ал сыртқы шеңбер қозғалмалы.

Жағдаят мысалдары:

Сіздің қарсы алдыңызда танымайтын адам тұр, онымен қалай сәлемдесесіз?

Сіздің қарсы алдыңызда мүлдем танымайтын адам тұр, онымен қалай танысасыз?

Сіздің қарсы алдыңызда өзіңіз жақсы танитын, бірақ едәуір ұзақ уақыт көрмеген адам тұр. Сіз бұл кездесуге қуаныштысыз.

Сіздің қарсы алдыңызда досыңыз тұр, онымен қалай қоштасасыз.

Байланыс орнатуға және әңгімелесуге 2-3 минут беріледі. Содан соң жүргізуші белгі береді немесе тренингке қатысушылар келесі қатысушыға жылжиды.

Жобалау әдісі де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда пайдаланылды. Жобалар жалпылау негізінде білім беру үдерісінде пайдалану барысында, ұсынылған әртүрлі тәсілдері, жобалық оқыту мақсаты көп жағдайда білім алушылардың жеткіліксіз білімді өздері әртүрлі ақпарат көздерінен анықтап; танымдық пен практикалық мәселелердің шешімін табу үшін меңгерілген білімдерді пайдаланып, үйренулеріне; түрлі топтарда жұмыс жасау арқылы коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруларына; өздерінің зерттеушілік іскерліктерін жағдай жасауды қарастырған .

Кесте 18 - Жобамен жұмыс кезеңдерімен және тұлғаның жаңа ақпаратты игеру кезеңдерінің сәйкестігі

Жаңа ақпаратты игеру кезеңдері	Жобамен жұмыс кезеңдері	Сабақты ұйымдастыру формалары
Мотивация, мақсат қою	Мақсат қою	Әңгіме, дәріс және т.б.
Жоспарлау	Нұсқаларды талқылау	Әңгімелесу
Әрекеттің бейімделу схемаларын құру	Өздігінен білім алу	Өзіндік жұмыс. Әрекет барысын ойластыру. Семинар, практикум
Әрекет (операциялар)	Зерттеу	Өзіндік жұмыс, практикум, серуен, практикалық немесе лабораториялық жұмыс
Рефлексия	Жалпылау, қорытындылау	Семинар, кеңес беру
Бағалау	Жетістіктер мен қателіктерді талдау	Әңгімелесу, кеңес беру
Түзету	Түзетулер жасау	

Жобалау әдісінің мәселелік пен зерттеушілік, практиканың қорытындысына бағытталған шығармашылық әдістемелерді қолдану үшін жасалған. Жоба әдісін қолдану кезінде келесі төмендегідей талаптарын айтып өтсек болады:

- зерттеушілік жоспарда интеграцияланған білімді, зерттеушілік ізденісті талап етуші маңызды мәселенің, міндеттердің болуы;

- ұсынылатын нәтижелердің практикалық және теориялық мәнділігі;
- сабақтағы және сабақтан тыс кездегі білім алушылардың өз бетінше іс-әрекеттері;
- жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау;
- зерттеушілік әдістерді пайдалану;
- мәселені сонымен қатар одан шығатын зерттеу міндеттерін анықтау;
- оларды шешу болжамдарын тұжырымдау;
- зерттеу әдістерін талқылау; ақырғы нәтижелерін безендіру;
- алынған мәліметтерді талдау, қорытындылау;
- түзетулер жасау, қорытындылар [191, б. 15].

Біз Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деген элективті курсында топтық, жұптық және жеке жобалар жүргіздік (кесте - 19);

Кесте 19 – Жоба түрлерінің сипаттамасы

Жобаның түрі	Құрылымның ерекшеліктері	Жоспарланған нәтиже	Тақырып аттары
<i>Зерттеушілік</i>	Ғылыми зерттеулер құрылымына ұқсас	Жаңа мәселелерді белгілеу, нәтижелерді тіркеу, тұжырымдау	Жалпы педагогикалық коммуникация
<i>шығармашылық</i>	Аяқталған нәтиженің жанрына бағынып, енді белгіленіп, дамиды	Газет, шығарма, фильм, қойылым, мереке және т.б.	Педагогикалық коммуникация ерекшелігі
<i>Рөлдік ойындар</i>	Ашық болып қалады	Жоба соңына қарай созылады	Мұғалімнің сөйлеу қызметі
<i>Кіріспе</i>	Нәтижелері мен перзенттацияларын, ақпаратты өңдеу мен зерттеу көздерін, жобаның максат-міндеттерін көрсету жақсы ойластырылған	Жариялау, хабарлама, доклад. (Зерттеу жобасының моделі болуы мүмкін)	Кәсіби қызметтегі сөйлеу мәдениеті
<i>Тәжірибеге бағдарланған (қолданылатын)</i>	Мүқият ойластырылған	Бағдарлама немесе құжаттың, міндетті түрде жоба	Анықталған жағдайда коммуникацияны іске асыру

<i>Пәнаралық</i>	Қорытынды және аралық презентациялардың формаларын анықтау мен нақты құрылымның белгілі	Мәселелердің шешілуі жобаның барлық қатысушылары үшін маңызы бар	Педагогикалық коммуникациядағы пікірталас
------------------	---	--	---

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативті-лігін қалыптастыруда пайдаланылған келесі әдіс - іскерлік ойын. Іскерлік ойында ойыншыларда екі түрлі көзқарас қалыптасады. Біріншіден, ойыншы кейіпкер рөліне кіріп, ойын бейнесін жасайды яғни осы кейіпкерді толық сіңіреді, басқалармен осы кейіпкер ретінде қарым-қатынаста болады. Екіншіден, бұл ойыншылар арасындағы нағыз қарым-қатынас орнығады, себебі әр ойыншы кейіпкерді өзі деп есептейді. Кейіпкер бейнесіне кіру жолында ойын шарты тез ұғынылады сондай - ақ төзімділік, басқалардың ойын құрметтеу, бірігіп жұмыс атқару, жауапкершілік қалыптасады.

Білім алу процесі, оны толықтыру, негізін түсіну екі кезеңнен өтеді:

- ойын барысында: кейіпкер арасындағы қарым - қатынас кезеңі;
- қорытындылау кезінде, пікірталас кезеңі;

Ойын шартында ойыншыларға таныс жайттар көп кездессе және олар кейіпкерге толық кіре алса ойын қызықты да мағыналы болып өтеді.

Әрбір ойын мағынасына қарай өзіне тән құрылымы, рөлі, сюжеті болады және мұғалімнің басқарып, жүргізуіне байланысты ерскшеленеді. Ойынның ойдағыдай өтуі жүргізушінің атқаратын жұмысы толық қарастырылған жағдайда ғана болады. Ол әрбір ойыншының өзіндік ерекшеліктері, мүмкіндіктерін, олардың ойынға тез енуін ойындық ситуацияға кіруін сюжетті ары қарай дамыту дәрежесін білгенде ойын сәтті өтеді. Әрбір топ ойынды өзінше дамытып, жаңа көзқарастар туғызтып, жаңа нәтижелер шығара алады.

«Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективтік курсының коммуникативтік қарым-қатынас, коммуникативтік креативтіліктегі сөйлеу мәдениеті тақырыбында іскерлік ойынын өтілу барысынан төменде үзінді берілген.

Мақсаты: Білім алушылардың өз мамандығын шыңдай түсіп, бай тәжірибесін басқаларға өнеге ету, «Тіл дамыту» оқу іс - әрекетінің тиімділігін арттыру, біліктілігін жетілдіру.

Керекті құралдар: Стикер, түрлі - түсті шарлар, фломастер, ақ парақтар, плакаттар.

Шарты: Білім алушылар дөңгелек етіп орналастырылған үстелдер санына қарай орналасады.

I. Әділ қазылар алқасы сайланады.

II. Білім алушылар өздері таңдап алған қызыл, жасыл, көк түстерге қарай үш топқа бөлінеді.

1 тапсырма: Әр топ өздерін шығармашылықпен қорғайды яғни ат қою, сурет салу, өлең шығару.

2 тапсырма: Тіл дамыту оқу іс - әрекетін ұйымдастырудың әдіс тәсілдеріне байланысты ілінген әр түрлі шарларды таңдап, сұрақтарға жауап береді. Ұпайларына байланысты сыйлық беріледі.

3 тапсырма: Актерлік қабілет

4 тапсырма: Білім алушылармен шығармашылық жұмыстар:

Үш топқа жұмбақ құрастыру тапсырылады.

Бірінші топ - көбелек, ит, сағат

Екінші топ - гүл, түйе, телевизор

Үшінші топ – кітап, сағат, тышқан

Ұпайларына байланысты сыйлық беріледі.

Оқу материалдарын белсенді меңгере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың біріне оқыту/оқу әдістері мен формаларын таңдау жатады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда педагогикалық, оның ішінде – оқытуда сауалнамалар әдісін қолдану барысында келесідей сауалнамалар білім алушылардан алынды.

Креативтілік сауалнамасы

Сізге өзіңіздің тұлғалық қасиеттеріңізді тест сұрақтарына жауап бере отырып, өзбетіңізбен бағалау ұсынылады. Сұрақтарды мұқият оқыңыз. Сұраққа оң жауап бергенде «+», теріс жауап бергенде «-» белгісін «Мен-шынайы» және «Мен-керемет» қатарына қойыңыз. Жауап беруде ұзақ ойланбаңыз, өйткені бірінші басыңызға келген жауап дұрыс болып есептеледі.

Нәтижелерін өңдеу

Әрбір креативтілік индекс бойынша баллдар саны алынған баллдарды қосудағы тест кілті бойынша анықталады. Егер сыналушының сұраққа берген жауабы тест кілтімен сәйкес келсе, ол аталған индекстік көрсеткіштер: «Мен-шынайы» және «Мен-керемет» бойынша бір баллға ие болады. Мысалы, егер сыналушы бірінші сұраққа «Мен-шынайы» және «Мен-керемет» қатарына оң жауап берсе және кілт жауабы + болса, онда бірінші индекс О (шығармашылық ойлау) бойынша ол бір баллдан алады, егер теріс (-) жауап берсе ешқандай балл алмайды. Тесттің кілті әрбір сапа бойынша тек «Мен-шынайыға» ғана емес, сонымен бірге «Мен-кереметке» де қатысты екенін есте ұстау керек.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда миға шабуыл әдісі де тиімді пайдаланылды.

Миға шабуылды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін, нақты жағдайларда тапсырмаларды анық тұжырымдау қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды ұсынамыз. Бұл жаттығуларды кезекпен орындаудан мақсат – мәселенің түсінудің қиындығына қарамастан оны анықтау.

1 - жаттығу. Өзіңізге қызықты болған тапсырманы таңдап, келесі сұрақтарға жауап беріңіз: «Қалай...» (мысалы, Тұлғаның коммуникативтік

креативтілігін қалыптастыру пәнін жүргізуді қалай оңай, әрі тез үйренуге болады?). Шешімі қиын болған және шешімінің бір неше нұсқаулары бар тапсырманы алыңыз. Келесі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Сіз ойланған мәселе тағы кімді қызықтырады?
2. Қандай шешім мәселені түп тамырымен өзгерте алады?
3. Мәселе сізді не үшін қызықтырады?
4. Мәселе шешілгеннен кейін қандай өзгеріс болады?
5. Мәселені (тапсырма) шешуде не кедергі болады?
6. Мәселе не үшін күрделенуі мүмкін?
7. Не үшін сіз бұл тапсырманы шешуді қалайсыз?
8. Тапсырма жалпы не үшін шешілуі керек?

Әрбір мәселе туралы үш минуттан артық ойланбаңыз.

2-жаттығу. Өзіңізге «Бұл мәселе төңірегінде алдыңғы анық болған мәліметтерден бөлек не үйреніп, білуім керек?» деген сұрақтарды қойыңыз. Жауаптарды парақшаға жазыңыз.

3-жаттығу. Орындалатын тапсырманың құрамдас бөліктері ретінде «кім?», «не?», «қайда?», «не үшін?» деген сұрақтарға жауап беру керек. Осы сұрақтардың тиісті жауаптарын кестеде толтырыңыз және қысқа, анық жауап жазыңыз. Егер жауаптар ұқсас болса, оларды бір кестеге біріктіріңіз.

4-жаттығу. Мәселені жақсы түсіну үшін барлық сезімдеріңізді пайдаланыңыз. Қиялыңызбен жұмыс жасаңыз. Қиялыңызға қандай ақылсыз ой келсе де, зейінсіз қалдырмаңыз.

5-жаттығу. Шешіп жатқан мәселенізді кейіпкертаспа арқылы қарап отырғандай елестетіңіз. Көргендеріңіздің бәрін жазып алыңыз. Мүмкін сізге керек болған шешім осы жерден табылуы мүмкін.

6-жаттығу. Мәселе туралы қысқаша әңгіме (немесе мақала) жазуға тырысыңыз. Бұл мақала мәселенің мән-жайын білмейтін оқырманға бағытталып, оның көлемі екі немесе үш абзацпен шектеледі. Шығармаңызды қайта-қайта оқыңыз, бұрын байқамай қалған мәліметтеріңіз бар ма?

7-жаттығу. Бұдан алдын орындаған жаттығулардың нәтижелерін қарап шығып, тұжырымдамалар жазыңыз. Әрбір тұжырымда екі немесе үш сөйлемден аспауы керек. Солардың ішінен мәселенің шешімін табуға көмектесетін тек бір ғана тұжырымдаманы таңдап алыңыз және оның астына сызыңыз.

8-жаттығу. Мәселенің шешімін табуға көмектесетін фактор ретінде таңдап алынған тұжырымдамаға байланысты барлық кілт сөздер мен сөз тіркестерін жазып, соның негізінде 10 дана шешім тауып көріңіз. Оларды мұқият зерттеп, маңыздылығына қарай нұсқаларды өшіріңіз. Соңында қалған бір ғана шешімді 1-жаттығуда қойылған сұраққа қоясыз. Сұрақтарға жауап беруде мәселе мен оның шешімі арасындағы айырмашылықты 5 баллдық шкаламен бағалайсыз: 0-ерекшеленбейді; 3-ерекшеленеді, бірақ көп емес; 5-өте ерекше. Жинаған ұпайыңыз сіздің ойыңыздың ерекшелігін білдіреді.

Сіз соңғы жаттығуды орындаған кезде Миға шабуыл әдісінің шебері бола аласыз.

9 - жаттығу. Төрт адамнан кем және жеті адамнан артық болмаған бір топ құрыңыз. Миға шабуыл әдісін қолданудағы тәжірибе көрсеткендей, екі-үш адамнан құралған топ тиімсіз және жеті адамнан көп болып құралған топты басқару қиын болды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда пайдаланылған келесі әдіс – пікірталас.

Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда қосымша дидактикалық материалдар сапасында арналған YouTube арналары мен әлеуметтік желілердің ақпараттық қорлары пайдаланылды, атап айтқанда:

- VIKENT.RU - креативтілікке арналған видео-тапсырмалар
- Сити-Клуб www.city-club.biz – вебинарлар
- Геннадий Ключкин – онлайн-курстар
- Психологика – креативтілікке арналған онлайн тесттер

Жаңа оқу формасы ретінде соңғы он жылда ғылыми әдебиеттерде мобильді оқыту атап өтілуде. Осы қысқа уақыт ішінде мобильдік оқытуды енгізу, қалыптастыру және одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар әлемдік, халықаралық конференциялар мен басқа да іс-шаралар өткізілді. Мобильді оқыту мәселелеріне арналған көптеген ғылыми мақалалар мен кітаптар әртүрлі білім беру мекемелерінде, оның ішінде мектептерде педагогикалық, технологиялық, әлеуметтік және басқа да аспектілерді көрсетеді [192].

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың кең қолданыста-ғы түрі *мобильді құрылғылар*. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда мобильді құрылғылар үшін жасалған арнайы қосымшаларды пайдаланулары жаңа оқыту тәсілдер болып табылады. Мобильді құрылғылар сайттар арқылы интеграция жасалған, грамматика бойынша жаттықтыратын қосымшалар мен сөздіктерді, сонымен қатар оқуға, мәтіндерді тыңдап, кроссвордтарды шешуге мүмкіндік жасалған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға мобильді құрылғыларға арналған қосымшалардың да мүмкіндіктері пайдаланылды.

TRIPBox – креативтілікті дамытуға арналған мобильді қосымша. Мобильді қосымшаның базасында 25+5 креативті тапсырмалар және биология, бизнес, техника, т.б. сала бойынша 10 тапсырмадан, жалпы түрлі тақырып бойынша 225 тапсырма орнатылған. Қосымшаны телефонға, планшетке, компьютерге тегін орнатып алуға болады. Бір ай көлемінде күніне бір рет тапсырма келіп отырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен мобильді құрылғылар шектеусіз әлеуетке ие. Зерттеушілер тарапынан білім беруде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы көптеген дидактикалық міндеттерді шешуге болатындығы дәлелденіп келеді.

Оқу материалдарын белсенді меңгере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға бағытталған

педагогикалық шарттардың біріне оқыту/оқу әдістері мен формаларын таңдау жатады.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбиелік үдерісі кезең-кезеңмен өтілсе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің креативтілік қызметке дайындығын қалыптастыру сәтті өтетіні айқындалды, бұл педагогикалық теорияны, әдістерді және кәсіби әрі педагогикалық мәселелерді дұрыс шешудің әдістерін меңгеруді білдіреді. Тек қана осындай жағдайлар оқу үдерісінің ұйымын жана әдістермен және құралдармен құруға, білім алушылардың өндірістік қызметіне ерекше тәсілдерді ендіруге негіз бола алады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің мектепте креативтілік қызметінің дайындығын қалыптастыру мәселесін зерттеп талдай келе біз негізгі идеяларды: теориялық білімнің таралуы туралы идеяны, оқытуда білім алушылармен ынтымақтастық идеясын, оқытуды ілгерілету идеясын; өз еркімен оқу идеясын; оқытуда және білім алуда білім алушылардың жағымды қасиеттеріне тәуелділік жайлы идеясын; күрделі мақсат идеясын; оқыту жүйелілігі идеясын; мәселелік оқу жайлы идеяны; ынтымақтастық және құрмет идеясын айқындадық. Мұғалімдер оқытуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде, олар барынша тиімді құралдарды, формаларды, әдістерді және оқу тәсілдерін шығармашылық тұрғыдан іздеумен, педагогикалық ғылым жетістіктері мен озық тәжірибелерді енгізумен қатар білім алушылармен бірлескен шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырады [193].

Зерттеу жұмысымыз үшін анықталған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемеге сәйкес ұйымдастырылған оқыту нәтижелері келесі тармақшада қарастырылады.

2.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының ұйымдастырылуы және нәтижелері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудағы мәселелерінің теориялық зерттелуі мен моделінің ғылыми тұрғыда негіздей отырып, зерттеу барысында коммуникативтік креативтіліктің қалыптастырылудағы сапасының бағалау мақсатын, міндеттерін, мазмұнын анықтау мен әдістемесін эксперименттік жүзінде тексерілуі қажет.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру тиімділігінің тексерілуіне бағытталды.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттелуінің ұйымдастырылуы үш кезең шеңберінде жүзеге асырылады: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Эксперименттің барлық сатылары өзара байланыста болғандықтан, зерттеудің жалпы жағдайына бағынады. Дегенмен де, әрбір кезеңінің жеке міндеттері, мазмұндары және нәтижелері бар.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты ұсынылған элективтік курсты камтумен қатар, әзірленген модельдің негізінде болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің қалыптастырылуы үдерісін іске асыру. Зерттеудегі болжамын тексерудің және қуаттау оның міндеті болып табылады.

Жүргізілген эксперименттің бақылау кезеңінде болашақ бастауыш сыныптың мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырылған сатысы анықталады. Оның барысында эксперименттің және бақылау топтарындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың сатысының сандық және сапалық айырмашылықтары айқындалды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мақсаты арқыл негізгі міндеттерін қалыптастыруға тырыстық:

Бірінші болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін оның өлшемдері мен деңгей көрсеткіштерін анықтап алу;

Екінші қалыптастыру үдерісі кезінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің үнемі қатысуын қадағалап, оқыту формалары мен әдістерді негіздеп және әзірлеу;

Үшінші элективтік курстың мазмұны оқу-тәрбиелік үдеріс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру кезіндегі ықпалын тексеру;

Төртінші эксперименттің нәтижелерін талдану барысын жазу.

Қалыптастыру кезеңі анықталғанда оқыту мазмұндары арқылы ізделініп сапаға әсер берді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудағы құраушысы болып келетін қарым-қатынас оны түсінуге қабілеттілік, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Осы кезең барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің іс-әрекетін ұйымдастырып, өткізілетін пәндер бойынша коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру кезеңінде қажеттілігін білдіруге әсер етілуі арттырылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды зерттеу мен педагогикалық қарым-қатынасқа болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ынтасына бағыттылығы деңгейі арқылы, коммуникативтік креативтілікке дайындығының болуы және педагогикалық қарым-қатынас арқылы өзін-өзі бағалауы, дамытуы, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысының нәтижесі арқылы сипатталатын мотивациялық құраушылардың талдануымен бастау алады. Мотивациялық компоненттерінің қалыптасқан деңгейін айқындау үшін әдістеме барысында тұтас зерттеу жүргізіліп, берілген құраушылардың көрсетілген көрсеткіштерінің барлығы қамтылып отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыруда оқыту заңдылықтары мен құрылымы, ерекшеліктері оқытылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді дайындаудың басты мақсаттарының бірі оларды білім алушылармен, қоршаған дүниемен қарым-қатынас жасауға дайындау болып отыр, болашақ бастауыш сынып мұғалімнің тұтас коммуникативтік қызметінің нышаны болғандықтан, педагогикалық

ЖОО-нда білім алушыларды дайындаудың маңызды буыны олардың қарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің қалыптастырылуының бағыттылығын зерттеу үшін және факторларды бөліп алуда қарым-қатынастың іске асуында, қажеттіліктерін анықтау барысында сауалнама жүргізілді.

Қалыптастыру экспериментінің барысында әзірленген «Қарым-қатынас мәдениеті», «Креативті педагогика» атты оқу құралдары, «Коммуникативті креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы» және «Қарым-қатынас мәдениеті» электрондық оқулықтары пайдаланылды. Ұсынылған оқу құралдарының практикалық қолдану мүмкіндігі қарастырылды.

Зерттеу жүргізу жұмысымызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруға арналған оқу құралдарының жеткіліксіздігінен біз - «Тұлғаның коммуникативті креативтілігін қалыптастыру» тақырыбындағы элективтік курс мазмұнын ұсындық. Біз ұсынған элективтік курс бойынша оқытудың негізгі ұйымдастыру керек формалары мен әдістері: педагогикалық қарым-қатынас нәтижелерін сараптау, педагогикалық оқу әдебиеттерімен жұмыс, педагогикалық коммуникативтік креативті тапсырмаларды шешу, тренингтік нұсқаулықтар, шығармашылық жұмыстар, жобалар орындау, реферат әзірлеу, т.б.

Қарастырылатын негізгі мәселелермен қатар, келесі жұмыстар да қамтылады:

- аудиториядан бөлек көптеген жұмыстарды топтастыру;
- тақырыпқа сәйкес келетін жұмыс түрлерін алу;
- сабақ құрылымына талдау жасау арқылы оны құрастыру;
- білім алушылардың мамандықтарының ерекшеліктеріне талдау жасау;
- педагогтың өз дәрісін өткізуге деген дайындығын нақтылау және оны құрастыру;
- педагогикалық қарым-қатынастың психологиясының негізінде педагогикалық ізденістерін, зерттеулерін оқып үйрену және т.б.

Зерттелінетін жұмыс барысында қарым-қатынастың түрлерін, педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктерін, модельдері бойынша оқу материалдарын оқып үйрену кезінде және практикалық сабақтар барысында теориялық алынған білімдерді қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігінің қалыптастыруда алатын орнын анықтауда, пәндерді меңгеріп алуда білім алушылардың дұрыс көзқарастарын және қызығушылықтарын қалыптастыруға жақсы әсер етілді. Оқыту пәндері барысында алған коммуникативтік іскерліктердің және дағдылар арқылы білім алушылардың педагогикалық практиканың және оқу үдерісі барысында қолдану бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің керек коммуникативтікке дайындығының білімдерін арттыратын және қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттырып, коммуникативтік креативтіліктері мен дағдыларын практика барысынан іске асыруға себеп болды.

Эксперименттің қорытындысы бойынша жүргізілетін пәндердегі білімін арттыру және практика барысынан педагогикалық қарым-қатынасқа керек әдіс-тәсілдерін оқып, меңгеруді және оны іске асыру барысын оң жоспарлау, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қарым-қатынасқа даярлығы қолданысқа енетіндігі көрсетілді. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарды орындауда оқып үйрену мен коммуникативтік креативтілікті және қабілеттерін арттыруға арналған тапсырма сандары да арта түскен болатын, сабақтардың өтілу барысында коммуникативтік креативтілікке оқыту әдістерінің қолдану шеңбері кеңейтіліп, креативті қарым-қатынасқа дайындаудың мақсатында оқыту барысы іске асырылатын болады.

Тәжірибелік топтардағы білім алушылардың теориялық білімдеріне қосымша тренинг пен шеберлікті арттыратын сағаттар кезеңінде сонымен қатар педагогикалық практиканың барысында жалғасын табады.

Эксперименттік зерттеудің үшінші кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың бағдарламасы мен әдістемесімен тәжірибеге енгізілді. Эксперимент жүргізуші-оқытушылардың, кафедра ұжымының пікірлері талданып, қорытындыланып, бағдарлама мазмұнына өңдеулер мен толықтырулар жасалды, тәжірибелік-эксперименттердің жұмыстарының нәтижелеріне жан-жақты теориялық талдаулар жасалып, диссертация тақырыбы бойынша нұсқаулар дайындалды.

Қалыптастыру экспериментінен кейін біз *бақылау экспериментін* жүзеге асырдық.

Қалыптастыру экспериментінде оқу жұмыстарының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруының моделі мен қалыптастыру әдістемесіне сәйкес ұйымдастырылды және іске асырылды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру, білім алушылардың тұлғалық сапалық қасиет-теріне байланысты екендігі толық қарастырылды, оны жүзеге асырудағы мақсаттылығы, танымдық үдерістердегі ерекшеліктері және т.б. мәселелерге кеңінен назар аударылды.

Біз құрастырған «Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» атты элективті курс аяқталғаннан кейін өзіндік іріктеп алынған әдістемелерімізді бақылау және тәжірибелік топтарына қалыптастыру экспериментінен кейінгі өзгеріс нәтижелерін талдау мақсатында қайта жүргізіп, қорытындыладық (кесте – 20) .

Кесте 20 – Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштері

Берілген сұрақтар	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	бақылау тобы	тәжірибелік топ	бақылау тобы	тәжірибелік топ


1	2	3	4	5
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ	9,8 %	19,1 %	50,8 %	71,5 %
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық аздап көрінеді	28,6 %	40,2 %	38,6 %	20,2 %
коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда біршма көлемде қиындық бар	70,8 %	61,5 %	19,8 %	8,3 %

Жоғарыдағы кесте бойынша білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда негізгі қиыншылықтарды анықтау жөнінде алдыңғы анықтаған кестемен салыстырғанда, бақылау тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің 50,8 % -ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ», 38,6%-ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық аздап көрінеді», 19,8%-ы «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда біршма көлемде қиындық бар» екендігін көрсетті. Тәжірибелік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің нәтижесі бойынша, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық жоқ» - 71,5%, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындықтар аздап бар болса» - 20,2%, «коммуникативтік креативтілікті қалыптастыруда қиындық бар екені көрінеді» - 8,3% деп болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жауаптары бойынша белгілі болды.

Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасын сурет - 21 көре аламыз.

Яғни бұл білім алушының мотивациясы неғұрлым жоғары болған сайын коммуникативтік креативтілікті қалыптастыру деңгейі де арта түскендігі. Осы кезде біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптасуының кәсіби мотивациясының көтерілу тенденциясын ескереміз. Қалыптастыру экспериментті кезінде сабақ жоспарлары, топтағы дұрыс ахуал, белсенді түрде жүргізілген жұмыстар өз нәтижелігімен ерекшеленді деп айта аламыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптасуға деген мотивациялық – құндылық қатыстың,



Сурет 21 - Білім алушылардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы бірінші кезекте тұлғаның өзін-өзі белсендіруімен сипатталады.

Қалыптастыру экспериментінен кейінгі жүргізілген Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша көрсеткіштер төмендегідей негізде өзгерген. Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шамалардың пайыздық жиынтығын 21 – кестеде көрсетеміз.

Кесте 21 – Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тестінің шкалалары бойынша көрсеткіштерінің эксперименттен кейінгі сипаттамасы

Деңгейлері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	Бақылау тобы (50)	Тәжірибелік топ (48)	Бақылау тобы (50)	Тәжірибелік топ (48)
Өте төмен 10-20 балл	5 % (2)	5 % (3)	7 % (2)	-
Ортадан төмен 20 - 40 балл	15 % (7)	17 % (9)	15 % (7)	11 % (9)
Орташа 40 - 60 балл	50 % (26)	52 % (20)	55 % (26)	36 % (20)
Орташадан жоғары 60 - 80 балл	26 % (12)	21 % (13)	20 % (12)	37 % (13)
Өте жоғары 80 - 100 балл	5 % (3)	5 % (3)	3 % (3)	16 % (6)


Алынған тест бойынша бақылау тобында еш өзгерістер байқалмайды. Тәжірибелік топ бойынша 10-20 балға дейін жинақтаған өте төмен деген деңгейге сәйкес келетін коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталатын нәтиже жоқ. 20-40 балды иеленген экспериментке дейінгі 9 білім алушы 17 % пайызды құрайды, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш саны 9 білім алушы 11 % азайған. Бұл білім алушылар қарым-қатынасқа ұмтылысы төмен, жаңа ортада, ұжымда өзін ыңғайсыз сезінетін, жалғыздыққа бейімділік танытады. Таныстық саны шектеулі, көпшілік алдында сөйлеуге, адамдармен байланыс орнатуда қиындықтар сезінеді, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық жоқ, өзіндік пікірі қалыптаспаған, өз бетімен шешім қабылдаудан бас тартатын білім алушылар. Мұндай білім алушылар саны жүз пайыздың 11 % ғана құрайды, оны өте жақсы нәтиже деп есептейміз. 40-60 балл жинаған орташа деңгейдегі экспериментке дейін 20 білім алушы 52 % пайызды құраған, ал эксперименттен кейін олардың саны 20 білім алушы азайған, яғни ол 100% көрсеткіштің 36 % ғана құрайды. Бұл қатысушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орта деңгейіне ие. Олар адамдармен байланысуға бейім, таныстық шегін шектемейді, өзіндік пікірі бар, өз жұмысын жоспарлай алатын, дегенмен бейімділік әлеуеті жоғары тұрақтылықпен ерекшеленбейді. 60-80 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі экспериментке дейін 13 білім алушы 21 % пайызды құраған, эксперименттен кейін 13 білім алушы 37% ға өскен.

Бұл білім алушыларда коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орташадан жоғары деңгейі тиісті. Олар жаңа ортаға еркін кіріге алатын, достық қарым-қатынасты оңай құра алатын, таныстарын көбейтуге әрдайым ұмтылысы бар, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық танытатын, өзгеге көмек беруге даяр, туындаған жағдайға байланысты дербес шешім қабылдауға мүмкіндігі бар тұлғалар. 80-100 балға ие сыналушылар экспериментке дейін 3 білім алушы 5 % пайызын құраған, эксперименттен кейін 6 білім алушы 16 % көрсеткішті берді. Бұл білім алушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетте қажеттілікті сезінеді және оған белсенді түрде ұмтылады. Жаңа ұжымда өзін еркін ұстайды, қиын жағдайларға тез бағдарланады, көптеген іс-әрекеттерде бастамашылдық танытады, түрлі ойындарды, іс-шараларды ұйымдастырғанды ұнатады, өзіндік қызығушылықтары бар іс-әрекеттер тұрақты орын алады. Коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетке деген қажеттіліктерін өз бетімен қанағаттандырады.

Бақылау эксперименті бойынша эксперимент жүргізілген топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру бойынша Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі 22 – суретте анық көрсетілген.

Білім алушылардың экспериментке дейін және эксперименттен кейін нәтижелері бойынша тәжірибелік топта өзгеріс барын анық көре аламыз, орташадан жоғары көрсеткіш жинақтаған білім алушылар саны пайыздық

көрсеткішпен сипаттағанда 89 пайызға жеткенін көреміз. Коммуникативтік креативтілікті және ұйымдастырушылық қабілеттер адамның күнделікті өміріне мейлінше көп әсері бар. Олардың төмен деңгейі барлық іс-әрекет аясына елеулі әсер етеді. Коммуникативті қабілеттер әрбір адам өмірінің құрамдас бөлігі, мұндай қабілеттерді дамыту жеке қарым-қатынас, жеке бизнес, сонымен қатар болашақ кәсібінде белгілі белеске шығу үшін көмек көрсетеді. Болашақ басауыш сынып мұғалімдері ақпарат көздерінің көбеюіне орай (ғаламтор, баспасөздік ақпарат, байланыс құралдары, кәсіби-педагогикалық порталдар т.б.) оған сыни көзқараста таңдау жасай алуы керек, сонымен қатар қарым-қатынастың субъектісі ретінде еркін белсенділік танытып, жаңа ақпараттар, білімдер іздеуі аса маңызды, білім алушының қарым-қатынастық іс-әрекетіндегі ашықтығы, өзінің мақсатын орындауындағы барлық



Сурет 22 - Бақылау эксперименті бойынша экспериментке дейін және эксперименттен кейін Е. П. Ильиннің «шығармашылық қабілет» тесті бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

мүмкіндіктерді пайдалануы қазіргі қоғам талабы, коммуникативтік оқытуда білім алушы тек қана тіл туралы білімді меңгермейді, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік компонентті де меңгереді: қоғамдағы тәртіп үлгісі, сол елдің мәдениеті мен мәдениет нормалары туралы білімі, осылардың бәрі шынайы қарым-қатынастың жағдаяттарында сөйлеушімен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Ұйымдастырушылық сапалар талантты болашақ маманға тән. Оларға коммуникативтік креативтілік, дарындылық қабілеттер және ұмтылыстар мен

психологиялық икемділік тән. Бұл қабілет объективтілік білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға деген мүмкіндік, оқу барысында туындайтын қиындықтарды шешуге деген мүмкіндігінің болуы. Ұйымдастырушылық әрекет аса күрделі, білім алушы ұжымын тұрақты және динамикалы жүйе ретінде қалыптастырады. Коммуникативті креативтілікті және ұйымдастырушылық қабілеттердің жоғары деңгейі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың шарты ретінде қарастырылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға деген мотивациялық – құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы бірінші кезекте тұлғаның өзін-өзі өзектендірумен сипатталады. Қалыптастыру экспериментінен кейінгі жүргізілген Э. Шостромның өзін-өзі өзектендіру тестінің шкалалары бойынша көрсеткіштері келесі кестедегідей өзгерген. Кестеде экспериментке дейінгі және кейінгі шамалардың пайыздық жиынтығы 22 - кестеде беріледі.


Кесте 22 - Э. Шостромның «өзін-өзі өзектендіру» тестінің шкалалары бойынша көрсеткіштерінің эксперименттен кейінгі сипаттамасы

<i>Шкалалар атауы</i>	<i>Экспериментке дейін</i>		<i>Эксперименттен кейін</i>	
	<i>бақылау тобы</i>	<i>тәжірибелік топ</i>	<i>бақылау тобы</i>	<i>тәжірибелік топ</i>
Бағалық бағдар шкаласы	4 (8 %)	5(10%)	3(6%)	4(8%)
Мінез-құлық икемділік шкаласы	5(10%)	5(10%)	4 (8 %)	4(8%)
Өзіндік сезімталдық шкаласы	5(10%)	5(10%)	5(10%)	5(10%)
Өзіндік шкаласы	3(6%)	5(10%)	5(10%)	4(8%)
Өзін сыйлау шкаласы	4(8%)	4(8%)	4(8%)	5(10%)
Өзін қабылдау шкаласы	5(10%)	5(10%)	5(10%)	3(10%)
Адам табиғаты туралы шкаласы	5(10%)	4(8%)	3(6%)	5(10%)
Синергия шкаласы	4(8%)	3(6%))	4(8%)	3(6%)
Қабылдау шкаласы	5(10%)	4(8%)	5(10%)	5(10%)
Байланыс шкаласы	4(8%)	3(6%))	4(8%)	4(8%)

22 – кестенің жалғасы

Когнитивті шкаласы	3(6%)	3(6%))	3(6%)	3(6%)
Креативтілік шкаласы	3(6%)	4(8%)	5(10%)	5(6%)

Біз берілген кестеден эксперименттен кейінгі нәтиже бойынша бақылау тобында айтарлықтай өзгешеліктер болмағанын байқаймыз. Тәжірибелік топта креативтілік шкаласынан өсу динамикасын көреміз, ол дегеніміз өзіндік белсенділік деңгейінің артуы, ол өз кезегінде таным қажеттілігін тудырады, бұл шкаланың жоғары көрсеткіші адам болмысын тануды көрсетеді, ол дегеніміз жаңаны іздеу, түрлі объектілерге қызығушылық таныту. Сондай өсу динамикасы креативтілік, өзін қабылдау шкаласынан көрінеді, бұл өзін-өзі өзектендірудің міндетті белгісі. Мұнда тұлғаның өзін-өзі қажетті деңгейге сәйкес көрсете алу қабілетінің жоғары дәрежесі. Бұл адамдар тұлғалық қарым-қатынасқа бағытталған, өтірік пен манипуляцияға жол бермейтін, мен-мендік қасиеті жоқ болуымен ерекшеленеді. Өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде рефлексиялық мәдениетті сезінеді. Осы сипатталған шкалалар бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштерді диаграмма арқылы көрсететін болсақ, шкалалар бойынша өзгеріс деңгейлері анық байқалар еді (Сурет 23).




Сурет 23 – Тәжірибелік топ шкалалары бойынша көрсеткіштерінің экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі жағдайы

Эксперименттен кейінгі жүргізілген тестілеуге сай білім алушылардың жалпы өзін-өзі белсендіруінің орташа шамасы – 69 тең болды. Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей орташа бал негізінде өзіндік белсенділік деңгейі үш факторға негізделіп көрсетіледі: А факторы (жоғары) – 70-81 балды құрайды, В факторы (орташа) – 60-70 балды құрады, С факторы (төмен) – 48-59 балды құрайды. Біз осы аталған факторлардың көрсеткіштерін кесте негізінде сипаттамасын 23 – кестеде берейік.

Кесте 23 – Э. Шостромның «өзін-өзі өзектендіру» тестінің факторлары бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіші

<i>Деңгейлері</i>	<i>Экспериментке дейін</i>		<i>Эксперименттен кейін</i>	
	бақылау тобы	тәжірибелік топ	бақылау тобы	тәжірибелік топ
А (Жоғары)	10 (17 %)	8 (13 %)	10 (18 %)	8 (19 %)
В (Орташа)	15 (26 %)	14 (30 %)	15 (30 %)	14 (63 %)
С (Төмен)	25 (57 %)	26 (57 %)	25 (52 %)	26 (18 %)

Кестеден берілген экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі екі топ білім алушыларының өзін-өзі өзектендіру деңгейлерін үш факторға бөліп көрсетілген, А жоғары факторы экспериментке дейін – бақылау тобында 17 % пайызды құраса, эксперименттен кейін бір пайызға өсіп 18 % құрайды. А факторы бойынша бақылау тобында өзгеріс жоқ. Тәжірибелік топта А жоғары факторы бойынша экспериментке дейін 13 % пайыз, ал эксперименттен кейін 19 % көрсеткен, экспериментті топта 6 % жоғарылау байқалған. В орташа факторы экспериментке дейін – бақылау тобында – 26 %, ал эксперименттен кейін 30 % құрайды, аталған шамадан 4 % өзгеріс байқалған, бұл фактор бойынша экспериментке дейін эксперименттік топта 30 %, эксперименттен кейін 63 % құраған, өсу динамикасы байқалады шамамен 33 % өскен. Бұл дегеніміз айтарлықтай өзгеріс болып табылады. С төмен факторы экспериментке дейін – бақылау тобында 57 %, эксперименттен кейін 52 % құрайды, 5 % төмендеу байқалады. С төмен фактор бойынша экспериментке дейін, тәжірибелік топта 57 % құраған, ал эксперименттен кейін 18 % төмендеген. Тестті өткізудің нәтижесінде жоғары факторлы өзін – өзі белсендіру деңгейге ие тұлғалар белсенді, өз мамандығын саналы түрде таңдаған, шығармашыл негізде ойлай алатын, білім, білік, дағды игеруге бейім, дарындылық қабілеті бар, өз ішкі потенциалын ашуға бейім, дамуға даяр. Тәжірибелік топ көрсеткіштеріне анық өзгеріс байқалады, біз оны төменде берілген суреттен айқын сипаттамасын көре аламыз (сурет 24).



Сурет 24 - Э. Шостромның «өзін-өзі өзектендіру» тестінің тәжірибелік топ бойынша факторларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Диаграмма сипаттамасынан қалыптастыру экспериментінің нәтижесін көреміз, өзін-өзі өзектендіру неден бастау алады, әрине бірінші кезекте өзіндік таным, өз мүмкіндітерін, қабілеттерін және қажеттіліктерін айқындау, келесі кезекте өзін-өзі өзектендіру әдістерін табу, олардың саны әлдеқайда көп, мысалы: сүйікті іс, отбасындағы қарым-қатынас, саяхат; Ең бастысы бұл әрекет өзіндік екенін түсіну. Өзін-өзі өзектендіру кезінде ең басты кезекте таңдау орны алады, адамның басты таңдауы – өзін-өзі белсендіруге ұмтылыс пен одан саналы түрде қашу. Өзін-өзі жетілдіру кезінде шығармашылық іс-әрекет адамды жағымды ортадан шығарады, ол кезе сыртқы қатаң ұстанымдарды бұзу, қиындықтарды жеңу, өзіндік пікірді өзгерту сынды әрекеттер жүреді. Дегенмен егер тұлға өзін-өзі белсендіру жолына енген болса, тұлғада өз-өзіне деген сенімділік, өзіндік жеңіс сезімі, стресске төзімділік деңгейінің артуы, жаңа қабілеттер мен біліктіліктердің қалыптасуы орын алады.

Ең басты ескерілетін жайт білім алушылардың барлық іс-әрекетті өз еркімен жасауы, яғни ол бала кезден ата-анамен берілетін басты қасиет. Таңдау жасай алу өзіне сенімділікпен және өзіндік жауапкершілік алумен, өз іс-әрекеттерінің нәтижесіне жауап берумен тығыз байланысты. Жауапкершілік ересек өмірдің басты көрсеткіші. Біздің жағдайымызда осы мамандықты саналы негізде таңдау жасауы, оған деген сүйіспеншілігі және болашақ маман ретінде өзін-өзі өзектендіру және жетілдіру деңгейі әлеуметтік дамуындағы өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға бере алуынан, өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде

рефлексиялық мәдениеттінің жоғарылауынан, оқу қызметіндегі алынған нәтижеде түзілген қарама-қайшылықтардың шешімін табуда өзін-өзі қайта құрып, әлеуметтік зияттылығына өзгеріс енгізіп, жаңа идея құра алуынан айқын көрінеді.

Әдістемелердің нәтижесіне сай коммуникативтік креативтілікті қалыптастырудың орташа деңгейінің басым болуы, білім алушылар бойынан төмендегідей белгілерді көруге мүмкіндік берді: кәсіби мінез-құлықтың, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың әлеуметтік маңыздылығы бар екендігі, жалпы курс барысындағы теориялық білімдердің толық деңгейдегі меңгерілуі, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас жақсаруынан көрінді, рефлексиялық мәдениеттің болуы өз кезегінде аса құнды деп есептейміз.

Жүргізілген әдістемелер негізінде қысқаша қорытынды жасайтын болсақ зерттеу барысында эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында орташадан жоғары деңгейді көрсеткен қатысушылар саны артты, ол дегеніміз болашақ педагогтар өзін қоршаған адамдардың әрекеттерін болжай алу қабілеті бар, өз бетімен алдын ала мүмкін болатын қарым-қатынас нәтижесін көре алады. Болашақ мамандардың өзіндік бағасы жоғары, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас көріністерін дұрыс негізде қабылдап және түсіне алады.

Жүргізілген эксперименттің нәтижелерін бағалау барысы зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде анықталғандығындай, коммуникативтік креативтілікті меңгерудің үш деңгейі бойынша іске асырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың барысында алынған нәтижелердің келесідей тұжырымдарын шығаруға мүмкіндік берді:

- жоғарыдағы ұсынылған жүйелі жұмыстар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптасу деңгейлерін арнайы ұсынылған әдістемені қолдана отырып, кәсіби дайындық үдерісінде жетілдіруге болады;


- болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ұсынылған әдістемені іс-тәжірибеге енгізу, зерттеліп отырған коммуникативтік креативтілікті қалыптастырумен бірге, коммуникативтік креативті мұғалім тұлғасын дамытуға ықпал етеді.

Бақылау эксперименті бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру үшін сауалнама мен тест алу арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын. Сол зерттеу жұмыстарынан шыққан қорытындыларды талдап, сонымен қатар бірінші кездегі анықтау эксперименті бойынша және бақылау тобындағы көрсеткіштермен салыстыра отырып, эксперименттік зерттеу жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға оң әсері болғанын келесі кестеден көре аламыз (24 – кесте).

Кесте 24 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деңгейлерінің көрсеткіштері

Тәжірибелік — эксперимент- тік зерттеу жұмыстары- на қатысқан топтар	Креативтік		Эврикалық		Пассивтік	
	экспери- менттің басы	экспери- менттің соңы	экспери- менттің басы	экспери- менттің соңы	экспери- менттің басы	экспери- менттің соңы
бақылау тобы	19,4 %	22,5 %	44,6 %	50,2 %	36 %	27,3 %
тәжірибелік топ	35,6 %	41,7 %	52 %	48,3 %	12,4 %	10 %

Кестеде берілген мәліметтер арқылы зерттеу жұмысымыз барысында ұсынылған модельдің негізінде дайындалған білім алушылардың жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге жеткендігін көруге болады. Эксперименттің бастапқы кезіндегі тәжірибелік тобынан жоғары деңгейді көрсеткен білім алушылар 35,6 %, бақылау тобынан жоғары деңгейді көрсеткен білім алушылар 19,4 % болса, тәжірибенің аяғында жоғары деңгейді тәжірибелік тобынан білім алушылардың 41,7 %-ы, бақылау тобынан білім алушылардың 22,5 %-ы; эксперимент басында тәжірибелік тобынан орта деңгей көрсеткен білім алушылар 52 %, бақылау тобынан орта деңгей көрсеткен білім алушылар 44,6 % болса, эксперимент соңында орта деңгейді эксперимент тобынан студенттердің 48,3 %-ы, эксперимент басында тәжірибелік тобынан төмен деңгей көрсеткен студенттер 12,4%, бақылау тобынан төмен деңгей көрсеткен студенттер 19,4% болса, эксперимент соңында төмен деңгейді тәжірибелік тобынан білім алушылардың 10%-ы, бақылау тобынан 27,3%-ы көрсеткен. Экспериментке дейін және эксперименттен кейін білім алушылардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру диаграммалары 25-шы суретте беріледі.



Сурет 25 - Экспериментке дейін және эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру деңгейлерінің көрсеткіштері

Қорытындылай келе біз жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдау арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру моделінің жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде пайдаланудың тиімділігін көре алдық және біздің зерттеу жұмысымыздың ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдей білдік деп есептейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Зерттеу проблемасына қатысты шетелдік және отандық психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау нәтижесі тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың шетелдік ғылыми еңбектерде психология саласынан зерттелгенін, қазақстандық зерттеулерде білім алушының қарым-қатынас жасау мәдениетін, коммуникативтік құзыреттілігін, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің жан-жақты қарастырылғанымен *коммуникативтік креативтілік ұғымдарының бірлікте зерттеу нысанына алынбағандығын* көрсетті. Сондай-ақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы мәселесінің жан-жақты қырларының теориялық-әдістемелік негізделгенімен, олардың коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттелмегендігі себепті өзектілігінің басымдығы анықталды, «қарым-қатынас», «коммуникация», «креативтілік» және «коммуникативтік креативтілік» ұғымдарының мәніне жасаған талдау бізге зерттеу пәнімізге сәйкес *коммуникация* – «субъектілердің тілдесуі арқылы жүзеге асатын қарым-қатынас, өзара субъектілік түсінушілік» деп, ал *креативтілік* – «жаңа проблемаларды анық қоюда, айрықша жылдам шешуде маңызды, ерекше стандартты емес ойлаудың жасампаздықпен жарқ етуі» деп тұжырымдауымызға мүмкіндік берді.

2. Ғылыми әдебиеттердегі ғалымдардың коммуникативтік креативтілік феноменінің құраушыларына берген теориялық тұжырымдары мен жіктемесін талдау негізінде зерттеу жұмысымызда коммуникативтік креативтіліктің құраушыларын анықтадық: *коммуникативтік қарым-қатынас, тілдік мазмұн, креативті ойлау, мініз-құлықтық сапа, зияткерлік іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті* және *шығармашылық дарындылық*. Сондай-ақ, диссертацияла олардың мазмұны жан-жақты сипатталды. Коммуникативтік креативтілік ұғымының мәні мен құраушыларын айқындау нәтижесінде зерттеу проблемасының негізгі ұғымына анықтама беруге талпындық: «*болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі* оның өзара субъектілік қарым-қатынасындағы жаңа маңызды проблемаларды қоюды және оларды айрықша, жылдам, тиімді шешуді қамтамасыздандыратын кәсіби-тұлғалық сапасы».

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігі қалыптасқандығын айқындау мақсатында *мотивациялық, когнитивтік, функционалдық* компоненттері анықталды. Осы компоненттерге сәйкес олардың өлшемдері болып коммуникативтік креативтілікке қажеттілік түрткісінің болуы, креативтіліктің феномен және кәсіби тұлғалық сапа саласынан білімдерінің кеңеюі; оны іс-әрекетте көрсете алуы (іскерлік, дағдылары); коммуникативтік креативтілігін өзін-өзі бағалауы, өзіндік дамуын қамтамасыздандыруы табылады. Осы өлшемдерге сәйкес көрсеткіштер *пассивтік* (төмен), *эвристикалық* (орта), *креативтілік* (жоғары) деңгейлерді белгілейді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Ол өзара байланыстағы *мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік* бөліктерден құралды. Мақсаттық бөлім аталған қалыптастырудың басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырларын, ұстанатын қағидаларын дұрыс таңдауға мүмкіндік берсе, мазмұндық – қалыптастыруды қамтамасыздандыратын оқу-әдістемелік кешенді, дәстүрлі және инновациялық технологияларды (формалар, құралдар, әдістер) қарастырды. Іс-әрекеттік бөлім осы қалыптастырудың мазмұнын жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын, қалыптастыру кезеңдерін, бағалау компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерні қамтиды. Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексерілді. Осы әдістеменің *диагностикалық, технологиялық, процессуалдық* кезеңдерінің мазмұны қалыптастыру экспериментінде біз айқындаған педагогикалық шарттар (тұлғалық-дамытушылық, дидактикалық, ұйымдастырушылық) негізінде жүзеге асырылды.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік кешеннің (*«Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру»* *элективті курс бағдарламасы*; *«Креативті педагогика»*, *«Қарым-қатынас мәдениеті» оқу және электронды оқу құралдары*; *«Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы»*; Педагогика, *«Педагогикалық технология және инновация» оқу модулі бойынша жеке сабақтар*) жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне ендірілуі олардың коммуникативтік, тілдік, креативтік тұлғасы дамуының тиімді жүзеге асуын қамтамасыздандырды. Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждерде, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

Зерттеудің нәтижесі бойынша мынадай *ұсыныстар* жасауға болады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері, студенттерге осы саладан теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге ықпал етеді. Коммуникативтік креативтілік ұғымының мәнін ашуда, құрылымын жасауда және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудың моделін жасауда алынған теориялық тұжырымды ойларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың әдістемелік бағдарламаларына енгізу керек.

2. Педагогикалық жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру әдістемесін жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде әдістемелік жұмыстарды атқаруда негізге алу қажет.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыруда ұсынып отырған оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды («Тұлғаның коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру» *элективті курс бағдарламасы*; «Креативті педагогика», «Қарым-қатынас мәдениеті» *оқу және электронды оқу құралдары*; «Коммуникативтік креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар жинағы»; Педагогика, «Педагогикалық технология және инновация», *оқу модулі бойынша жеке сабақтар*) бірізділікпен, жүйелі жүзеге асырған дұрыс.

5. Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінде, мұғалімдер мен оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында, педагогикалық колледждерде, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында пайдалануға болады.

Зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан және алғаш рет зерттеліп отырғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта оқушылардың коммуникативтік креативтілік әлеуетін дамыту, оқушылардың креативті ойлауын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлау, студенттердің коммуникативтік креативтілігін дамытудың интербелсенді әдістерін жобалау және т.б. проблемалар арнайы зерттеу проблемасы болу керектігін қажет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. <http://www.akor1da.kz> 2018 жылғы 5 қазан.
- 2 Педагогтің кәсіби стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, басқарма төрағасының бұйрығына қосымша. - Алматы, 2017. - № 133.
- 3 Баймуханов Б. Формирование функциональной грамотности подрастающего поколения - путь кардинальной модернизации всех уровней образования / Вопросы педагогики. – Алматы, 2013. - № 1. - С. 109-110.
- 4 Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В., Шишов С.Е. Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования. - Алматы: Атамура, 2016. - 271с.
- 5 Хан Н.Н., Жампеисова К.К., Колумбаева Ш.Ж. Профессиональный стандарт как условие эффективной деятельности современного учителя // Педагогический диалог. - Алматы, 2012. - № 1. - С.176-181.
- 6 Краевский В. В. Методология педагогики: Пособие для педагогов - исследователей. - Чебоксары: Изд-во Чуваш, 2001. - 244 с.
- 7 Сластенин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н.: Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Издательский центр "Академия", 2013. - 576 с.
- 8 Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся // Вопросы психологии. – Москва, 1984. - №1. - С. 20-27.
- 9 Хмель Н. Д. , Хайруллина Б. И. Педагогика: учебник / сост.: - Алматы, 2005. - 364 с.
- 10 Таубаева Ш.Т. Критериальный аппарат педагогического исследования // В мире образования. – Алматы, 2012. - №6.- С. 3-12.
- 11 Сейтешев А.П. Избранные педагогические произведения: в 30-ти т. – Алматы: Ғылым, 2008. - 459 с.
- 12 Менлибекова Г. Ж. Внедрение новых технологий в преподавание иностранного языка в вузе // Вестн. АПН РК. - 2008. - №2. - С. 44-48
- 13 Молдабекова М.С. Experimental Study of Diffusion Instability in Three Component Gas Mixture without Density Gradient. Technical Physics Letters. -2011, Vol.37, № 8, P. 721-723
- 14 Беркимбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі. пед.ғылым.докт. дисс. 13.00.08. - Түркістан, 2006. - 280 б.
- 15 Guilford J.P. Intelligence, creativity and their educational implications. - San Diego, Calif., Knapp., 1968. P. – 15
- 16 Torrance E.P. Growing up creativity gifted: a 22-years longitudinal study // Creative child and adult quarterly. - San Diego, 1980. - P. 22-29
- 17 Туник Е. Е. Диагностика креативности. СПб.: Иматон, 1998. - 171 с.

- 18 Холодная М.А. Психология понятийного мышления: От концептуальных структур к понятийным способностям. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2012. - 288 с.
- 19 Маневич Н. А. Развитие социальной креативности у интеллектуально одаренных детей младшего школьного возраста: дис. ... канд. псих. наук: 19.00.07. - Нижний Новгород, 2006. - 171 с.
- 20 Чичук. Е. Ю. Побудительные основания социальной креативности личности: на материале социномических профессий тема диссертации и автореферата по ВАК: 19.00.01. - Краснодар, 2006. - 235 с.
- 21 Андреева И. Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии, - Новополюк: ПГУ, 2011. - 388 с.
- 22 Березина Т.Н. Резервные способности человека на древе эволюции. // NB: Психология и психотехника. – Москва, 2013. - 2. - С. 229 - 257.
- 23 Терещенко Р.Н. Эмоциональная креативность как личностная способность. - Россия, 2012. - С.43 - 50
- 24 Averill, J. R. Emotions as mediators and as products of creative activity. Face of muse. - Mahwah, N.Y.: - Erlbaum, 2005. - P. 225-243.
- 25 Халюшова Г.А. Развитие лингвистической креативности студента университета: дисс. ...канд.пед.наук: 13.00.08,. - Оренбург, 2005. - 198с.
- 26 Гридиной Т.А. Лингвистика креатива - 1: Коллективная моногр. - Екатеринбург: ФГБОУ ВПО «Урал. гос. пед. ун-т», 2013. – 369 с.
- 27 Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. – Москва, 2004. - 560 с.
- 28 Щербакова Е.Е. Педагогическая креативность как фактор профессионального развития студентов: дисс.... док. пед. наук: 13.00.08. - Чебоксары, 2006. – 548 с.
- 29 Рябова Е.В. Познавательная активность как условие развития профессиональной креативности в подготовке будущих педагогов: дис.... канд. псих. наук: 19.00.07. - Нижний Новгород, 2006. - 229 с.
- 30 Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования: автореф... док. пед. наук: 13.00.08. - Туркестан, 2006. - 43 с.
- 31 Швайковский А.С. Педагогические условия развития креативного потенциала студентов на основе инновационных образовательных технологий: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Шымкент, 2009. - 25 с.
- 32 Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. : 13.00.01. - Алматы, 2010. - 345 б.
- 33 Нұрғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностно - ориентированной личности: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. Алматы, 1994. - 379 с.
- 34 Сагадуллаев И.И. Формирование акме-креативных качеств у будущих учителей английского языка. – Алматы, 2015 ж. – 206 б.

- 35 Галиев Г.Т. Проблемы социальной технологии преодоления межнациональных конфликтов и гармонизации межнациональных отношений: автореф. дисс. на соискание ученой степени д. социол. наук. - Уфа: БГУ, 1997. - 44 с.
- 36 Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис: 13.00.01. - Алматы, 1996. - 278 б.
- 37 Жакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 308с.
- 38 Жетписбаева Б.А., Жилбаев Ж.О., Байдельдинова Г.М. Студенттердің жеке дағдыларының қалыптасуы // Қарағанды университеті. Хабаршы «Педагогика» сериясы. - Қарағанды, 2017. № 2 (86). 11 - 15 б.
- 39 Шеръязданова Х.Т. Суркова Т.И. Педагогу о стиле общения с детьми. – Алматы: Рауан, 1996. - 145 с.
- 40 Жиенбаева Н.Б. Коммуникативный субъект в структуре образовательного процесса. – Алматы, 2006. - 176 с.
- 41 Исаева Ж.К. Общая теория диалога. - Павлодар, 2012. – 155 с.
- 42 Шалабаева Л. И. Психолого - педагогические условия развития диалогической формы общения подростков. - Алматы, 2017 ж. - 185 б.
- 43 Подобед Н.Н. Педагогические условия формирования толерантности общения старшеклассников: автореф. ... канд. пед. наук.: – Алматы, 2007. - 25 с.
- 44 Абдреимова К. А. Оқыту процесінде диалог арқылы жоғары сынып оқушыларының ізгілік қасиеттерін қалыптастыру: автореф. ... канд. пед. наук.: - Алматы, 2006. – Б. 24
- 45 Чакликова А.Т. Научно - теоретические основы формирования межкультурно - коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: автореф. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. - Алматы, 2009. - 46 с.
- 46 Рахимбекова Г.О. Контроль сформированности коммуникативной компетенции студентов неязыкового вуза: автореф. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. – Алматы, 2005. - 28 с.
- 47 Кулжанбекова, Г.К. Коммуникативные игры как средство формирования компетентности будущих учителей: автореф. ... канд. пед. наук.: - Алматы, 2006. - 26 с.
- 48 Биназарова М.М. Формирование коммуникативной компетенции студентов - оралманов на практических занятиях по русскому языку: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.02. – Алматы, 2006. – 30 с.
- 49 Қарабаева Л.К. Педагогические условия формирования коммуникативной компетентности преподавателей иностранного языка в вузе: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.01. - Түркістан, 2007. – 28 с.

- 50 Касымова Г.М. Формирование коммуникативной компетентности будущих переводчиков в условиях многоаспектной деятельности: дисс. ... док. пед. наук.: 13.00.01. – Алматы, 2009. – 293 с.
- 51 Құдабаева П.А. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. - Алматы, 2017. - 147 б.
- 52 Бурдина Е.И. Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования: дисс. ... докт. пед. наук. 13.00.08. - Караганда. 2007. - 151 с.
- 53 Шахгулари В.В. Караев Ж.А., Иманбаева С.Т., Кобдикова Ж.У. Педагогика межличностных отношений. Учебное пособие. – Алматы: Изд-во КазГосЖенПУ, 2011. – 188 с.
- 54 Гончарова Н. А. Формирование творческой активности будущих учителей во внеаудиторной деятельности через использование проблемно-творческих задач // Менеджмент в образовании. - М., 2004. - № 4. - С. 219-222.
- 55 Сыздыкова Р. Абайдың шығармаларының тілі. - Алматы, 1998. - 207 б.
- 56 Лешер О.В., Казикин А.В. Партисипативный подход как теоретико - методологическая основа воспитания коммуникативной креативности магистрантов вуза. Современные проблемы науки и образования. - М.: 2017. № 2. С. 175.
- 57 Богоявленская Д.Б. Субъект деятельности в проблематике творчества // Вопросы психологии. - Краснодар, 1999. - № 2. - С. 35 – 41
- 58 Брушлинский А.В. Проблемы психологии субъекта. - М.: Институт психологии РАН, 1994. - С. 55-63
- 59 Матюшкин А.М., Сиск Д.А. Одаренные дети // Вопросы психологии. – Москва, 1988. - № 4. - С. 88 - 97
- 60 Mednich S. A. The associative basis of the creative process // Psychol. – Review, 1969. - № 2. - P. 220-232
- 61 Блюменау Д.И. Информация - Интуиция - Творчество. Система работы с источниками: Алетейя, – 2010. – 262 с.
- 62 Грановская Р. М. Творчество и конфликт в зеркале психологии. – Москва, 2006. – С. 249.
- 63 Пономарев Я.А. Психология творения. М.: МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1999. - 480 с.
- 64 Симонов П.В. Эмоциональный мозг. - Москва, 1981. - 215с.
- 65 Степаносова О.В. Мотивация и интуиция в регуляции вербальных прогнозов при принятии решений // Психологический журнал. - Москва, 2006. - №2 – с.60-69.
- 66 Маслоу А. Теория человеческой мотивации // Мотивация и личность. - СПб.: Евразия, 1999. - С. 77-105
- 67 Роджерс К. Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: 1994. -115 с
- 68 Шостром Э. Человек-манипулятор. Внутреннее путешествие от манипуляции к актуализации. - М.: Апрель-Пресс, Психотерапия, 2008. - 192 с.

- 69 Макшанов С.И., Хрящева Н.Ю., Сидоренко Е.В. Психогимнастика в тренинге. – Москва, - 2000. - 99 с.
- 70 Хрящев Н.Ю. Психогимнастика в тренинге: каталог. - Москва, 2000. – 256 с.
- 71 Грецов А. Г. Тренинг креативности для старшеклассников и студентов. - СПб.: Питер, 2008. - 208 с.
- 72 Дружинин, В.Н. Психология общих способностей: учебник. - М.: Институт психологии РАН, 2007. – 544 с.
- 73 Цуканова Е.В. Психологические трудности межличностного общения. - М., 1987. - 257с.
- 74 Куницына В.Н. Трудности межличностного общения: автореф... канд. псих. наук: 19.00.05. - Санкт-Петербург, 1991. - 358 с.
- 75 Ландау Э. Введение в дифференциальное и интегральное исчисление. - М.: КомКнига, 2005. - 55 с.
- 76 Мартышкина Л.В., Гора Г.А. Войди в мир игры: формирование у детей дошкольного возраста социальных навыков: учебно-методическое пособие. - Ульяновск: УИПКПРО, 2013. - 142с.
- 77 Осипова Т.Ю. Психологические условия развития коммуникативной креативности у студентов технического вуза: дисс... канд. псих. наук.: 19.00.07. - Томск, 2000. - 187с.
- 78 Голованова А.А. Коммуникативная креативность субъекта как фактор эффективности группового решения задач: дисс... канд. псих. наук.: 19.00.01. – Казань, 2003. – 147 с.
- 79 Алексеев А. Н. Опыт построения социологической модели массовой коммуникации // Семиотика средств массовой коммуникации. - М., 1973. С. 58-71.
- 80 Сарапулова А.В. Развитие коммуникативной креативности студентов технического вуза в процессе межкультурной коммуникации: дис... канд. пед. наук: 13.00.08. - Магнитогорск, 2014. - 230 с.
- 81 Вишневская О. Н. Коммуникативные трудности субъекта общения: возрастная динамика и закономерности // Приоритетные научные направления: от теории к практике: сборник материалов VI Междунар. науч.-практ. конф. - Новосибирск: Изд-во ЦРНС, 2013. - С. 31-37.
- 82 Абдыгазиева Н.К. «Академия ГлавСпец», О Российской системе накопления квалификационных единиц. Формирование коммуникативного лидерства студентов. – Краснодар, 2011. -150-153 с.
- 83 Аймағамбетова Қ. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. – Алматы, 2003. – 33 б.
- 84 Тұрғынбаева Б. А. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын арттыру мәселелері. – Алматы, 2011. - № 3. - 41- 45.
- 85 Құрманалина Ш.Х. Электрондық әдістемелік жүйе қызметінің педагогикалық алғышарттары. Оқу құралы. – Алматы: Әлем, 2001. – 132 б.

86 Әмірова Ә.С. Тіл дамытуға: әдістемелік құрал- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін "Мектеп қарсаңында" оқу-әдістемелік кешені. - Астана : Арман-ПВ, 2013. - 168 б.

87 Жиенбаева С.Н. Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым этикалық мәдени мінез-құлқын қалыптастыру // Мектепке дейінгі білім. – Алматы, 2006. - №6 - С. 6.3-6.

88 Барсай Б.Т. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың теориясы мен технологиясы. - Оқу құралы. – Атырау, 2008. – 151 б.

89 Сарбасова Қ.А. Инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру. - Қарағанды, 2005. – 250 б.

90 Абильдина С. Қ. Қазақстанда этномәдени білім берудің даму кезеңі. - Алматы, 2016. - № 1. – 36 - 40 б.

91 Бекмағамбетова Р.К. Воспитание детей дошкольного возраста в условиях семьи. - Алматы, 2016. – 216 с.

92 Ыбыраимжанов Қ.Т. Ойын технологиясын бастауыш сыныптардың педагогикалық үдерісінде пайдалану: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2016. - 238 с.

93 Қосанов Б. М. Қазақстандағы әдістемелік - математикалық ой- пікірдің қалыптасу тарихы: оқу құралы. - Алматы, 1999. - 150 б.

94 Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі: оқулық. - Алматы: Дәуір, 2011. - 356 б.

95 Аренова А. Дербес оқу әрекетінің теориялық негіздері. – Алматы, 2001. - №4. - 22 б.

96 Әбдіғаппар С.Ж., Абдіғаппарова Ұ.М., Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану // Сборник материалов международной научно-практической конференции для студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых. - Астана, 2015. - С. 182-185.

97 Баймуханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация 6D010300. – Алматы, 2014. – 136 б.

